

Е.А. ЧАЩИНА

**ДЕРБЕС КОМПЬЮТЕРЛЕРДІҢ
АППАРАТТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ
ЕТУІНЕ, СЕРВЕРЛЕРГЕ, ШЕТКЕРІ
ҚОНДЫРЫЛЫМДАРҒА,
ҚОНДЫРҒЫЛАР МЕН
КОМПЬЮТЕРЛІК ҰЙЫМДАСТЫРУ
ТЕХНИКАСЫНА**

ОҚУЛЫҚ

*«Білім беруді дамытудың федералды институты» федералдық
мемлекеттік мекемесі «Аппараттық және бағдарламалық
қамтамасыз ету жөндеушісі» мамандығы бойынша
орта кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын
білім беру мекемелеріне оқу құралы
ретінде ұсынған*

*Пікірдің тіркеу нөмірі №460,
18 тамыз, 2015 жыл*



**Мәскеу
«Академия» Баспа орталығы
2016 жыл**

ӘОЖ 004.3(075.32)
КБЖ 32.973-04ші722
Ч-304

Бұл кітап Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі және «Кәсіпкор» холдингі» КЕАҚ арасында жасалған шартқа сәйкес ««ТЖКБ жүйесі үшін шетел әдебиетін сатып алуды және аударуды ұйымдастыру жөніндегі қызметтер» мемлекеттік тапсырмасын орындау аясында қазақ тіліне аударылды.

Аталған кітаптың орыс тіліндегі нұсқасы Ресей Федерациясының білім беру үдерісіне қойылатын талаптардың ескерілуімен жасалды.

Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі білім беру ұйымдарының осы жағдайды ескеруі және оқу үдерісінде мазмұнды бөлімді (технология, материалдар және қажетті ақпарат) қолдануы қажет.

Аударманы «Delta Consulting Group» ЖШС жүзеге асырды, заңды мекенжайы: Астана қ., Иманов көш., 19, «Алма-Ата» БО, 809С, телефоны: 8 (7172) 78 79 29, эл. поштасы: info@dgc.kz

Пікір беруші —

Инновациялық технологиялар бойынша бөлім бастығы М. С. Журкин

Чашина Е.А.

Ч-304 Дербес компьютерлерге, серверлерге, шеткері құрылымдарға, қондырғылар және компьютерлік ұйымдастыру техникасына қызмет көрсету: орта кәсіби білім беретін оқу орындарына арналған оқулық / Е.А.Чашина. — М.: «Академия» баспа орталығы, 2016. — 208 б.

ISBN 978-601-333-170-6 (каз.)

ISBN 978-5-4468-1477-0 (рус.)

Оқулық Федералдық мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес «Аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету», ПМ.01 «Дербес компьютерлерге, серверлерге, шалғай құрылымдарға, қондырғылар және компьютерлік ұйымдастыру техникасына қызмет көрсету» мамандықтары бойынша жасалған.

Дербес компьютерлер мен серверлердің, олардың негізгі блоктары, қызмет аясы мен техникалық сипаттамасы қаралған. Шалғай құрылымдардың түрі, құрылымы және қызмет принципі, дербес аппараттық қамтамасыз етудің ақауларын түзеу компоненттерін ауыстыру әдістері көрсетілген.

Орта кәсіби білім беретін оқу орындары студенттеріне біліктілік арттыруға, кәсіби қайта даярлықтан өтуде қолдануға болады.

ӘОЖ 004.3(075.32)
КБЖ 32.973-04ші722

ISBN 978-601-333-170-6 (каз.)

ISBN 978-5-4468-1477-0 (рус.)

© Чашина Е.А., 2016

© «Академия» білім беру – баспа орталығы, 2016

© Өңдеу. «Академия» баспа орталығы, 2016

Құрметті оқушы!

Осы оқулық «Аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету» кәсібі бойынша оқу-әдістеме жинағының бөлігі болып табылады.

Оқулық ПМ.01 «Дербес компьютерлерге, серверлерге, шалғай құрылымдарға, қондырғылар және компьютерлік ұйымдастыру техникасына қызмет көрсету» кәсіби модульді оқуға арналған.

Жаңа заманның оқу-әдістемелік жинақтары, жалпы білім беру және жалпы кәсіби білім беру пәні, және кәсіби модульдерді оқуды қамтамасыз ететін, дәстүрлі және инновациялық оқу материалдарынан тұрады. Әр жинақ, жұмыс берушілер талаптарын ескере отырып, жалпы және кәсіби құзіреттілікті игеруге қажетті оқулықтар мен оқу құралдарынан, оқыту, бақылау жабдықтарынан тұрады.

Басылған оқулықтар электронды білім беру ресурстарымен толықтырылған. Электрондық ресурстар интерактивті жаттығулар мен және тренажерлармен жабдықталған теориялық және тәжірибелік модульдардан, мультимедиялық объектілерден, интернеттегі сілтемелер мен қосымша материалдардан және ресурстардан тұрады. Бұларға терминологиялық сөздік және оқу процесінің барысы: жұмыс уақыты, бақылау және тәжірибелік жұмыстар қорытындысы, есепке алынатын электронды журнал енгізілген. Электрондық ресурстар оқу процесіне оңай қосылады және әртүрлі оқу бағдарламаларына бейімделеді.

Қазіргі кезеңде ақпараттық қоғамды дамытуды іске асыратын интернет ресурстарын пайдаланудың екпінді өсуі байқалады. Ғаламдық интернеттендіру адамзаттың өмір аясын да, кәсіби аясын да қамтыған: экономикада, ғылымда, білім беруде, мәдениетте, денсаулық сақтауда, тұрмыс аясында т.б. Әркім соңғы жаңалықтан хабардар болғысы келеді, әлеуметтік торда, ойын әлемінде қарым-қатынас жасағысы, ақпараттарды сақтағысы келеді. Компьютер — бұл тек қымбат ойыншық емес, бұл белгілі назар аударуды, қаражат жұмсауды талап ететін әрі дос, әрі көмекші.

Қазіргі кезде «Компьютер жүйесін реттеуші», «Сандық ақпаратты өңдеуші шебер» т.б. информатика мен санау техникасымен байланысты кәсіптер пайда болуда. Бүгінгі күнге мектеп бітірушілер арасында ең кең тараған мамандық 230103.04 «Аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету шебері» болып табылады.

Оқулықта кәсіби білім берудегі Федералдық мемлекеттік білім беру стандартында көрсетілген «Дербес компьютерлерге, серверлерге, шалғай құрылымдарға, қондырғылар және компьютерлік ұйымдастыру техникасына қызмет көрсету» негізгі кәсіби модульді оқу, білу ұсынылған. Ақпараттық технологияларға байланысты кәсіпті таңдау үнемі біліктілікті жетілдіріп отыруды талап етеді. Қазіргі заманның ақпараттық қоғамы оқу бітірушілерді дайындағанда:

- Ауыспалы өмір жағдайына икемді бейімделуді;
- Қажетті білімді өзіндіген ізденіп табуға;
- өзінің білімін әртүрлі пайда болатын проблемаларды тәжірибеде шешуге пайдалана алуға;
- өздігінен және сынақты ойлауға;
- ақиқат шындықта пайда болатын проблемаларды көріп және заманауи технологияларды пайдалана отырып тиімді шешу жолдарын іздеуге;
- өзін қоршаған ақиқатты ортада алған білімін қайда және қалай пайдаланылуы мүмкін екендігін айқын сезінуге;
- жаңа идеяларды түрлендіріп, өнерпаздықпен ойлануға;

- ақпаратпен білімді жұмыс істеуге: анықталған проблемаларды шешуге ақпарат жинау, оларды сараптау, проблеманы шешуге болжам айту, шешімнің ұқсас немесе балама нұсқаларымен салыстыру, қажетті қорытындылау, статистикалық заңдылықты қорытындылау, дәлелді қорытындылар жасауға, жаңа проблемаларды анықтау және шешу үшін алынған қорытындыларды пайдалана алуға қабілетті, алғыр мамандар дайындау мақсатын қояды.

Оқулықтан сіздер есептеуіш техника құралдарын пайдалану және техникалық қызмет көрсету бойынша негізгі сұрақтарға жауап табасыз, осы салада алда еңбек нарығында бәсекелесуге қабілетті, талап етілетін білікті маман болуға біліміңізді толықтырасыз.

«Аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету шебері» мамандығына кіріспе

Есептеу техникасымен байланысы жоқ кәсіп жоқтың қасы. Компьютер құжаттарды рәсімдеуге, схемалар салуға, ақпараттық дерекқор есептеуге және жасауға, ақпаратты қашықтыққа беруге т.б. қажет. Әрине, компьютер қарым-қатынас жасауға көмектеседі, көңіл көтеру құралы болады.

Пайдаланушының компьютері жұмыс істеуді тоқтатса, үлкен қасірет болғандай болады. Не істеу керек? Компьютер қондырғысы жұмысындағы ақаулықты екіншісі бірі түзете алмайды. Көмекке Аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету шеберін шақырамыз. Оларды көбінесе бағдарламашы, компьютерші немесе компьютер бойынша маман деп атайды. Шебер компьютерлерге қызмет көрсетеді және ұжымдағы компьютерлік бағдарламалар мен ақпарат жүйелерінің, кеңселік техниканың іркіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Оның жұмысы компьютерлік жергілікті тораптың жұмыс істеп тұруын қолдау мақсатында бағдарламалық және аппараттық қамтамасыз етуді орнату, реттеу және пайдаланумен байланысты. Аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету шебері жүйелік қондырғыларды тексереді, қосады және оның жұмысын қолдайды: диагностика жүргізеді бір немесе бірнеше элементтерінің жұмысындағы ақаулықтарын жөндейді, алдын алу жұмыстарын жүргізеді, ғаламдық интернет жүйесінің сегменттерін қамтып, қондырғыларды пайдалану және үйлесімі бойынша жұмыстарды үйлестіреді.

Компьютерде бар кез келген ақпарат пайдаланушы үшін бағалы және өте қажетті. Бірақ Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексімен белгіленген жауапкершілікті ұмытпаған жөн, атап айтқанда РФ ҚК 28-тарауы «Компьютер ақпараты аясындағы қылмыс»; 272-бап. «Компьютер ақпаратына заңсыз қол жеткізу» (ақпаратты жою, шеттету, түрлендіру, көшірме жасау, жұмысты бұзу); 273-бап. «Зиянды компьютерлік бағдарламаларды шығару, пайдалану және тарату»; және 274-бап «Компьютерлік және ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелер ақпараттарын сақтау құралдарын пайдалану, өңдеу және ақпаратты тарату ере-

желерін бұзу».

Жазалау айыппұл түрінде, түзету жұмыстары түрінде немесе белгілі мерзімге бас бостандығынан айыру түрінде болуы мүмкін.

Компьютер техникасымен байланысты кәсіби қызмет адам денсаулығына үлкен із қалдырады. Компьютермен жұмыс істегенде негізгі ережелерді орындамауда көзге, қимыл – тірек аппаратына (аяқ-қолға), психика мен жүйке жүйесіне қауіп келеді. Үнемі мониторға қарап отыру «компьютерлік көру синдромын» дамытады (күрғау, көз үйренудің бүлінуі, ішкі тор қабығының күйіп кетуі). Компьютер пернетақтасында жұмыс істегенде, тінтуірмен (мышь) жұмыс істегенде қимыл – тірек аппаратына күш түседі, ол омыртқаның қисаюына, остеохондрозға, омыртқа аралық диск жарығына әкеліп соғуы мүмкін, сонымен қатар жүйке жүйесіне соққы болады; оның қорытындысы — «тізе бездерінің» (туннельдік, кәрі жілік – білек) синдромы және «созылмалы шаршау» синдромы. Компьютерді шектеусіз пайдалану адам организмін шаршатады, компьютерге тәуелділік дамытады. Иә, компьютер – денсаулыққа қауіп. Бұл жағдай еңбек сақтау ережелерін дұрыс пайланбағандықтан болады. Ең бастысы, компьютер әртүрлі сәулелер шашатын электрмен жұмыс істейтінін ұмытпау қажет. Компьютердің зиянды әсерін азайтуға алдын алу шаралары: эргономикалық, гигиеналық және дене шынықтыру – сауықтыру сипатында. Аталмыш кәсіп зейінді, жинақылықты, ынталылықты, дәлдікті, мұқияттықты, технологиялық процесстерді дұрыс орындауды есте сақтауды, саусақтардың қимылының дамуын, орындаған жұмысын жоспарлау және қорытындысын білуді талап етеді. Осындай сапалары жоқ адамдар «Аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету шебері» мамандығын игере алмайды, тек дара компьютер пайдаланушысы болып (ПК) қала береді.

Пайдаланушы (user) — бұл өз мақсатына жүйелерінде интернет-кеңістікті және аппараттық-бағдарламалық кешенді пайдаланатын ұжым немесе жеке адам.

Компьютерді оқып, пайдаланушы «бағдарлама», бағдарламалық қамтамасыз ету», компьютерді аппараттық қамтамасыз ету» түсініктері болатынын түсіне бастайды.

Бағдарлама — бағдарламалау тілінде жазылған, компьютер жұмысын басқаратын нұсқаулық.

Бағдарламалық қамтамасыз ету (software) — бұл компьютер техникасының жұмыс істеуіне және пайдаланушылық есептерді шығаруға арналған бағдарламалар жиынтығы.

Аппараттық та, бағдарламалық та қамтамасыз ету бір-біріңсіз жұмыс істей алмайды. Екеуін байланыстыратын – арнайы бағдарлама – драйвер деп аталады. Егер осылардың барлығы бірлесе қатесіз жұмыс істесе, пайдаланушы өз компьютерінің барлық мүмкіндіктерін іске асыра алады.

Аппараттық қамтамасыз ету (hardware) – бұған компьютерлік техника, логикалық және сыртқы қондырғылар, диагностикалық аппарат, энергетикалық қондырғылар, батареялар мен аккумуляторлар енеді, пайдаланушы бағдарламасы жоқ.

Аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету «интерфейс» деген түсінікті байластырады (өзара қарым-қатынас).

Бағдарламалық интерфейс — бұл пайдаланушымен диалог жүргізуге мүмкіндік беретін бағдарламаның сыртқы келбеті, ал аппараттық интерфейс қосылу түрі туралы, қосымша нұсқаулар және қондырғының форм-факторы туралы айтады.

Форм-фактор — қондырғының техникалық параметрлерін: мөлшерін, формасын, орнатылған элементтерін т.б. анықтаушы стандарт.

Бағдарламалық және аппараттық қамтамасыз ету арасындағы келісіміді операциялық жүйе орындайды (ОЖ).

ДЕРБЕС КОМПЬЮТЕРДІҢ НЕГІЗГІ СИПАТТАМАЛАРЫ

1.1. ЖАҢА КОМПЬЮТЕР ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ

Ұзақ жылдар бойы адамзат еңбекті жеңілдету үшін құралдарды шығарып, жетілдіріп келеді. Ойлап табылған құралдардың ең қызықтысы «есептегіш» болды, соңынан оны «компьютер» деп атады. Уақыт өтіп – қарапайым есептегіштен микропроцессорға дейін жетілді. Есептегіш электроника мен әртүрлі технологиялардың арқасында танылмастай болып өзгерді. Компьютердің әртүрлі топтары шықты: даму сатысы бойынша (ұрпақтан-ұрпаққа); сәулетіне (ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуіне); өндірімділігіне (жылдамдығына); пайдалану жағдайына; процессорлар санына; тұтыну қасиеттеріне т.б. Даму перспективасы — молекулярлық биокомпьютер (нейрокомпьютер), кванттық және оптикалық компьютерлер – компьютердің бесінші ұрпағы.

Дербес компьютер (personal computer — PC) — түсінетін, сақтайтын, жеткізетін, іздеу салатын, ақпаратты енгізіп шығара алатын әмбебап машина.

Компьютердің келесі түрлері болады: стационарлық (тұрақты), ұтқыр, серверлер.

Стационарлық компьютерлер жай ішінде және жабдықталған компьютер үстелдерінде жұмыс істеуге арналған. Оларға:

- *десктоптар* (қарапайым үстелге қойылатын ДК (ПК) — жүйелік блоктан, монитордан, пернетақтадан және тінтуірден тұрады;
- *неттоптар* — өндірімділігі төмендеу десктоптан әлдеқайда кішірек;
- *моноблоктар* — интеграциялық шешімдердің өкілі, монитор мен жүйелік блокты бір қондырғыға біріктірген. *Ұтқыр (шағын/портативті) компьютерлер* жабдықталмаған жұмыс орнындарына арналған. Олардың ішіне:
- *ноутбук* (лаптоп), оның түрлері — нетбук, смартбук, ультрабук;

- *планшетті компьютер*, сенсорлы экранды бір қондырғы (iPad, коммуникатор, смартфон, шағын ойын приставкасы, электронды кітап т.б.);
- будандастар/гибридтер және трансформерлер.

Сервер — бұл адамның қатысуынсыз қандай да бір жұмысты атқаруға арнайы арналған компьютер.

Аталған барлық компьютерлердің, процессордың, аналық тақтаның, жедел есте сақтау мөлшері, қатты диск көлемі, бейне-дыбыс карталарының параметрлері жұмысы туралы ақпаратқа жататын сипаттамалары бар. Компьютердің ақпараттық технологиясын, аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз етуін түсіне бастағандар:

- Негізгі жүйенің онлайн-тексеруін іске асыратын арнайы сайттармен, аналық тақтамен, чипсетпен, процессормен, қатты диск, плата (тақта) естелігімен т.б. (мысалы, <http://www.DriversQoud.com/ru>);

- Компьютерді қосқан кездегі монитор экранындағы BIOS (UEFI) ақпаратымен (монитор экранындағы мәліметтерді жазуға пернетақтадағы pause клавиші пайдаланылады);

- Негізгі жүйенің (ОС) құралдарымен, соның ішінде:

— НЖ Microsoft Windows: *Қосу/Бағдарламалар/Стандарт-ты/ Қызметтік/жүйе туралы мәлімет* немесе *Қосу/Орындау* (бағдарламалар мен файлдарды табу). Алаңға *msinfo32* — іздеу енгізіледі;

— НЖ Linux: утилита *lshw* — бұйрық компьютердің аппараттық қамтамасыз етуі туралы толық ақпаратты шығарады;

- Орнатуды талап ететін немесе шағын арнайы бағдарламаларды: Everest, ASTRA32, Winaudit, System Spec, CPU-Z, HWiNFO32 және т.б. пайдалана алады.

Алынған ақпаратты түсіну үшін компьютердің жүйелік бірлігін білу қажет. Ондық жүйе ғасырлап іс-әрекетте болса, екілік жүйе олай емес. НЖ сыртқы жинағышын қосқанда, ол өндіруші көрсеткеннен кем мөлшер көрсетеді. Көптеген мемлекеттерде қабылданған СИ метрлік жүйеде байттарға стандарттық қосымша қолданылады: 1 килобайт 1 000 байтты білдіреді, 1 мегабайт 1 млн байтқа тең т.с. 1999 ж. Халықаралық электротехникалық комиссия байтқа көбейтілген қосымшалар енгізді. «Кило» қосымшасының орнына «киби» пайдаланылуы керек — 1 кибибайт $2^{10} = 1\,024$ байтқа тең. Приставкалардың белгіленуі 1.1-кестеде келтірілген. Аталған жаңалықтарды НЖ Linux қолдайды.

1.1-кесте

Екілік жүйе			Ондық жүйе		
Сатысы	Оқылуы	Жазылуы	Сатысы	Оқылуы	Жазылуы
$(2^{10})^1$	kibi	Ki	$(10^3)^1$	kilo	K
$(2^{10})^2$	mebi	Mi	$(10^3)^2$	mega	M
$(2^{10})^3$	gibi	Gi	$(10^3)^3$	giga	G
$(2^{10})^4$	tebi	Ti	$(10^3)^4$	tera	T
$(2^{10})^5$	pebi	Pi	$(10^3)^5$	peta	P
$(2^{10})^6$	exbi	Ei	$(10^3)^6$	exa	E
$(2^{10})^7$	zebi	Zi	$(10^3)^7$	zetta	Z
$(2^{10})^8$	yobi	Yi	$(10^3)^8$	yotta	Y

Қатты дисктің жедел есте сақтау мөлшері *ақпаратты өлшеу бірлігі* болып табылады:

1 бит — ақпаратты өлшеудің ең аз бірлігі;

1 байт = 8 бит;

1 килобайт (1 Кбайт) = 1024 байт = 210 байт; 1 мегабайт (1 Мбайт) = 1 024 Кбайт;

1 гигабайт (1 Гбайт) = 1024 Мбайт; 1 терабайт (1 Тбайт) = 1 024 Гбайт.

Осы сияқты— петабайт, эксабайт, зеттабайт, йоттабайт.

Процессор жиілігін, жедел есте сақтауын, құрсымын (шин) герцпен есептейді (орысша белгіленуі — Гц, халықаралық — Hz):

1 килогерц (1 кГц, 1 kHz) = 1 000 Гц;

1 мегагерц (1 МГц, 1 MHz) = 1 000 кГц;

1 гигагерц (1 ГГц, 1 GHz) = 1 000 МГц.

Компьютерлік техниканың көлемі (экранның диагоналі, тақта кенуінің мөлшері) дюйммен өлшенеді (мысалы, планшет мөлшері — 13,3"):

1 дюйм = 2,54 см, 13,3" = 13,3 · 2,54 см = 33,782 см.

Өткізу қабілеттілігі — бұл уақыт бірлігінде қабылданған немесе берілген ақпараттардың ең жоғарғы саны. Құрсымға, жедел есте сақтауға, сымды және сымсыз жүйелерге т.б. арналып анықталады және төмендегідей өлшем бірлігімен есептеледі:

1 байт бір секундта (1 байт/с) = 8 бит бір секундта (бит/с);

1 килобайт 1 секундта (1 Кбайт/с, Kbps или Kb/s) = 8 килобит 1 секундта (Кбит/с, Kbit/s);

1 мегабайт 1 секундта (1 Мбайт/с, MB/s) = 8 мегабит 1 секундта (Мбит/с, Mbit/s).

1 секундтағы битті кейде бодпен шатастырады:

1 бод = 1 бит/с;

1 Кбод (1 Кбит/с айырмашылығы) әруақытта 1 000 бодқа тең.

Айналым жылдамдығы (ағылшынша белгіленуі — rpm — айналым жылдамдығын өлшеу бірлігі) — бұл берілген білік айналасында жасалған толық айналымдар саны.

Бұл көрсеткіш қатты дисктер үшін анықталады (5 400, 7 200 және 10000 об/мин және одан жоғары), сонымен қатар CD, DVD, HD және BD желі жетегі үшін. Өлшем бірлігі:

1 об/мин = 1/мин = 1/(60 с) = 1/60 об/с ~ 0,01667 об/с;

10 000 об/мин = 10000 rpm.

Ақпаратты жазу тығыздығы келесі бірліктермен өлшенеді: 1 бит/см², 1 бит/см³ т.б.

Рұқсат сканерлер, принтерлер, оптикалық тінтуірлер т.т. үшін анықталады.

dpi (дипиай деп айтылады) — ағылшын тілінен қысқартылған. *dots per inch* — дюймдегі нүктелер (1 200 x 2 400 dpi), *ppi* (пипиай деп айтылады) — ағылшын тілінен қысқартылған. *pixels per inch* — дюймде пиксел.

1.2. ЖҮЙЕЛІК БЛОК ЖӘНЕ АНАЛЫҚ ТАҚТА

1.2.1. Жүйелік блоктың қорабы


Ең алдымен қондырғының сыртқы пішіні бағаланады (1.1, 1.2, 1.3-суреттер). Жүйелік блок үшін ол оның қорабы (ағылшынның case — тыс сөзінен, кейде — chassis — шасси).

Жүйелік блоктың қорабы — барлық жиынтықтар орналасатын шасси.

Жүйелік блок қорабының бет тақтасының негізгі құрамы 1.1-суретте келтірілген. Жүйелік блок қорабының артқы тақтасының құрамы 1.2-суретте келтірілген. Сол сияқты жүйелік блок қабырғасының тақтасы 1.3-суретте.

Жүйелік блок орындайтын негізгі қызметтер:

- Қондырғыны сыртқы әсерден қорғайды;
- Пайдаланушыны сәуелерден қорғайды
- Температура режимін сақтайды;



1.1-сурет. Жүйелік блоктың бет тақтасы:


1 — блоктан ыстық ауаның табиғи түрде шығуына арналған саңылау; 2 — орталық процессордың қуларына түсетін қосымша ауа енетін саңылау; 3 — DVD, CD, BR іске қосатын 5,25” бөлік; 4 — USB жалғағыш; 5 — микрофон ұяшығы (кызылт түсті); 6 — заманауи цифрлық бейнекамера қосатын жалғағыш (IEE1394); 7 — құлаққап ұяшығы (жасыл түсті); 8 — дисплей; 9 — қосу/өшіру түймесі POWER (кызыл жарықты –қатты диск белсенділігі және жасыл жарық — көрекке қосылды); 10 — түсіру түймесі (қайта жүктеу RESET)

- Шу деңгейін азайту;
- Ішкі қондырғыларды белгіленген бөліктерге бекіту.
- Жүйелік блок қорабының негізгі сипаттамасы – оның үлгісі (1.2-кесте).

Қораптың бірінші үлгісі – жадағай (үстелге қойылатын) (desktop), соның ішінде кішірейтілген түрі (mini-footprint, slimline), сондай-ақ шағын түрі (ultra-slimline и baby-AT case).

Екіншісі — тік, мұнара тәріздес (tower), соның ішінде:

- Үлкен мұнара (big tower, full tower), оны жерге орнатуға болады;
- Орташа мұнара (miditower); кіші мұнара (minitower); микромұнара (microtower).




1.2-суре . Жүйелік блоктың артқы тақтасы:

1 — Қатты диск орнатылатын бөліктерге арналған қосымша кулер 3,5”;
 2 — қоректендіру блогының кулері; 3 — аналық тақта жалғауыштарына арналған санылау; 4 — жүйелік блокқа ауа енетін кулер; 5 — кеңейту тақталарын бекітетін бөлік (модем, бейнеокарта, дауыс картасы, жүйелік карта 5 — 7 дейін көлденең бөліктер)

Үшінші жағдайда барлығы бір жүйелік блоктың қорабы және мониторға (all-in-one) орнатылған, бұндай компьютердің мысалына моноблок жатады.

Қораптың төртінші түріне барлық ықшам компьютерлерді жатқызуға болады.

Қорап қоректендіру блогімен жинақталуы мүмкін (мысалы, 800, 1 400 Вт). Қапзіргі заман қораптарында қоректендіру блогінің дәстүрден тыс орнатылуы кездеседі – жоғары жағында емес (мұнара тәрізді қорапта) керісінше төменгі жағында. Оның артықшылығы қоректендіру блогінің өзін салқындатуын жақсарту. Қоректендіру блогі жоғары орналасқанда ыстық ауа қораптан сорылады. Ал қоректендіру блогін төмен жағына желдеткішін төмен қаратып орналастырса, ол салқын ауаны қорап түбінен сора алады. Қоректендіру қорабы сонымен қатар қораптан тыс орналасуы да мүмкін, онда қорап ішінде бос орын көбейеді, бірақ сырт орын бос болмайды. Ережеге сай сыртқы қоректендіру блогі қуаты аздау болады — тәртіппен 60-80 Вт.



1.3-сурет. Жүйелік блоктың қабырға бөлігі:

1, 5 — жүйелік блоктың қабырға қақпағын винттармен бекіту; 2 — ағындық кулер; 3 — қоректендіру блогі үшін бөлік; 4 — кеңейту слоты бөлігі (бейне карта орнату, жүйелік карта т.б.); 6 — кулерді қосымша салқындату орны; 7 — аналық тақта; 8 — аналық тақтаны винттармен бекіту; 9, 10 — жетектер бөлігі (DVD-ROM, CD-ROM, Blu-Ray); 11, 12 — қатты дисктер бөлігі

Әр фирмалардың шығарған қораптарының сырт пішіні, әрленімі, құрастырылымы мен опциялар мүмкіндіктері әртүрлі болуы мүмкін. Қорап әрленімі – қорап модасы – сыртқы пішіні арнайы салқындату жүйесімен, жарықтандырылған, шу естілмейтін (low-noise), бірге орнатылған тысқары қондырғылармен, мысалы стереосколонкалармен жабдықталуы мүмкін. Опцияның ішіне қасбет интерфейсі (қабырға, жоғарғы) тақтасы, сүзгіштер, басқару пульті, пернетақты шектеу үшін құлып (lock) және т. б. енеді. Жүйелік блок қондырғысы құрылымына: материал (болат, алюминий, пластик), қабырғаларының қалыңдығы, терезелер саны, ішкі және тысқы бөліктер, кеңейту слоты бөліктерінің саны, дисплей, док-станса, ашу және бекіту механизмдері кіреді. Компьютерді жаңғыртуда орнатылма орындар немесе бөліктер санына назар аудару керек. Олар CD, DVD, BR жетектер орнатуға қажет (әдетте қорап мұнарасының жоғары жағында) және 5,25" сыртқы бөлік деп сипатталады. Қатты дисктерге олар 2,5 және 3,5" ішкі бөлікке орналастырылады. Кулерді басқарушы станса сияқты қондырғылар, температура бақылаушы жүйелік монитор, флоппи-диск салғыштар да орнатылады.

1.2-кесте			
Қорап түрі	Мөлшерлі габариті, см	Жүйелік тақта орналасуы	Орнатыла- тын орын саны
Desktop	15,2 x 53,3 x 41,9	Көлденеңінен	5 — 6
Mini-footprint	15,2 x 40,6 x 40,6	Көлденеңінен	5
Slimline	10,1 x 40,6 x 40,6	Көлденеңінен	3 — 4
Ultra-slimline	7,5 x 38,1 x 35,2	Көлденеңінен	2 — 3
Slim-desktop	9,7 x 33,1 x 42,0	Көлденеңінен	3 — 4
Micro-tower	27,0 x 21,2 x 39,3	Тігінен	3 — 4
Mini-tower	43,2 x 15,2 x 43,2	Тігінен	4—5
Midi-tower	49,0 x 17,3 x 43,2	Тігінен	5 — 7
Middle-tower	50,2 x 22,6 x 53,4	Тігінен	5 — 7
Full (Big)-tower Ultra tower	82,0 x 19,0 x 48,2	Тігінен	8-ден аса
Lan Box	44,2 x 33,0 x 42,3	Көлденеңінен	2 — 6

1.3-кесте	
Көрсеткіш	Сипаттау
Өндіруші	Cooler Master
Қорап атауы	Cosmos II
Өндірушінің коды	RC-1200-KKN1
Типоразмер	Full-Tower
Аналық тақтаны қолдаушы форм-фактор	XL-ATX, E-ATX, ATX, mATX
Қоректендіру блогі	
Қасбет тақта интерфейсі	4 x USB 2.0, 2 x USB 3.0, eSATA, Audio

Картридерлер және басқа да көп функционалды тақталар 3,5" сыртқы бөлікке орналастырылады және қораптың алдыңғы жағына шығады.

Қораптар әртүрлі форм-фактордағы аналық тақта мөлшеріне сәйкестіріліп дайындалады. Осы жіктеу бойынша қораптар төрт түрлі болады: ескірген AT, Baby-AT, Mini-ATX, LPX; қазіргі заманғы ATX, XL-ATX, E-ATX, mATX, mBTX, Mini-ITX; енгізуге дайын Nano-ITX, Pico-ITX, BTX, MicroBTX и PicoBTX; стандартты емес.

Кең тарағаны ATX (Advanced Technology extended) және mATX (microATX) стандартты мөлшері 30,5 x 24,4 см және 24,4 x 24,4 см, сәйкес төрт және жеті кеңейту слотын қолдайды. Бұл қораптар үнемі жаңа элементтер тораптарымен жаңартылып, жабдықталып отырады.

Жүйелік блок қорабын өндірушінің егжей-тегжейін айқындай 1.3-кестеде келтірілген: қорап Cooler Master Cosmos II (RC-1200-KKN1) XL-ATX, E-ATX, ATX, mATX, Full-Tower, БП, 4xUSB 2.0, 2xUSB 3.0, eSATA, Audio жоқ.

1.2.2. Аналық (жүйелік) тақта құрылымы

Аналық тақта (ағылш. motherboard — MB, сонымен қатар mainboard — бас тақта атауы пайдаланылады) — бұл қондырғылар арасындағы электрондық және логикалық байланысқа мүмкіндік беретін орталық баспа тақта; көп қабатты тіктөртбұрышты текстолиттан жасалған (шамамен биіктігі 3 мм). Әдетте ол дабылды қабаттардан, жерге тұйықталатын және қоректендіру тілімдерден тұрады. Бірақ қоректендіру қабаты мен жерге тұйықтау қабаты аналық тақта ерекшеліктеріне байланысты өзгеріп отыруы мүмкін.

Жүйелік тақталар белгіленуі және сипаттамасы бойынша бөлінеді. Негізінен аналық тақта үстелге қоятын, ұтқыр компьютерлер мен серверлерге арналады. *Cunatmisim* процессордың және жедел есте сақтаудың қай түрін орнату онтайлы, жүйелік блокты жаңғырту мүмкіндігі және ол компьютердің өнімділігіне қандай әсер етуі мүмкін екендігін анықтайды. Аналық тақта сипатынан қондырғылар қосуға мүмкіндік беретін слоттар мен жалғағыштарды орналастырудың стандартын айыруға болады. Слоттар мен жалғағыштардың аналық тақтадағы өзара қарым-қатынасын чипсет қамтамасыз етеді.

Жалғағыш – электр өткізгіштерді жалғауға арналған электромеханилық қондырғы.

Кенейту слоты — баспа тақтасын орнатуға арналған арнайы жалғағыш.

Чипсет — өзара байланысты микрожүйелер жинағы (жүйелік логика). Бұл микросхемаларды *солтүстік* (northbridge) кейбір чипсеттерде *Intel* сондай-ақ Memory Controller Hub — есте сақтауды жинақтауыш - контроллер) және *оңтүстік* (southbridge — функционалды контроллер) көпірлер деп атау қабылданған;

Чипсеттердің негізгі өндірушілері — *Intel*, *AMD* и *NVIDIA* фирмалары, *VIA Technologies* және *SIS* фирмалары сирек өндіреді. Бұл атаулар чипсеттерде жазулы болады. Мысалы: *Intel X58*, *AMD 790GX* — біріктірілген графикалы *Radeon HD 3300*, *NVIDIA 750a SLI/750i SLI/730i SLI*, чипсет, *NVIDIA* чипсет таңбалануындағы «а» және «і» әртүрлі өндірушілер процессорларын қолдайтынын білдіреді: «а» — *AMD* процессорын қолдаса; «і» — *Intel* процессорын қолдайды

Солтүстік көпір орталық процессор мен (CPU) жедел есте сақтаудың өзара қарым-қатынасына жауап береді. Оңтүстік көпір орталық процессор мен *PCI*, *IDE*, *SATA*, *USB* және басқа да слоттар мен жалғауыштарға қосылған қондырғылардың бірлесіп жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Жүйелік тақтадағы осы барлық өзара қарым қатынас шина деп аталатын арнайы магистраль көмегімен іске асырылады.

Шиналар — аналық тақта компоненттері арасындағы байланыс үшін орнатылған арнайы қондырғы; онымен әртүрлі дабылдар мен бұйрықтар беріледі. Шиналар дабыл берудің әртүрлі жылдамдығына ие (өткізу қабілеті). Қазіргі уақытта процессордың солтүстік көпірмен келесі байланыс интерфейсі бар, яғни: *FSB*, *DMI*, *HyperTransport*, *QPI* шиналары. Солтүстік көпірді орталық процессормен байланыстырушы *FSB* (Front Side Bus) мандай алды шинасы өте жоғары жылдамдықпен жұмыс істейді. Немесе басқаша айтқанда *FSB* процессор мен чипсет аралығында бас арық сапасында жұмыс істейді.

Қазіргі кездегі *Intel LGA1156* платформалары жоғары интеграциялы есте сақтау контроллерлері мен шеткері шиналары процессорға қоса орнатылуы мүмкін және *FSB* өзі осындай процессорларда болмайды. Қазіргі кездегі компьютерлердегі шиналар *LPC* (Low Pin Count — байланысудың аз саны) көпір арқылы *PCI* немесе *PCI Express* (техникалық көпір *PCI* — *LPC* әдетте оңтүстік көпір микросхемасы құрамына кіреді) шинаға қосылады да, өткізу қабілеті төмен болады. *LPC*-ға әдетте көп функ-

ционалды контроллер, ағылшын тіліндегі «Super I/O» аталған құжаттама қосылады. Оның құрамына, мысалы жүйелі, параллельді және инфрақызыл порттар, PS/2 интерфейс контроллері, майысқақ диск контроллері, сондай-ақ, температура көрсеткіші мен желдеткіш қосылатын жалпы тағайындалымдағы (General Purpose I/O — GPIO) жиынтық енуі мүмкін.


Одан басқа LPC-ға өзге де қазіргі заманғы (мысалы TPC модулы) ескірген (мысалы, AC'97 аудиокодек) қосылуы мүмкін. Қазіргі заманғы жүйелерде Intel Nehalem және AMD Sledgehammer (процессорлардың микроархитектурасы) жеке контроллер ретінде (чип) солтүстік көпір болмауы мүмкін. Оның қызметі орталық процессорға ауыстырылып, жүйелік тақталарды жобалау қарапайымдандырылып, соңғысының белсенді компоненттері саны азайтылды. Басқаша айтқанда, PCI Express контроллері және жедел есте сақтау модульдері солтүстік көпір секілді делдалсыз, процессордің өзімен басқарылады. FSB шинасы да жоғары жылдамдықты QPI (Quick Path Interconnect) интерфейске ауыстырылған. QPI шинасы ең жоғарғы өткізу қабілеті 19,5 ден 25,6 Гбайт/с жылдамдықпен жұмыс істейді. Кей жағдайда солтүстік көпір орнына радиатормен бірге контроллер, мысалы графикалық порттар контроллері» функциясын орындаушы микросхема орнатылады.

Аналық тақтаның негізгі элементтері 1,4-суретте келтірілген.

Солтүстік көпірдің негізгі элементтері. *Сокет 1 (процессор ұясы)* — бұл орталық процессорды орнатуға арналған аналық тақтаның негізгі жалғағышы. Әрбір сокет процессордың белгілі бір түрін ғана қолдайды, сондықтан жүйелік тақта өндірушілер өз сипаттізімінде қандай процессор орнатуға болатынын көрсетеді.

2 жедел есте сақтау слоты жедел есте сақтау модулін (ОЗУ ЖЕС – жедел есте сақтаушы қондырылым) орнатуға арналған. Мұндай слоттар әдетте процессордың жанында орналасады. Сипаттізімге байланысты аналық тақта бір немесе екі түрлі жедел есте сақтау нысанын қолдай алады (мысалы, DDR2 и DDR3). Нақтылы жүйелік тақта есте сақтаудың қандай типін қолдайтынын оның нұсқаулығынан немесе слоттың жанындағы тақтадағы жазудан білуге болады.

3 PCI Express x16 слот бейнекартаны орнатуға қызмет етеді; қымбат және қуаты жоғары аналық тақталарда мұндай слоттар бірнешеу болуы мүмкін. Бұл слотқа бейнекартаны орнатуда оның



1.4-сурет. Аналық тақта схемасы:

1 — сокет (процессор ұясы); 2 — жедел жады слоты; 3 — PCI Express x16 слоты; 4 — PCIEX1 слоты; 5 — жүйелік контроллер; 6 — BIOS (ену-шығу базалық жүйесі); 7 — джампер (қосқыш, ауыстырып қосқыш); 8 — аккумулятор батареясы; 9 — PCI слоты; 10 — IDE жалғағыш; 11 — FDD жалғағыш; 12 — SATA жалғағыш; 13 — USB жалғағыш; 14 — дауыс жалғағышы; 15 — аналық карта қоректендіруін жалғағыш; 16 — ATX 12V жалғағыш; 17 — CPU FAN жалғағыш; 18 — SYS FAN1 / SYS FAN2 / PWR FAN жалғағыштар; 19 — F PANEL жалғағыш; 20 — F AUDIO жалғағыш

өтімділік қабілетіне назар аудару керек (тақтада көрсетілген); Ол төрт типті болады: PCI Express 1.0, 2.0, 3.0 және Express 4.0; саны жоғары болған сайын өткізу қабілеті де жоғары.

4 PCIEX1 Слоты әртүрлі қондырылымдарды орнатуға арналған: Wi-Fi-картасы, WiMAX-картасы, GPS-қабылдағышы, индикаторлық жарық диодтарын шығару, USB 2.0, USB 3.0, SATA, SATA III, COM және басқалар.

Жүйелік контроллер 5 — интернетке қосылуға қажетті біріктірілген жүйелік карта роліндегі аналық тақтаға чип (мысалы, Realtek RTL811D/E).

Оңтүстік көпірдің негізгі элементтері (шеткері контроллер). **BIOS 6** (кіріс-шығыстың базалық жүйесі) — Негізгі жүйені қосар алдында қосылатын чип пен оған тігілген микробағдарлама. BIOS негізгі арнаулы компьютердің негізгі жүйесін жүктеуге дейін жұмысқа қабілеттілігін тексеру (бұл процесс POST деп аталады.). BIOS аналық тақтаның, процессордың, жедел есте сақтаудың және салқындату жүйесінің әртүрлі параметрлерін реттеуге мүмкіндік береді.

Джампер 7 (ауыстырып қосқыш) қондырылым жұмысының тәртібін бірнеше түйіспелердің тұйықталуымен (ажырауымен) қамтамасыз етеді. Бірақ оның барлығы әр мағыналы және әрқалай орналасқан. Сондықтан, компьютер немесе жеке аналық тақта сатып алғанда сәйкес басшылық алу қажет. Егер нұсқаулық жоқ болғанда, тақтаның атауы белгілі жағдайда, интернетті пайдалануға болады. Қосқыштар, әдетте, металл қадаға орнатылады. Егер қосқышты екі қада тұйықтаса, ол қосылып тұрғаны. Қосқыштар екі немесе үш қададан тұруы мүмкін. Қосқышты ажыратқанда қосқышты алып тастамайды, қаданың біріне ки-

гізіп қояды. Ауыстырып қосқыш қалта шамының қосқыш түймесіне ұқсайды. Цифрларды ауыстырып, қосқыштың нөмірін көрсетеді. Қосқыштар көлемі кішкентай болғандықтан, оларды түйрегіш, ине т.б заттар көмегімен қосып ажыратады. Орнатқанда нақтылы қажетті джамперді қосу үшін анықтамалық басшылықты (нұсқаулық), кішкентай қысқыш, қолшам немесе үстел шамын пайдалану ұсынылады. Бұрын джамперлерді аналық тақтадағы процессор үшін жүйелік шина жиілігін қоюға, қатты дисктер жұмысының режимін қоюға, аналық тақтадағы энергияға басыбайлы емес реттеуіштерді апаттық түсіру үшін пайдаланатын. Жинақтау элементтерін жетілдіруге байланысты BIOS-та бағдарламалық реттеу пайдаланылады. Джампер BIOS реттеуін түсіруге, SATA II қатты дискісін SATA I режиміне ауыстыруға, олардың SATA I ескі контроллерлермен сыйымдылығы үшін пайдаланылады.

Аккумулятор батареясы 8 CMOS-жадыны қоректендіруге арналған, онда BIOS Setup көмегімен жасалған пайдаланушының барлық реттеулері сақталады.

Слоты 9 PCI жүйелік тақтаға шеткері қондырылымдарды қосуға қызмет етеді; бұл дауыс картасы, TV-тюнер, жүйелік карта болуы мүмкін. .


10 IDE жалғағышы — бұл оптикалық жетек және қатты дискілерді қосуға арналған ескірген интерфейс. IDE жалғағышы көлемі үлкен, қазіргі замандағы SATA жалғағышына қарағанда ақапарт алмасу жылдамдығы төмен.

11 FDD жалғағышы майысқақ дискілерді оқуға жағдай жасайтын floppy-дискковод қосуға мүмкіндік береді. .

12 SATA жалғағышы — IDE жаңашаландырылған баламасы. Негізінен SATA қатты дискті және оптикалық жетекті қосуға пайдаланылады..

13 USB жалғағышы USB жүйелік блоктың алдыңғы тақтасынан енуді қосуға арналған; әр жалғағышқа екі ену қосуға болады.

14 дауыс жалғағышы (аналық тақтаның барлығында бола бермейді) аналық тақтаға дауыс шығыстарымен жабдықталған әртүрлі қондырылымдарды қосуға арналған. CD IN жалғағышы қосымша аудиосымдармен оптикалық жетектерді қосуға арналған. SPDIF IN и SPDIF OUT жалғағыштары S/PDIF или HDMI қосымша шоғырсым арқылы цифрлық аудиошығысты қолдайтын қондырылымдарды (мысалы дауыстық немесе бейнекарта) қосуға қажет (1,5-сурет).



1.5-сурет. Сыртқы қондырылымдарды орнатуға арналған аналық тақта жалғауыштары

Аналық тақта және процессордің қоректендіру жалғағышы. Әрбір қоректендіруші блокта, аналық тақтаның, процессордың, жадының, чипсеттің, бірге қондырылған құрауыштардың және кеңейту тақтасының жұмысын қоректендіруді қамтамасыз ететін, аналық тақтаға қосылатын жалғауыштар болады. *15 аналық тақта картасын қоректендіру көзімен жалғауышы* (ATX) қоректендіру блогін сәйкес кабельге қосу үшін қажет; ол арқылы электр тогы жүйелік тақтаға, оған қосылатын кеңейту тақтасына, салқындату жүйесіне (процессор кулері), әртүрлі жарық индикаторларына келіп түседі.

Қадалық жалғауыш 20-pin, процессорлардың қоректену схемасында қолданылатын Pentium 4 және Athlon 64 PCI Express шиналы 24-pin-ді аналық тақта пайда болғанға дейін қолданыста болды.

ATX 12V 16жалғауыш орталық процессорға, кейде салқындату жүйесіне қорек жеткізуге арналған. Ол 4-pin (қадалық жалғауыш) немесе 6-pin, бейне карта қоректендірушісі үшін секілді болуы мүмкін. Әдетте жалғауыш аналық тақтада екінші немесе одан көп PCI-E 16x. порттар болғанда орнатылады. Ертеректе осы мақсатта төрт қадалы Molex-жалғауыш пайдаланылуы мүмкін болған. Кейбір жоғарғы деңгейдегі аналық тақтада мұндай

жалғауыштар бірнешеу болуы мүмкін болған; 8-pin және 4-pin немесе екі сегіз қадалы жалғауыштар кескіндемесі мүмкін.

CPU FAN 17 жалғауышына процессорда орнатылған кулерден сым қосылады.

SYS FAN1 / SYS FAN2 / PWR FAN 18 жалғауышы өзінде орналасқан, қосымша салқындатушы желдеткіштерді қосу үшін арналған, түйісулер санымен ерекшеленеді.

Жүйеге кіру, түймелер, жүйелік блоктың алдыңғы тақтасының индикаторлары. *F PANEL* топтағы *19 жалғауышқа* компьютерді қосу және қайта жүктеу, қатты диск жұмысының индикаторы, жүйелік динамик түймелерінің сымдары қосылады.

F AUDIO 20 жалғауышына құлаққап пен микрофоннан алдыңғы адиошығыс (дауыс) қосылуы тиіс. Сондықтан қораптың алдыңғы тақтасында осы енулер бар болып, бірақ жұмыс істемесе, осы жалғауышқа немесе реттеуішке сым қосылды ма, жоқ па, соны тексеру керек.

Аналық тақтада өндіруші, POST-кодтар (Power On Self Test — қоректі қосқанда өзін-өзі тексеру) индикаторын өткізеді. Қосылған кезде компьютер барлық жүйелерін тестілеп тексереді, мысалы, процессорды, жадыны, бейнекартаны, пернетақты, кіру-шығу порттарын. Әр тесті қосар алдында POST тәртібі POST-кодты түрлендіріп шығарады. Сонан соң тәртіп тесті бастайды. Егер тест өтпесе, онда тестілеу процесі қатып қалады және компьютер іске қосылмайды, ал соңғы тестіленген жүйе туралы ақпарат портта жазылып қалады. POST-кодтар генераторы осы порттағы жазуды оқып, қолжетімді түрге келтіреді (оналтылық код) және оған енгізіліп орнатылған индикаторға шығарады. Сөйтіп, берілген кодпен BIOS қателіктер коды деректерімен салыстырып, үлкен дәлдікпен ақаулық себебін табуға болады.

Gigabyte фирмасының аналық тақтаны таңбалауда қабылданған шартты белгілер 1.4-кестеде келтірілген.

Мысалы: GA-6RXDW — ATX форматындағы жүйелік тақта, VIA Apollo Pro266 чипсет, Socket 370, интеграцияланған 1 Ultra160 SCSI-контроллер Adaptec 7899 екі процессорлық жалғауыш

Asus, фирмасының аналық тақтаны таңбалауда қабылданған шартты белгілер 1.5-кестеде келтірілген.

Мысалы, ASUS P8H67-M EVO. P8, Intel Socket LGA1155 сәйкесетін сокет типін және пайдаланылатын (H67 - Intel H67 білдіреді) чипсет көрсетеді, сөз алдындағы M қосымша microATX

1.4-кесте

Көрсеткіш	Сипаттама
Жүйелік тақта Gigabyte GA	
Бірінші цифр — процессор типі	5 — 5-ші буын процессоры (Pentium MMX, AMD K6, Cytrix/IBM 6x86 и т. п.) 6 — 6-шы буын процессоры (Pentium II/III, Celeron) 7 — 7-ші буын процессоры (AMD K7 Athlon, Duron)
Бірінші әріп — чипсет типі	D — 7-ші буын процессоры үшін DDR SDRAM типті жадыны қолдау чипсеті R — 6-шы буын процессоры үшін DDR SDRAM типті жадыны қолдау чипсеті B — 440BX Z — 440ZX C — i820 0 — i815 W — i810 V — VIA Z — VIA Apollo KT133 (алғашқы чипсет- KZ133 белгіленген) 1 — AMD A — Ali S — SiS
Екінші әріп — тақтаның форм-факторы	X — ATX M — microATX F — flex-ATX
Қосымша ақпарат беретін әріптер мен цифрлар	D — екіпроцессорлы тақта 7 — процессорлы жалғағыш Socket 370 E — «E» чипсеттер модификациясы i810 — i820 M (Z) — біріктірілген бейнепроцессор 1394 — контроллер IEEE1394 W — контроллер Wide SCSI және жоғары

аналық тақтаның форм-факторын көрсетеді. Екінші (EVO), аналық тақтаның Evolution топтамасына жататынын көрсетеді.

Аналық тақта сипаттамасы. Аналық тақта таңдағанда, ең алдымен оның өндірушісіне назар аударған жөн: ASUS (Тайвань), Gigabyte (Тайвань), MicroStar (MSI) (Тайвань), ASRock (Тайвань), Intel (АҚШ) т.б.

1.4-кесте

Көрсеткіш	Сипаттама
Процессор (сокет)	P8 — Intel LGA1155 P7 — Intel LGA1156 P6 — Intel LGA1366 P5 — Intel LGA775 M4 — AMD AM3 M3 — AMD AM2+/AM2 M2 — AMD AM2
Чипсет	P67/H67 — Intel P67/H67 A89/88/87 — AMD 890FX/890GX/880G/870 P55/H57/H55 — Intel P55/H57/H55 A78 — AMD 780G
Жедел жады	T — DDR3 (тек AMD платформасында және для Intel LGA775 үшін сериясында) C — DDR3+DDR2
Қосымша мүмкіндіктер	D — Xtreme Designs сериясы
Форм-фактор	Қосымшасыз — ATX V — ATX, VGA M — MicroATX шығумен
Серия	Premium — сериясы Premium Deluxe Deluxe — сериясы Deluxe EVO — сериясы Evolution PRO — сериясы Professional Не указано — стандартты серия LE — сериясы Value LE2 — серия Value (степпингпен) LX — сериясы Entry

Аналық тақтаға енгізіп бірге орнатылған процессор. Мұндай аналық карталар mini-ITX немесе mATX форм-фактормен ұсынылған, және қарапайым есептерді шешуге, құжаттармен және Интернетпен жұмыс істеуге арналған. Бұл тақтаның кемшілігі процессорды ауыстыру мүмкін еместігінде. Аналық карта мен процессордың жинағы бағасы мен жинақылығы пайдалы.

Аналық тақта процессор сызғышына байланысты *сокетпен* (түйіспелер және сирақтар саны) сипатталады.

Айқын функционалды *чипсеттер* қамтамасыз етеді.

Жүйелік тақта қолдайтын жедел жады типі. Жедел жады слотының саны (2-ден 8-ге дейін) қанша жады модулін орнатуға болатынын, одан ары жаңғыртуға қанша бос орын қалатынын көрсетеді.

IDE контроллер (Integrated Development Environment) типі. Қатты дисктерді қосу және оптикалық жетек үшін стандарт ескірген интерфейс болып табылады. Деректерді беру жылдамдығы бойынша бір бірінен өзгешеленетін бірнеше түрлер бар: UltraDMA 33 — 33 Мбайт/с дейін; UltraDMA 66 — 66 Мбайт/с дейін; UltraDMA 133 — 133 Мбайт/с дейін.

SATA (Serial ATA) контроллерінің типі. HDD, SSD, DVD/CD/Blu-Ray контроллер жинақтауыштарды қосуға арналған. Деректерді беру жылдамдығы бойынша интерфейснің үш түрі тараған: SATA — 150 Мбайт/с дейін; SATA II — 300 Мбайт/с дейін; SATA III — 600 Мбайт/с дейін. Барлық нұсқалар өзара сыйымды және жинақтауышты қосқанда интерфейснің алғашқы нұсқасы жылдамдығында жұмыс істейді.

SCSI (Small Computer System Interface) шинасы. Бұл – қатты диск, DVD және Blu-Ray жетектері, сканерлар, принтерлер т.б. сияқты жоғары жылдамдықтағы қондырғылар үшін әмбебап шина.

SAS (Serial Attached SCSI) шинасы — SCSI параллельді шинаны ауыстырған «нүкте-нүкте» тұрпатты дәйекті шина. SAS шинасы бойынша ауыстыруға командалық SCSI моделі пайдаланылады, бірақ өткізу қабілеті 6 Гбит/с дейін арттырылған.

Қазіргі уақытта аналық тақта құрамына, бұрын жеке схема түрінде беріліп келген қондырылымдар енетін болды. Бірге орнатылған (біріктірілген) қондырылымдар жиі кездеседі: бейнекарта, дауыс картасы, жүйелік және Raid. Осындай қондырылымдардың көпшілігі жүйелік тақтада контроллер және кодек – чипсет құрамына кіретін мамандандырылған микросхема түрінде орындалған. Бірге орнатылған дауыс картасы «кодек», микросхемасы түрінде орындалып, цифрлық деректерді ұқсас дабылға ауыстыру бойынша жұмыстың бөлігін өзіне алады және керісінше, ал қалған бөлік орталық процессорға қалады. Бірге орнатылған кодектардың бірнеше нұсқасы болады: AC 97 — кодектің ескірген түрі; HAD (High Definition Audio) — жаңа, жақсартылған кодек; Creative; CIC; C-Media және басқа да дыбыспен жұмыс істеуге толық құнды микросхемалар. Бірге орнатылған жүйелік контроллер модеммен және ғаламдық жүйемен 1 Гбит/с

дейін жылдамдықпен байланысты қамтамасыз етеді. Сымсыз жүйені ұйымдастыруға мүмкіндік беретін сымсыз Wi-Fi немесе Bluetooth интерфейсі бар тақта кездеседі.

Кейбір аналық тақтада (кейбір жағдайда арзан бағалық деңгейдегі кеңселік немесе үй компьютерлері) бейнекартадан кем түспейтін бірге орнатылған бейнекарта болады. Raid контроллері — бірнеше қатты дисктерді бір «ауқымға» жинауға мүмкіндік беретін арнайы контроллер. Ол стандартты болып табылмайды және тақтада болмауы мүмкін. Біріктірудің артықшылығы, біріктірілген қондырылымды сөндіріп тастап, босаған кеңейту слотына біріктірілмеген түрін қосуға баолады. Егер негізгі қондырылым қандай да бір себеппен жұмыс істемей қалса, жағдайды түзетуге болады. Біріккен қондырылымдарды пайдаланғанда зат құны недәуір төмендейді. Үш шамалы графикамен жұмыс істегенде немесе компьютермен ойын ойнағанда жеке бейнекарта орнатқан дұрыс. Қазір барлық аналық карталар бірге орнатылған жүйелік және дауыстық карталармен жабдықталған.

Артқы тақтадағы интерфейс-жалғағышы немесе аналық карта порты. Сипаттізімге байланысты сыртқы (шеткері) қондырылымдарды қосу үшін болуы мүмкін. Шеткері қондырылымдарға тінтуір, пернетабақ, колонкалар, құлаққап, монитор, жүйелік қондырылым (Ethernet), сондай-ақ USB, PS/2 және COM/ LPT порттары жатады. Мониторды, теледидарды, проекциялағышты қосу үшін VGA, DVI, HDMI, Display порттары пайдаланылады. FireWire порты бейнекамера, кәсіби қондырылымдар, жинағыштар қосады. Сыртқы жинағыштарды қосуға eSATA интерфейс пайдаланылады. Кез келген портта өзінің коннекторы яғни «шанышқысы» болады.

Аналық тақтаның форм-факторы. Ол габариттік көлемін, жинақтау саңылауларын, қоректендіру жалғағышын, кеңейту слотының санын анықтайды. Кіші форм-факторлы аналық тақта үлкен форм-фактор қорабымен сыйымды.

Өндірушіден компьютерлік фирмаға Аналық тақталар қаптамада Retail (RTL) және OEM екі түрі жеткізіледі: Retail — бұл фирмалық қорапқа салынған, құрамында драйверлі диск және электронды нұсқаулық, жазбаша түрдегі басшылық, қосымша жалғастырғыш тетіктер, басқа да керек-жарақтар салынған қондырғы. OEM — орауышы антистатикалық дорба түріндегі, құрамында драйверлі диск пен артқы панельді басқыш — ең аз жинақталған қондырғы.

1.2-кесте		
Көрсеткіш		Сипаттама
Өндіруші фирма		ASRock
Өндіруші коды		X79 Extreme11
Сокет		2011
Чипсет		Intel X79
Жедел жады	Тип	DDR3
	Слоттар саны	8
SATA Контроллер		4x SATA II (3 Гбайт/с) 2x SATA III (6 Гбайт/с)
Кеңейті слоты		7x PCI-E 3.0 x16
Сервердің дисктік контроллерлары		RAID
Интеграция	Дауыс	8-канаулы 7.1CH
	Жүйе	2x1 000 Мбит/с
Артқы тақтадағы жалғағыштар		USB3.0, eSATA, FireWire,
Форм-фактор		SSI CEB
Өндірушіден жеткізу типі		Retail

Аналық тақтаның ерекшелігі тақталар түрлену арасында пайдаланушыға таңдау мүмкіндігін беру арқылы әртүрлі технологияларды қолдауында.

Серверлік аналық тақта өндірушінің сипаттізімінің мағынасын ашу 1.6-кестеде келтірілген.

Мысалы, аналық тақта ASRock X79 Extreme11 Socket 2011, Intel X79, 8xDDR3, 4x SATA II (3 Гбайт/с), 2x SATA III (6 Гбайт/с), 7x PCI-E 3.0 x16, RAID, 7.1CH, 2x1000 Мбит/с, USB3.0, eSATA, FireWire, SSI CEB, Retail.

1.2.3. Базлық жүйе (микробағдарлама)

Базлық жүйені (микробағдарламаны белгілеу үшін) Firmware — жүзеге асырылған (бірге орнатылған) аппараттық бағдарламалық қамтамасыз ету, BIOS және UEFI. Базалық жүйені белгілеу үшін (микробағдарламаны) BIOS термині пайдаланылады. Ол микросхема аналық тақтаға біріктіріліп «тігілгендігін» және автоматы түрде қосылатынын көрсетеді.

BIOS (Basic Input/Output System) енгізу – шығарудың базалық жүйесі, алғашқы жүктеу және сонан кейінгі жұмыс істеуге қажетті жинақтаушы қондырылымдарды бастапқы жүктеуге пайдаланылатын арнайы бағдарламалар жинағы.

Ең алғаш бұл жүйе 1981 жылы *IBM* компаниясымен дайындалған. BIOS негізінен аппараты алғашқы жүктеу, оның жұмысқа қабілеттілігін және негізгі жүйеге қандай да бір тасымалдағыш қосылғанда тексеру (бұл үшін POST (Power-On Self-Test дыбыс дабылы және қателіктер коды қосылғаннан кейін өзін-өзі тексеруге) үшін қолданылған. Осының өзінде BIOS тың өзін жаңалау немесе монитор қосуды орындаушы утилиттер, НГ қоспағанда да қол жетімді қарапайым драйверлер қосылған. Пайдаланушыға арналған функция – қондырғыны кескіндеу. Ол өзіне: жүйелік сағат және күнтізбелік күнді; «plug and play» айқындалған режимде жұмысқа бейімделмеген шеттемелерді реттеуді; аппараттарды белгіленген режимде қосуды; реттеулерді түсіруді; аналық тақтаға бірге қондырылған қондырылымдарды (USB-, COM-және LPT-порттарды, бірге орнатылған бейне-, жүйелік және дауыстық адаптерды) қосу/өшіруді; НЖ жұмысын жылдамдататын кейбір тестілерді өшіруді; компьютерді жүктеуді жүргізетін тасымалдағыштардың кезектілігін: USB- жинақтағышы, CD-ROM; біріктірген. Бірінші тасымалдағыштан жүктеу болмай қалса, BIOS тізім бойынша екіншісін көреді. BIOS қате реттелсе, компьютер жұмысын бүлдіреді. Процессор орындайтын алғашқы микробағдарламалар (BIOS) арнайы микросхема ретінде берілген. Аналық тақта BIOS және алғашқы жүктеме жұмысы үшін үш түрлі жады типін қамтиды.

1. *Boot Block*. Компьютерді жүктеуге арналған деректі арнайы жады. Бұл деректерді процессор пайдаланады. BIOS ішіндегі жады ақауланса, арнайы дисктен BIOS «қайта тігуге» мүмкіндік бар.

2. *BIOS-та сақталатын жады микросхемасы*. Мұнда BIOS барлық ішкі бағдарламалары орналасқан. Жинақтарды алғашқы жүктеуге, НЖ жүктеуге және НЖ қондырғыға қолы жетуіне жауап береді.

3. *CMOS-жады*. Бұл BIOS пайдаланушы реттеуішінің және компьютердің танымда компоненттері туралы деректер қоймасы. Энергияға басыбайлы. Ол үшін арнайы аккумуляторлы батарея орнатылады. CMOS- жады жеке микросхемада немесе BIOS микросхемасында (аналық тақта моделіне байланысты) орналасады және өзін аналық тақтадағы арнайы ауыстырып қосқыш арқылы нөлдеуге жол береді.

Орталық процессорлық қондырғыға (ЦПУ, *ағылш.* Central Processing Unit — CPU) қорек берілген соң жүктеуге қажетті барлық қондырылымдарды — POST тестілейтін арнайы ішкі бағдарлама жұмыс істей бастайды. BIOS өндіруші фирмалар болып *Award Software*, *American Megatrends Inc. (AMI)*, *Phoenix Technology* табылады.

UEFI. Unified Extensible Firmware Interface — бағдарламалық қамтамасыз ету бойынша бірге орнатылған кеңейтуші ин-тер-фейс. Жүйе 2001 жылы *Intel* компаниясында Itanium процессоры үшін шығарылған. Мұның пайда болуына ұйтқы болған BIOS жұмыс істеуден бас тартқан жаңа қондырғы болды. Бастапқыда EFI жүйесі пайда болды, әртүрлі фирмалармен түзетуден кейін EFI аббревиатурасына тағы бір әріп — U (Unified) қосылды. Түзетулерді НЖ дайындаушы *Dell*, *HP*, *IBM*, *Phoenix Insyde* и *Microsoft* — фирмалары болды.

UEFI жүйесінің құндылықтары: үлкен сыйымдылықты қатты дискіні қолдау; BIOS (барлығы) бірге орнатылған функциялары; тінтуірмен пайдалану мүмкіндігі; жақсы шешімі; НЖ жылдам жүктеуі; бірге орнатылған НЖ (мәтіндік пәрмендермен жұмыс істейді); қосымша бағдарламалардың болуы және ара қашықтықтық қондырғылармен жұмыс істеуі.

Кейбір өндірушілер UEFI үшін CD/DVD жүктелетін Linux базасында меншік НЖ ұсынады.

UEFI базалық жүйе дәстүрлі BIOS-қа қарағанда көбірек әртүрлі мәзір пункттері мен мүмкіндіктерге ие. Негізгі Click BIOS аталатын мәзір тінтуірмен басқарылатын бес пункттен (түймеден) тұрады

Бірінші түйме — GreenPower; ол жасыл түсті, ортасында шам суреті бар; мұнда процессордың энергия үнемдеу реттеуін ауыстыруға болады.

Екінші — Utilities — «реттеу», қосымша түймелермен ішкі мәзірден құралады: Memory test — жедел жадыны тестілеу; Live Update — интернет арқылы UEFI жаңартуға мүмкіндік береді; HDD Backup — қатты диск деректерін резервтік көшіру мүмкіндігін береді; Boot screen — UEFI интерфейсінің аялық суретін өзгерту мүмкіндігін береді.

Үшінші түйме процессор жылдамдығын үдетуге мүмкіндік береді.

Төртіншісі — жүктелетін CD ұсынатын үш ойынға жол ашады.

Бесінші түймені басқан соң — Settings — UEFI BIOS қосалқы бағдарламалары бар қосымша мәзір ашылады. Олардың бәрі алты: System Status — «Жүйенің жағдайы», компьютерде қандай қондырылым орнатылғанын көрсетеді; Advanced — кәсіби мамандар үшін арнайы реттеуіштер; H-Flash — UEFI жаңа нұсқасын орнату; Security — Реттеуіштер мен компьютерге қол жеткізуге құпиясөз орнату; Boot — «жүктеу», жүктелетін қондырылымдар кезегі айқындалады; Save & Exit — барлық өзгертулерді сақтау.

1.3. ПРОЦЕССОР

Процессор, немесе ЦПУ, — машина нұсқаулықтарын орындаушы, компьютердің аппараттық қамтамасыз етуінің бөлігі; бағдарламалар беретін тапсырмалық операциялардың орындалуына жауап береді, компьютер процестері мен қондырғыларын басқарады. Кейде оны микропроцессор деп атайды. Процессор жоғары технологиялық күрделі қондырғы, атап айтқанда, құрамына регистрлер құралатын өте көп транзисторлар кіретін, әртүрлі технологиямен арнайы өңделген, өсірілген таза кремний монокристалы. *Регистрлер* — бұл бірнеше разрядтан тұратын саны екінің бірнеше дәрежесінен тұратын немесе өте жылдам жедел жады (регистрларға қол жеткізу кэш жадыға жеткізуден көп есе жылдам), көлемі үлкен емес (бірнеше жүз байт), процессордың құрамына кіретін, нұсқауларды орындаудың аралық қорытындысын уақытша сақтауға арналған ұяшықтар. Процессордың регистрлары екі типке бөлінеді: жалпы белгіленген және арнайы регистрлер. Жалпы белгіленген регистрлер бірнеше орындаушы блоктардың құрамына кіреді: арифметикалық – логикалық қондырылым және қалқымалы үтірлі операция модулі. Оның барлығы жылу бөлгіштің металл қақпағы астында тығылады. Қазіргі уақытта процессорлардың неғұрлым энергияға әсерлі болуы үшін жаңа технологиялық өндеулер іске асырылуда. Мұны кернеуленген кремнийді, металл бекіткіштер және бекіткіш астындағы гафний оксиді негізіндегі қабатты пайдалану жолымен жасауға болады. Процессордың дамуы кремний тілімінің жалпы ауданы азаюында транзисторлар санының көбеюі жолымен келеді. Қосылып тұрған жағдайда тоқтың неғұрлым жоғарғы шамасын, өшіп тұрғанда неғұрлым нөлге жақындатуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін қосымша бекіткіштер пайдаланылатын 3D-транзисторлары шықты.

Осының қорытындысында энергия пайдалану азайып, транзисторларды ауыстырып қосу жылдамдайды. Болашақтағы процессорлар графенге негізделеді — қарама-қарсылықты үлкен жылдамдықпен ауыстыруға қабілетті қалыңдығы бір атом көміртек кристалл.


Процессордың құрылымы мен жұмыс істеу принципі.

Қазіргі кездегі процессор құрамына: бір немесе бірнеше ядро; кэш-жады (бірінші, екінші, үшінші деңгейдегі), процессордың жедел жады қондырғысымен ОЗУ-ЖЖҚ), ЖЖҚ контроллері жылдамдату өзара қарым-қатынасы, жүйелік шина контроллері (DMI, QPI, HT және т.б.) кіреді.

Ядро — қарапайымдандырылған процессор (1.6-сурет), онда бірнеше әр типті: арифметикалық-логикалық қондырылым (ALU), қалқушы нүктесі бар операцияларды орындау бойынша (FPU) қондырылым және нұсқаулықтардың өзін жинақтаған нұсқаулықтарды орындау блоктары орналасқан. Нұсқаулықтарға MMX (Multimedia Extensions) ағымды аудио және бейне деректерді кодтау және қайта кодтауды жеделдету үшін *Intel* компаниясы дайындаған нұсқаулықтар жиынтығы қолданылады; SSE (Streaming SIMD Extensions) — есептеу процесін параллельдеу мен көптеген деректердегі операцияларды дәйектілікпен орындау үшін *Intel* компаниясы дайындаған нұсқаулықтар жиынтығын қолданады; пәрмендер жиынтығы тұрақты жетілдіріліп отырады және қазіргі уақытта келесі тексерулер бар: SSE, SSE2, SSE3, SSSE3, SSE4; ATA (Application Targeted Accelerator) — осындай бағдарламалармен жұмыс істегенде энергия пайдалануды төмендету және мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз ету жұмысын жеделдету үшін *Intel* компаниясы дайындаған нұсқаулықтар жиынтығы қолданылады. Бұл нұсқаулықтарды, мысалы, бақылау сомасын есептегенде немесе деректер іздегенде пайдалануға болады; 3DNow — MMX нұсқаулықтар жиынтығы мүмкіндіктерін кеңейту үшін *Advanced Micro Devices Inc. (AMD)* компаниясы дайындаған нұсқаулықтар жиынтығы; AES (Advanced Encryption Standard) — аттас алгоритм бойынша деректерді шифрлауды пайдаланушы қосымшалар жұмысын жеделдетуге арналған *Intel* компаниясы дайындаған нұсқаулықтар жиынтығы.

Процессор ядросының жұмысы 1946 жылы Джон фон Нейман суреттегендей циклда негізделген. Процессор ядросы жұмысының цикл келесі негізгі кезеңдерден тұрады.

1. Нұсқаулықтарды тандау блогы (пәрмендер есептегішінде көрсетілген адрес бойынша нұсқаулықты оқуды іске асырады) үзілу жайын тексереді. Егер үзілу бар болса, онда регистрмен пәрмен есептегішіндегі деректер стекке енгізіледі, ал пәрмен есептегішке үзілуді өңдегіш пәрмен адресіне бағытталады. Үзілуді өңдеу функциясы аяқталған соң стека деректері қалпына келтіріледі.



1.6-сурет. Көп ядролы процессордың жеңілдетілген схемасы

2. Пәрмен есептегішінен нұсқаулықтарды таңдау блогы орындауға арналған пәрмен адресін оқиды. Осы адрес бойынша кэш-жадыдан немесе ЖЖҚ пәрмен оқылады. Алынған деректер нұсқаулықты қайта кодтау блогына беріледі.

3. Нұсқаулықтарды қайта кодтау блогы, қажет болған жағдайда пәрменді интерпретациялау үшін тұрақты жады қондырғысында (ПЗУ-ТЖҚ) (Read Only Memory — ROM) микрокодқа жазылған пәрменді шешеді. Егер бұл ауысу пәрмені болса, онда пәрмен есептегішіне ауысу адресін жазып және басқару нұсқаулық таңдау блогына (1 п.) беріледі, болмаса пәрмен есептегіші (процессор үшін ұзындығы 32 бит пәрмен — 4 ке) пәрмен мөлшеріне ұлғайып, басқаруды дерек таңдау блогына береді.

4. Деректерді таңдау блогы кэш-жадыдан немесе ЖЖҚ дан пәрменді орындау үшін қажет деректерді оқып басқаруды жоспарлаушыға береді.

5. Басқарушы блок, ағымдағы есепті нұсқауларды орындаудың қай блогы екенін анықтап, басқаруды сол блокқа тапсырады.

6. Нұсқауларды орындау блоктары пәрмен талап еткен әрекеттерді орындап, басқаруды қорытындыны сақтау блогына береді.

7. ЖЖҚ да қорытындыларды сақтау қажет болған жағдайда қорытындыларды сақтау блогы осы үшін талап етілетін әрекетті орындап, басқаруды дерек таңдау блогына береді (1 п.)

Осы цикл *процесс деп аталады* (сондықтан процессор атауы берілген). Орындалатын пәрмендер дәйектілі *бағдарлама* деп аталады. Цикл кезеңінің бірінен екіншісіне өту жылдамдығы процессордың ырғақтық жиілігімен анықталады, ал бір нұсқауды толық орындауға жұмсалған цикл кезеңінің жұмыс мерзімі — процессор ядросының қондырғысы.

Процессор сипаттамасы. Процессор сипаттамасында бағдар ала білу әр адамға болашақ жүйенің есептеу өнімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

Ең ірі өндіруші фирмалар — *Intel Corporation* және *AMD*. Егер осы фирмалардың сипаттамасы бойынша тең екі процессорын арнайы бағдарламалық камтамасыз ету және статистиканы пайдалана отырып салыстырса, өнімділігі бойынша *Intel* фирмасы үздік болады, бірақ бағасы бойынша *AMD-дан* кейін қалады. Бір модельдік қатар аясында (сызғыш) процессорлар бірталай параметрлер бойынша бір бірінен өзгешеленеді. Әр өндірушіді процессордың бюджеттік сызғышы болады. Мысалы, *Intel* де бұл

Celeron және Core Solo, ал *AMD* — *Sempron*. Осы сызғыштар процессорлары өздерінің қымбаттау әріптестерінен кейбір функциялардың жоқтығымен немесе параметрлердің аздығымен өзгешеленеді. Бюджеттік сызғыштағы процессорда әр деңгейдегі кэш жады недәуір аз болуы немесе мүлде болмауы мүмкін. Бюджеттік сызғыштарды үлкен өнімділікті талап етпейтін кеңселік жүйелерге ұсынуға болады. Кең ресурсты міндеттерге (ойын, бейне-, аудио-) Core 2 Duo, Core 2 Quad, Core i3, Core i5, Core i7, Phenom X3, Phenom X4, Phenom II X4, Phenom II X6 сызғыштары ұсынылады. Серверлік шешімдерге, әдетте, процессордың арнайыландырылған сызғышы — Opteron, Xeon пайдаланылады..

Процессор ұясы (жалғағыш), немесе сокет (socket), — бұл процессорды орнату (ауыстыру) үшін арнайы жалғағыш. Тікелей дәнекерлеудің орнына жалғағыш орнату, компьютерді жаңарту немесе жөндеу мақсатында процессорды ауыстыруды әлдеқайда жеңілдетеді. Процессордың әр моделі үшін өзіндік жалғағыш болады. Мысалы, саңылаулық сокет болады. Әртүрлі жалғағыш сипаттамалар жинағы — бұл оның *формфакторы*. Процессорды жасау технологиясы жетілдіріліп отырған соң, оның сәулеті, транзисторлар саны және жылу беруі өзгеріп отырды, оларды орнататын ұялар да түрлендірілді. Сокет біреу болмауы мүмкін — ондай аналық тақталар серверге арналады.

Intel фирмасы процессорына сату рыногында сокеттің келесі модельдері үлкен сұранысқа ие.

Сокет LGA 1248 *Intel* Itanium 93xx сериялы, процессорларға арналған серверлік шешімдер мен жұмысшы стансалар үшін жасалады. *Intel* QuickPath технологиясын қолаудың басталуы. 2010 жылдан бастап шығарылады. Процессормен түйісуге арналған 248 шығыңқы 1 түйіндісі бар. Жылдамдық сипаттамасы — 19 Гбайт/с дейін.

Сокет LGA 1567 серверлық процессорларға арналған Xeon 75xx және 76xx сериялы. 1 - 567 түйісулі орындалған. 2010 жылдан шығарылады. Жылдамдық сипаттамасы — 19 дан 25,6 Гбайт/с дейін.

Сокет LGA 1155, немесе Socket H2, LGA 1156 сокетті ауыстыруға арналған. Қазіргі кездегі ең жаңа Sandy Bridge және болашақтағы Ivy Bridge процессорларды қолдайды. Жалғағышы 1155 түйісуде орындалған. 2011 жылдан шығарылады Жылдамдық сипаттамасы — 20 Гбайт/с дейін.

Сокет LGA 2011, немесе Socket R, — *Intel* компаниясының ең соңғы жасалған жұмысы, LGA 1366 ны ауыстырады. Жалғанғышы 2011 түйісуде орындалған. E сериялы Sandy Bridge процессорды қолдайды.

Қазіргі уақытта бұл сокетке сәйкестіріп, жаңа процессорлар дайындалуда. Жылдамдық сипаттамасы — 19 дан 25,6 Гбайт/с. дейін

AMD фирмасының процессорларына келесі моделдегі сокеттер ұсынылады.

Socket AM2 — процессорлық жалғағыш (ертеректегі атауы — *Socket M2*), үстелге қойылатын процессорлардың кейбір түріне арналып шығарылған (*Athlon-LE*, *Athlon 64*, *Athlon 64 FX*, *Athlon 64 X2*, *Sempron-LE* и *Sempron*, *Phenom X4* и *Phenom X3*, *Opteron*). *Socket AM2* қолдаушы алғашқы процессорлар бір ядролық *Orleans* (немесе *Athlon 64*) моделі және *Manila* (*Sempron*) болды, кейбір екі ядролы *Windsor* (мысалы, *Athlon 64*, *X2 FX*) және *Brisbane* (*AthlonX2* и *Athlon 64X2*). Одан басқа, *Socket AM2* құрамында серверлерге арналған *Socket F*, әртүрлі ұтқыр компьютерлер үшін *Socket S1* бар.

Socket AM2+ алдыңғымен дәл бірдей, айрмашылығы *Agena* и *Toliman* ядролары бар процессор ғана.

Socket F (Socket I207) қазіргі кездегі *Intel* процессоры сияқты түйіспелі *LGA*-алаңды принцип бойынша салынған ұясы бар. *Socket F* 1 207 түйісуден тұрады. Онда *Opteron* процессоры шығарылады.

Socket FM1 — біріктірілген жүйелерге құмарлар үшін қызықты ұсыныс болатын *Llano* процессоры үшін *AMD* жаңа платформа болып табылатын жалғағыш.

Socket AM3 Socket AM2+ үстелдік процессор үшін процессор ұясы болып табылады. Бұл жалғағыш *DDR3*-жадысын, сонымен қатар *HyperTransport* шинасы жұмысының жоғары жылдамдығын қолдайды. Осы жалғағышты пайдаланушы алғашқы процессорлар 805, 910 , 810 модельді *Phenom II X3 710-20* және *Phenom II X4*.

Жоғарыда аталған сокеттік модельдерден басқа *Socket AM3+*, *Socket FM2* (үстелдік), *Socket FP1*, *Socket FT1*, *Socket S1*, *Socket FS1* (ұтқыр), *Socket G34*, *Socket C32*, *Socket F+* (серверлік) модельдер бар.

Көпядролылық — бұл процессордың конструктивтік орындалуы, бір қорапта жұп санды ядро болады. Бірнеше тәуелсіз ядро бір немесе бірнеше кристаллда орналасуы мүмкін. Әр ядроның өзінің интеграциялық ерекшелігі бар. Мысалы кристаллға: серверлік көпір, *DDR3* жадылық контроллер, бейнедекодер, графикалық ядро (*GPU*), *PCI Express* контроллері, шина т.б қосылуы мүмкін.

Процессор ядросына кодтық атау беріледі, сол бойынша процессор туралы ресми хабарланғанға дейін құлағдар болынады. Бұдан соң кодтық атау сіңіп, процессордың бір моделін екінші моделінен айыруға болады, мұндай атаулар жақшада беріледі, мысалы: Intel Core i7-3960X (Sandy Bridge-E), AMD Phenom II X6 1100T (Thuban). Бір сызық аясында әртүрлі ядролармен CPU болуы мүмкін. Бір сызғыш аясында әртүрлі ядролармен қолданылуы мүмкін. Мысалы, Intel Core i5 сызғышында Lynnfield, Clarkdale, Arrandale, Sandy Bridge, Ivy Bridge ядролы процессорлар бар. Ядроның кодтық атауы астарында бір шоғыр сипаттама болуы мүмкін, бірақ процессор ядросының атауы нақтылы қандай түсінік беретіні айқын анықталмайды. Мысалы, екі процессор бірдей атаулы ядросы болса да, олар әртүрлі технологиялық процесс бойынша жасалуы немесе шина жиілігінің әртүрлі ырғағын қолдауы мүмкін. Сондықтан әр жеке жағдайда процессор ядросы сипаттамасының нақтылы тізімін қамтып көрсетеді. Физикалық немесе логикалық ядро деген түсінік бар. Егер процессор Hyperthreading (ағылш. *hyper-threading* технологиясын қолдаса — гипердәлділік; ресми атауы — Hyper-Threading Technology, НТТ; *Intel компаниясының орындауы*), онда процессор «бірмезгілдік мультиподәлдік» технологиясын қолдайды. Осы технологияны қолдаушы әр физикалық процессор бірден екі ағысты сақтай алады, бұл НЖ екі логикалық процессор әсерін береді (*logical processor*). Әр логикалық процессорда өзінің регистрлік жинағы және үзілу контроллері (APIC) бар, процессордың қалған элементтері жалпы болып табылады. Бір логикалық процессор ағымды орындағанда кідіріс болса (кэш-қателік, бұтақтануды жорамалдау қателігі, алдыңғы нұсқау қорытындысын күту), басқару келесі логикалық процессор ағымына беріледі. Сөйтіп, бір процессор күткенде, мысалы жады деректерін, физикалық процессордың есептеу қоры басқа процессті өндеуге пайдаланылады. Осындай технологиядағы өнімділікті арттыру көп ағымды кодты қолдауды, реакцияны және жауап беру мерзімін жақсартуға мүмкіндік берді; ағымдарды бір мезгілде қосуға мүмкіндік берді; серверді қолдай алатын пайдаланушылар санын көбейтті. Бұл технологияны BIOS өшіруге болады.

Процессор ядросы келесі параметрлермен сипатталады

Технологиялық процесс аздау болған сайын (22, 32, 45 нм), басқаша айтқанда, технология жетілдірілген сайын (шағын), сол алаңдағы кристаллға көбірек транзистор сияды, өнімділік арта түседі.

1-ші деңгейдегі кэш-жады (L1) — процессор ядросында орнатылған жоғары жылдамдықтағы жады блогы. Бұған жедел жадыдан алынған деректер көшіріліп сақталады. Негізгі пәрмендерді сақтау, деректерді өте жоғары жылдамдықпен өңдеу есебінен, процессордың өнімділігін арттыруға (жедел жадыдан өңдеуден, кэштен өңдеу жылдамырақ) мүкіндік береді. Бірінші деңгейдегі кэшжадының сыйымдылығы үлкен емес, 8 ден 128 Кбайтқа дейін. Көп ядролы модельдерге кэшжады көлемі бірінші деңгейдегі кэшжадының сыйымдылығы көрсетіледі.

Екінші деңгейдегі кэш-жады (L2) — L1 кэш орындайтын функцияларды орындайтын, бірақ жылдамдығы төмен, сыйымдылығы жоғары, жоғары жылдамдықты жады блогы — 128 ден 16 384 Кбайтқа дейін. Тапсырма ресурсы сыйымды процессор таңдаған жағдайда сыйымдылығы жоғары L2 моделі дұрысырақ болады. Көп ядролы процессорларға екінші деңгейдегі кэшжадының қосынды деңгейі көрсетіледі.

Көп ядролы процессорларда екінші деңгейдегі кэш жады аздық ете бастады, сондықтан барлық ядроларға ортақ, *үшінші деңгейдегі кэш жады (L3)* пайда болды. Оның сыйымдылығы — 30 720 Кбайтқа дейін. AMD A8-3870K (Llano) процессорларында, мысалы, L3 жоқ. Intel Smart Cache — процессор ядроларына түсетін салмаққа байланысты қол жетімді L3 кэштің сыйымдылығын оларға динамикалық түрде тарататын арнайы технология. Мұндай жүйе процессордың кэш жадыға қол жеткізуін азайтады, содан оның өнімділігі артады.

Процессорға бірге орнатылған *графикалық жеделдеткіштің болуы* (бейнеокарта) медиаконтентті жаңғыртуға және күрделі емес 3D-қосымшаларға қосымша бейне картасыз жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Бірге орнатылған графика күнделікті жұмыс үшін қарапайым кеңселік тапсырмаларды орындауға арналған. Графикалық ядроның штатты жиілігі 850 МГц, ең жоғары жиілігі — 1 350 МГц. Графикалық ядроның пайда болуынан бастап жаңа белгі пайда болды APU (Accelerated Pro-cessing Unit — жылдамдатылған процессорлық қондырылым), яғни аппараттық көзқараспен — бұл графикалық ядромен бір жартылай өткізгіш кристаллда жалпы қолданыстағы дәстүрлі есептеу ядроларын біріктіретін будандасқан қондырылым. Басқаша айтқанда, біріктірілген графикалы сол CPU. Бірақ айырмашылық бар, ол бағдарламалық деңгейде қаралады. APU енетін графикалық ядро, үш көлемді суреттерді синтездеу ғана емес, есептеу тапсырмаларын

орындай алатын ағымды процессорлар ауқымы түрінде, әмбебап сәулетті болуы керек. Тәжірибелік көзқараспен бұл бір микросхема ішіне орнатылған CPU және бейнекарта.

Ырғақты жиілік процессордың бір секундтағы ырғақтар саны (операциялар) ретінде анықталады. Қазіргі заман процессорларында ол негізінен 1-4 ГГц-ті құрайды және сыртқы немесе базалық жиілікті белгілі коэффициентке көбейту арқылы есептеледі. Мысалы, Intel Core i7 920 процессоры шинаның 133 МГц жиілігін және көбейткіш ретінде 20 қолданады, қорытындысында ырғақтық жиілік 2 660 МГц-қа тең. Процессордың жиілігін процессордың жылдамдығын екпіндету арқылы көбейтуге болады. AMD және Intel өндірушілері үдетуге өздері бағдарлаған арнайы процессорлар моделдері бар, мысалы, AMD *da* Black Edition, Intelде К-сериялы сызғыш. Процессордың ырғақтық жиілігі шина жиілігіне прапорционалды. Процессордың ырғақтық жиілігі неғұрлым жоғары болса, оның өнімділігі соғұрлым жоғары болады. Бірақ бір сызғыштағы процессорлар моделдерін салыстыру жиілікпен ғана емес, процессордың өнімділігі екінші деңгейдегі кэш көлеміне (L2), үшінші деңгейдегі кэштің болуы және жиілігіне (L3), арнайы нұсқаулардың болуына байланысты. Қуат азаймайтын, температура мен тоқ есептегі қуатта (TDP) болатын жағдайда, Intel компаниясы процессордың атаулы жиілігінен ырғақты жиілікті автоматы түрде ұлғайтатын Turbo Boost (ағылш. *turbo boost* — турбожылдамдату) жаңа технологиясын ұсынды. Бұл бір және көп ағымды қосымшалардың өнімділігін арттырады. Нақтырақ айтқанда, бұл процессордың «өздігінен екпін алу» технологиясы. Егер жиілігі 3 ГГц төрт ядролы процессор болса, оның жиілігі 12 ГГц (4x3) болады деген кате ұғымға назар аударған жөн — ол дұрыс емес! Процессордың жиілігі ядроның санына байланысты емес, ол жағдайда тек процессордың өнімділігі артады.

Процессордың разрядтылығы процессор іс-әрекет жасайтын, жалпы белгіленген регистрлер разряды ретінде анықталады. Өз кезегінде, регистрлер разрядтығы олар сақтайтын санның шекті мөлшерін белгілейді, яғни, 64-битті (ғылыми зерттеулер криптографиясында). НЖ разрядтылығында процессор разрядтығынан жоғары орнату мүмкін емес.

Соңғы сипаттама процессор қабында бағдар табуға мүмкіндік береді. BOX қабына радиатор, желдеткіш (немесе кулер), яғни

салқындату жүйесі OEM (Tray) — зауыттық технологиялық қаптау салқындату жүйесінсіз. BOX құрамына Tray-дан гөрі кепілдік жоғары.

Қазіргі заман процессорлары таңбаларының мағынасын ашу. Таңбалау, ең бастысы, өнімді дәл және қысқа сәйкестендіру үшін қажет. Бірақ сәйкестендіруді орындау үшін оның мағынасын ашудың дәл алгоритмін білу қажет.

AMD процессорларында жағдай келесідей: *Intel* процессорлары моделіндегідей жылу бөлу қақпақтарында процессордың ырғақты жиілігі көрсетілмеген. Таңбалау бойынша дайындалмаған адам жылу бөлгіштен қай серияға жататынын және шығарылған орнын ғана біле алады. Егер пайдаланушы процессорлардың жалғауышын айыра білсе, онда сәйкестендіре алады. Мысалы таңбалау AD3670WNZ43GX дедік. Таңбалау келесідей сәйкестендіріледі:

A — процессор AMD Athlon тобына жатады (санатына);

D — процессорды пайдалану аясы — жұмысшы стансалар;

3670 — модельдің нөмірі (ол неғұрлым үлкен болса, жоғары өнімділігін қамтамасыз етеді);

WN — процессордың жылу пакеті 100 W;

Z — процессор 905 pin Socket FM1 қорабына салынған;

4 — белсенді ядролардың жалпы саны;


3 — кэш жадының көлемі L2 — әр ядрода 1 024 Кбайт және L3 кэш жады жоқ;

GX — степпинг процессорының ядросы LN-B0.


Процессор таңбалануын сәйкестендіру мысалы 1.7 суретте келтірілген: 1 жол- Copyright белгілері; 2 жол тауарлық белгі мен

марка, отбасылық процессор және процессор нөмірі (мысалы, Core i7-3930K); 3 жол — сипаттізім нөмірі sSpec және процессор жиілігі; строка 4 — шығарушы мемлекет; строка 5 — тапсырыс процессі аяқталды (FPO); 6 жол — топтама нөмірі және сериялық нөмір.

Intel фирмасы процессорлары сипаттізімі. Сипаттізімді сәйкестендіруде сауда марка-



1.7-сурет. Процессорды таңбалаудың негізгі белгілері



1.8-сурет. Intel фирмасы процессорының сипаттізімі

сы (Intel® Core™) (1.8-сурет), модификатор, буыны, процессор коды және әріптік жұрнақтар (1.7-кесте) болады.

Егер әріп нөмірдің алдында тұрса, онда әңгіме әріптік префикстер туралы (1.8-кесте).

1.7-кесте	
Әріптік жұрнақ	Сипаттама
К	Біржақтық жиілік көтерілуінен қорғанышы шешілген процессорлар (ерікті көбейткішпен)
Р	Графикалық ядросы бұғатталған процессор
М	Ұтқыр процессорлар
QM	Ұтқыр қондырылымдарға арналған төрт ядролы процессор
XM	Экстремальді төрт ядролы, жылдамдату көбейткіші шектелмеген процессорлар
Е	Бірге орнатылатын ұтқыр процессорлар
QE	Бірге орнатылатын ұтқыр төрт ядролы процессорлар

1.7-кестенің аяқталуы

Әріптік жұрнақ	Сипаттама
LE	Өнімділігі бойынша оңтайландырылған процессорлар
UE	Энергия пайдалануы бойынша оңтайландырылған процессорлар
S	Оңтайландырылған өнімділік (индекссіз модельдермен салыстырғанда төмен жиіліктегі энергияға әсерлі)
T	Оңтайландырылған энергия пайдалану (жоғары әсерлі, индекссіз модельдермен салыстырғанда төмен жиіліктегі процессорлар)
X	Ерен өнімділік

1.8-кесте

Әріптік префикс	Сипаттама
QX	Үстелдік немесе ұтқыр ЖК үшін өнімділігі экстремалды төрт ядролы процессорлар
X	Үстелдік немесе ұтқыр ЖК үшін өнімділігі экстремалды екі ядролы процессорлар
Q	Ұтқыр ЖК үшін өнімділігі жоғары төрт ядролы процессорлар
E	Энергия үнемді есептік қуаты 55 Вт кем емес екі ядролы процессорлар
T	Ұтқыр ЖК үшін Энергия үнемді есептік қуаты 30-39 Вт екі ядролы процессорлар
P	Ұтқыр ЖК үшін Энергия үнемді есептік қуаты 20-29 Вт екі ядролы процессорлар
L	Ұтқыр ЖК үшін Энергияға ерен үнемді есептік қуаты 10-19 Вт екі ядролы процессорлар
U	Ұтқыр ЖК үшін Энергия ең аз үнемдейтін есептік қуаты 11,9 Вт аспайтын процессорлар
S	Ұтқыр ЖК үшін BGA 22x22 қорабындағы кіші форм-фактор



1.9-сурет. Процессорды салқындатудың ауа жүйесі (кулер)

Нетбукке арналған Intel® Atom™ процессорында әріптік префикс N, ал ұтқыр интернет қондырылымдарының процессорында Intel® Atom™ — әріптік префикс Z. Әр санаттар немесе тұқымдастар аясындағы процессорлардағы нөмір үлкен санды болған сайын оған жоғары сипаттама сәйкеседі. Процессор қуаттырақ болған сайын ол салқындату жүйесіне мұқтаж болады (1.9-сурет).

1.4. КОМПЬЮТЕРДІҢ ІШКІ ЖАДЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚОНДЫРЫЛЫМДАРЫ

Компьютер жадысы деп, ақпаратты жадында тұту, сақтау және беруге арналған қондырылымдар жиынтығын атайды. Жады құрамына кіретін жеке қондырылымдар жады тұтушы қондырылым деп аталады. Компьютер жадысы екілік жады тұту элементтерінен 8 биттен топтасқан, байт аталатын — *биттерден* құрылған. (Жадыны өлшеу бірлігі ақпарат өлшеу бірлігімен сәйкеседі.) Барлық байттар нөмірленген. Байт нөмірі оның *мекенжайы* деп аталады. Байттар ұяларға бірігіп, *сөздер* деп аталады. Әр компьютерге — ұзындығы 2, 4, 8 байттан тұратын сөздер тән. Бірақ өзге ұзындықтағы жады ұясын да пайдалануға болады (мысалы, жарты сөз, қос сөз).

Қазіргі заман компьютерлері арналуы, уақыт сипаттамасы, сақталатын ақпарат көлемі және бірдей көлемдегі ақпаратты

сақтау бағасымен өзгешеленетін әр қилы жадыда тұту қондырылымдарымен жабдықталған. Микропроцессорлық жады (регистрлік жады), регистрлік кэш-жады, негізгі жады (ОЗУ-ЖЖҚ) және тұрақты жады қондырылымы (ПЗУ-ТЖҚ)

Регистрлер бағдарламалық қол жетімді және бағдарламаны орындауда жиі пайдаланылатын ақпаратты сақтайды: аралық қорытындылар, мекенжайдың құрамды бөліктерін, цикл есептегіштерін т.б. Регистрлік жадының көлемі үлкен (ондаған машиналық сөздер) және процессордың жиілігінде жұмыс істейді, сондықтан оған қол жеткізу уақыты тапшы. Мысалы, процессор жұмысының 2 ГГц жиілігінде, оның регистріне жүгіну уақыты небары 0,5 нс құрайды.

Регистр жадысымен ЖЖҚ арасындағы аралықты толтыру үшін көлемі және жүгіну уақыты бойынша қазіргі кезде бағдарлама жұмысында жиі пайдаланылатын, ақпаратты жазу және оқу үшін арнайы механизмді жылдам әрекет етуші статикалық жедел жады ретінде ұйымдастырылған, ақпарат сақтауға арналған кэш жады пайдаланылады. Әдетте кэш жады бағдарламалық қол жетімді емес және микропроцессор кристалына орналасқан. Оған жүгінуді процессордың аппараттық құралдары — орындалатын бағдарламаны сараптап, процессорға жуық арада қандай пәрмен қажет болатынын алдын ала білуге тырысатын және оларды кэш жадыға тартатын контроллер. Осы жағдайда «дәл тигізу» де «мүлт кету» де мүмкін. Дәл тиген жағдайда, яғни кэшке қажетті ақпарат тартылған болса, оларды жадыдан алып шығу кідіріссіз болады. Егер қажет ақпарат кэште жоқ болса, онда процессор оны тікелей жедел жадыдан оқиды. Дәл тигізу және мүлт кету сандары кэштеудің әсерлілігін анықтайды. Көпшілік заманауи микропроцессорларда компьютерлер мен серверлер үшін ең азы үш тәуелсіз кэш болады: машина кодын жүктеуді жылдамдату, деректерді жазу және оқуды жылдамдату кэшi және виртуалдық трансляциялау (математикалық) мекенжайларды физикалыққа, нұсқаулықтар үшін де деректер үшін де ассоциативтік трансляция (TLB) буфері. Деректер кэшi көпдеңгейлі кэш (L1, L2, L3) ретінде жиі іске асырылады. Бірінші деңгейдегі Кэшжады (L1) — ең жылдам кэш, бірақ өзгелерге қарағанда көлемі бойынша кішілеу. Онымен тікелей процессор ядросы жұмыс істейді. Бірінші деңгейдегі Кэшжады ең аз латентті (қол жету мерзімі). Сонан соң екінші деңгейдегі кэш жады (L2) және ізінше — үшінші

деңгейдегі (L3). Көлемі бойынша бәрі керісінше: ең үлкен жады көлемі үшінші деңгейдегі кэш, одан төмен — L2 и L1. Классикалық нұсқада екі деңгейдегі кэш-жады болған: бірінші және екінші. Үшінші деңгей ұйымдастырылуы бойынша екінші деңгейдегі кэш жадыдан өзгеше. Егер деректер өңделмеген болса немесе процессор деректерді жылдам өңдеу керек болса, онда екінші деңгейдегі кэш жадыны босату үшін оның деректері үшінші деңгейдегі кэш жадыға ауыстырылады. Екінші деңгейдегі кэш жадыға бастапқыда барлық деректер беріледі. Орталық процессор өңдеу үшін деректер декодерленіп ядроға ауысады. Деректерден нұсқаулар тізбегі тұрғызылады, ал L1де процессордың, регистрдің ерекшеліктерін ескеретін процессордың ішкі пәрмені «қосарлана» тұрғызылады. Орталық процессордың ішкі пәрмені көп емес, сондықтан L1 сыйымдылығы аз (қазіргі заман процессорларында ол әр ядроға 64, 128 Кбайт) құрайды. Бірінші деңгейдегі кэш жадының екінші деңгейдегі кэш жадыдан ерекшелігі, аз көлемді болса да, жоғары өнімділік көрсетеді. Кэш жады көлемінің үлкеюі барлық дерлік қосымшалар өнімділігіне оң әсер етеді. Процессорлар үшін кэшжадының құрылымын фирмалардың ұйымдастыруында өзгешеліктер бар. Мысалы, кэш-жады ядролар арасында айқын бөлінген және процессорлар соған сәйкес 512x2 және 1024x2 болып таңбаланады. Кейбір процессорларда айқын бөлінбеген, демек, әр ядро үшін жалпы кэштің жадысының қажетті санын пайдалануға болады. Бұл көпядролылықты қолдамайтын жүйелерге жақсы келеді. Егер ядроның барлығын пайдаланғанда — кэш-жады ядролардың жүктелуіне байланысты әр ядроға динамикалық түрде бөлінеді.

Тек өздеріне жазылған деректерді оқу үшін ғана арналған тұрақты жадыға сақтаушы қондырылымдар энергияға тәуелді жады деп есептеледі. Жады мазмұны тұрақты сақтау үшін дайындалғанда арнайы түрде қондырылымға «тігіледі». Тұрақты жадыда сақтау қондырылымынан тек оқуға болады. Әдетте тұрақты жадыға процессордың жұмысын басқару бағдарламасы, сонымен бірге монитор, пернетақта, принтер, сыртқы жады, компьютерді қосу және тоқтату, тестілеу қондырылымдарын басқару бағдарламасы жазылады. Басқару жүйесінде үнемі өзгермейтін сол бір алгоритммен басқарылатын жүйелерде жұмыс істеу үшін белгіленген компьютерлерде барлық бағдарламалық қамтамасыз ету ТЖҚ да сақталады. Тұрақты жадыға қайта бағдарланатын тұрақты жады (Flash Memory), батареіден қоректендірілетін

CMOS RAM жадысы, жадының кейбір басқа түрлері жатады. Қайта бағдарланатын тұрақты жады да ішіндегісін бірнеше қайтара қайта жазуға жол беретін энергияға тәуелді. Бұл жады белгілі көлемімен сипатталады (1, 2, 3, 4, 8 Мбайт және т.б.). Маңызды тұрақты микросхема немесе илi flash-жады — BIOS модулі. BIOS — компьютер корегін қосып, жедел жадыға НЖ жүктегеннен соң қондырылымды автоматы түрде тестілеуге арналған бағдарламалар жиынтығы. BIOS ролі екі жақты: бір жағынан бұл аппараттың (Hardware) бөлінбес бөлшегі, екінші жағынан – кез келген операциялық жүйенің (Software) маңызды модулі.

UEFI базасында ДК жүктеу, BIOS пен жағдайдағы секілді қондырылымды бастапқы жүктемеден басталады. Бірақ, UEFI бірнеше компонентті параллелді режимде бір мезгілде анықтай алатындықтан, аталған шара жылдамырақ өтеді, ал бастапқы жүктеуді барлық қондырылымдарды кезекпен жүргізетіндіктен BIOS туралы олай айтуға келмейді. Одан соң басқаруымен қандай да бір қажетті әрекеттер жинағы орындалатын (драйверларды жүктеу, тиелуші жинақтаушыны бастапқы жүктеу, тиеу қызметтерін қосу т.б.) UEFI жүйесінің өзін қосу басталады және сонан соң ғана НЖ қосу іске асырылады.

CMOS RAM — жылдамдық әрекеті жоғары емес, ең аз энергияны батареяден тұтынатын жады. Оны компьютер қондырылымдары құрамында және кескіндеме мен пайдаланушы басқара алатын жұмыс режимі туралы ақпаратты сақтау үшін пайдаланады. CMOS RAM реттеуін аналық картадағы қосқыштар көмегімен, немесе UEFI реттеуін пайдаланып түсіруге болады.

Жедел жады түсінігі. Жедел жады (Random Access Memory (RAM) — ерікті қол жетімді жады) жүйенің ең басты компоненттерінің бірі. Ол НЖ және қосымшалармен жұмыс істеуге, деректерді өңдеуге және уақытша сақтауға, пәрменге қажет. Мұндай жадының кемшілігі энергияға тәуелділігінде, атап айтқанда, жедел жады қоректі өшірген соң ақпаратты сақтай алмайды, бірақ қатты диск және басқа қондырылымдарға қарағанда өнімділігі жоғары. Компьютерге пәрмен енгізілгенде, орталық процессор оны орындайды және жадысында сақтайды. Бұл қажетті деректерге жылдамырақ қол жеткізуге мүмкіндік береді. Жедел жады барлық ақпаратты қажет болған мерзімге дейін сақтайды.

Компьютерлердің ұзақ мерзімде, осы ақпарат жедел жадыда қол жетімді болған кезге дейін үзбей өңдеуге мүмкіндігі бар.

Айырбас буфері - деректерді жаңа орынға ауыстыру арқылы деректер блогін жазу үшін жедел жадының белгілі бір бөлігін қолдануға арналған бөлік (арнайы бөлік). Айырбас буфері ағымдағы ақпаратты көшіруге және кейіннен пайдалану үшін қажет. Егер RAM ақпарат сақтауға жеткіліксіз болса, компьютер балама жады сақтау қондырылымынан орын іздейді, мысалы, қатты дисктен және орынның бөлігін жедел жадыға ауыстырады, яғни, одан ары жүйенің әсерлі қызмет істеуіне мүмкіндік беретін тарту файлын қалыптастырады. Жедел жады және тарту файлы жедел жадының физикалық көлемінен әлдеқайда үлкен болатын виртуалды жадыны құрайды. Жедел жадының көлемі неғұрлым үлкен болса, НЖ талаптарын ескере отырып компьютер жақсырақ жұмыс істейді.

Жедел жады құрылымы. Жедел жады бірнеше чиптен тұратын және жүйелік тақтада сәйкес жалғағышқа орнатылатын жеке модульдар түрінде орындалады.


Тақта (Планка (плашка)) — жады модулі, жады слотына орнатылатын, бортында жады микросхемалары бар баспа тақтасы.

Біржақты тақта (планка) — жады микросхемасы модульдің бір жағына орналасқан жады тақтасы.


Екі жақты тақта (планка) — жады микросхемасы модульдің екі жағына орналасқан жады тақтасы.

Форм-фактор (стандарт) жады модулінің габариттық көлемін, түйіспелер санын және оның орналасуын анықтайды. Бірнеше физикалық түрде сәйкеспейтін жады форм-факторлары бар: SIMM, DIMM, FB-DIMM, SO-DIMM, MicroDIMM, RIMM. DIMM форм-факторы үстел компьютерлеріне орнату үшін, SO-DIMM ноутбуктер, неттоптар және планшетті компьютерлерде пайдаланылады. Жаңа типті ЖЖҚ модулі 284 түйіспелі және текстолит қалыңдығы 1,2 мм. кем емес болады. DDR4 форм-фактора SO-DIMM планкасы (тақтайшасы) 256 түйіспемен жабдықталған (1.10-сурет). Жедел жады модулінің форм-факторы компьютердің аналық тақтасы қолдайтын форм-фактормен ұқсас болуы тиіс.

Жедел жадының негізгі элементтері. Жадының қарапайым ұялары болатын миллиондаған ұсақ конденсатордан тұратын (1) зарядталған, (2) заряды алынып тасталған) жағдайда болуы мүмкін ерекше матрица *жады чипі (микросхема)* деп аталады.



а



б

1.10-сурет. Жедел жады сызғышы (форм-фактор):

а — DIMM; б — SO-DIMM

SPD (Serial Presence Detect) — Кез келген модульдің базалық реттеуі жазылатын, энергияға тәуелді микросхема. Жұмысты бастау кезінде аналық тақтаның BIOS жүйесі, SPD берілген ақпаратты оқиды және жедел жады жұмысының сәйкес таймингі мен жұмыс жиілігін қояды.

Кілт — модуль типін анықтауға болатын тақтаның арнайы кесігі. Ол жедел жадыға арналған жады модулін слот жадысына қате орнатуға механикалық түрде жол бермейді.


Модульдердің SMD-компоненттері (резисторлар, конденсаторлар) дабылдық шынжырдың электрлік түйінін және чиптерді коректендіруді басқаруды қамтамасыз етеді.

Өндіруші жапсырмалары жады стандартын, жұмыстың штатты жиілігін және базалық таймингін көрсетеді.

PCB — баспа тақта. Онда модульдің өзге компоненттері ыдырайды. Оның сапасынан екпін қорытындысы тәуелді болады: әр тақтада бірдей чиптер өздерін әртүрлі ұстайды.

Жедел жады сипаттамасы. Жады типі жадының ішкі құрылымын және негізгі жады сипаттамасын анықтайды. Жедел жадының негізгі типтері мыналар: SDRAM, DDR (Double Data Rate — деректерді берудің екі есе жылдамдығы), DDR2, DDR3 (1.11-сурет). Жадының жаңа типі DDR4 алдындағылардан неғұрлым биік жиілігімен — 2 133 ден 4 266 МГц қа дейін және төмен кернеулігімен ерекшеленеді.

Жедел жадыны өндіруші екі параметрмен сипатталады:



1.11-сурет. Жедел жады типтері

ырғақты жиілігі және өткізу қабілеті (деректерді беру жылдамдығы көрсеткішінің шыңы). Жедел жады жиілігін бір секундта орындалатын операциялар саны көрсетеді. Бірақ, ырғақты жиілік лимиті аналық тақтаның шектелген қабілетімен анықталатынын ұмытпау керек.

Өткізу қабілеті — бұл секундына берілетін ақпарат саны. Бұл параметр жадының ырғақты жиілігіне тікелей тәуелді. Ырғақты жиілік пен өткізу қабілеті жоғары болған сайын компьютердің өнімділігі де жоғары болады. Мысалы, 1 333 МГц ырғақты жиілігі бар жедел жадыға 10 600 Мбайт/с өткізу қабілеті сәйкеседі.

Оның белгіленуі келесідей түрде: DDR3 1333 (PC-10600). Өткізу қабілеті (B) беру жиілігінің көбейтіндісіне (f), шина разрядына (с) және жады қанауының (k) санына тең. Екі қанаулы контроллердің DDR400 (400 МГц) жадысы үшін, мысалы, деректерді беру жылдамдығының көрсеткішінің шыңы: $(400 \text{ МГц} \cdot 64 \text{ бит} \cdot 2) / 8 \text{ бит} = 6400 \text{ Мбайт/с}$ тең. 1 Мбит/с 1 Мбайт/с келтіру үшін 8 санына бөлу қажет (1 байтта 8 бит).

Қазіргі заманның аналық тақталарында жедел жадының арнайы жұмыс режимі қолданылады. Осы режимде оның жұмысы әсерлі болады, сондықтан ең жақсы жылдам әрекетке қол жеткізу үшін жады модульдерінің жұмыс режимін және олардың дұрыс орнатылуын ескеру қажет.

Single Chanell Mode режимі (бір қанаулы немесе ассиметриялы) жүйеде тек бір модуль орнатылғанда немесе барлық модульдер бір-бірінен жады көлемі, жұмыс жиілігі немесе өндірушісі бойынша өзгешеленгенде қосылады. Бұл жерде қай жалғағышқа қандай жады орнатылғаны маңызды емес. Барлық жады орнатылған жадылардың ең ақырын жылдамдығымен жұмыс істейді.

Dual Mode (екі қанаулы немесе симметриялы) режимінде әр қанауда жедел жадының бірдей көлемі орнатылады (және теориялық түрде деректерді берудің ең жоғары жылдамдығы екі еселенеді). Жады модулінің екі қанаулы режимін орнату үшін слоттарға қосарланып 1 және 3 немесе 2 және 4 (көбінесе олар әр түрге боялған) орнатылады.

Triple Mode (үш қанаулы) режимінде үш қанаудың әрқайсысында жедел жадының бірдей көлемі орнатылады. Модульдер жылдамдығы және көлемі бойынша жинақталады. Осы режимді қосу үшін модульдар слоттарға 1,3,5 немесе 2,4,6 орнатылған болуы керек. Тәжірибеде мұндай режим екі қанаулыдан үнемі өнімдірек бола бермейді.

Flex Mode (майысқақ) режимі әртүрлі көлемдегі бірақ жұмыс жиілігі бірдей екі модульді орнатқанда жедел жадының өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Екі қанаулы режимдегі сияқты, жады тақтасы әр қанаудың аттас жалғағышына орнатылады.


Quad Chanell Mode — жады жұмысының төрт қанаулы режимі, ең жоғары өнімділік береді. Жалпы жағдайда жады жұмысын әсерлі ұйымдастыру үшін жады модулінің жұп санын орнату қажет (2 немесе 4), әрі қосақта олар бірдей көлемде және бір топтан (немесе бір өндірушіден) болуы дұрыс. Жедел жады

көлемі шешілетін есеп типіне байланысты. Кеңселік компьютерге 2 Гбайт жеткілікті, үй компьютеріне – 4 тен 6 Гбайт дейін, қуатты ойын және кәсіби кескіндемеге 8 Гбайт тан жоғары. Қазіргі заманның НЖ ерекшеліктерін де ұмытпаған жөн. 64-битті НЖ әлдеқайда жоғары 192 Гбайт қа дейін жады көлемімен жұмыс істей алады.

Латенттілік, немесе *тайминг* (CAS Latency — CL), — бұл дабылдың уақытша кідіруі. Ықшамдық үшін оны үш сан түрінде жазады, ретімен: CAS Latency, RAS to CAS Delay и RAS Precharge Time. Олар 2 ден 9 ға дейін мағына ала алады, мұнда әр цифр - қай бір де операцияны орындауға шина ырғағының саны. Оларға «процессор – жады» учаскесінің өткізу қабілеті, соның нәтижесінде жүйенің жылдам әрекеті тәуелді. Кей жағдайда осы үш параметрге (мысалы, 9-9-9-27), «DRAM Cycle Time Tras/Trc» (жадының барлық микросхемасының жылдам әрекетін сипаттайды) аталатын төртіншісі қосылады. Егер бір цифр ғана көрсетілсе (мысалы, CL2), ол бірінші параметрді белгілейді — CAS Latency, қалған үшеуі оған тең болуы міндет емес, олар кейде жоғары болады. Кішірек мағына неғұрлым жоғары жылдам әрекет білдіреді. Сонымен қатар жедел жады жиілігі көбірек болған сайын, оның таймингі жоғары болатынын ескеру қажет, сондықтан, бюджетке байланысты, осы екі параметрдің тиімділеуін таңдаған дұрыс. Мысалы ескертуде «Low Latency» деп көрсетілген арнайы модельдер бар. Модельдің жоғары жұмыс жиілігінде кідіріс мерзімі аздау. Таймингі аздау жадыны таңдаған дұрыс. Қосымша жады модулін орнатқанда, орнатылып қойған жедел жады таймингін ескеру керек.

Жедел жады өндірушілері «екпінге» арналған сызғыштар (сериялар) жасауда. Мұндай модельдер жоғары жиілігімен, төмен кідірістерімен және қондырылған салқындатқышымен сипатталады. Өндірушілер процессорлардың қазіргі заманға сай талаптарын ескереді. Мысалы, Intel Core i7 3960X процессор төрт қаналулы режимді қолдайды, жады типі DDR3, жадының ең жоғарғы штатты жиілігі 1 600 МГц, ең жоғарғы жады көлемі — 64 Гбайт. Өндірушілер осыған сәйкес 8 Гбайт тан 8 даналық жинақ ұсынады. Қаптау түрі — OEM и Retail.

Kingston фирмасының жедел жады таңбалауының мағынасын ашу 1.12-суретте келтірілген.



1.12-сурет. Kingston фирмасының жедел жады таңбалануының мағынасын ашу

Жедел жады сипаттізімінің мағынасын ашу 1.9-кестеде: 64Gb DDR-III 1866MHz Kingston HyperX Beast (KHX18C10T3K8/64X) m-m-m (8x8Gb KIT).

1.9-кесте	
Көрсеткіш	Сипаттама
Өндіруші	Kingston
Өндіруші коды	KHX18C10T3K8/64X
Жады типі	DDR-3
Сызғыш	HyperX Beast
Жады көлемі	65 536 Мбайт
Бір модільдің көлемі	8 192 Мбайт
Жинақтағы модульдер саны	8
Ырғақтық жиілік	1 866 МГц
Таймингтер	64Gb DDR-III 1866MHz Kingston HyperX Beast (KHX18C10T3K8/64X) (8x8Gb KIT)
CAS Latency (CL)	10
RAS to CAS Delay (tRCD)	10
Row Precharge Delay (tRP)	10

1.5.1. Қатты диск

Компьютердің сыртқы жадысы — бұл ақпаратты көп мерзімге сақтауға арналған, аналық тақтаға қатысты алғанда сыртқы түрде іске асырылатын жады. Сыртқы жады қондырылымдар компьютердің жүйелік блогында да, жеке қорапта да болуы мүмкін. Табиғатында сыртқы жады жинақтағыш түрінде пайдаланылады. *Жинақтағыштар* — үлкен көлемдегі ақпараттарды ұзақ мерзімге (электр қорегіне байланысты емес) сақтауға арналған жадыда сақтаушы қондырылым. Жинақтағыш сыйымдылығы жедел жады сыйымдылығынан жүздеген есе жоғары болады және өндірушінің әр жаңалығы сайын өсіп отырады. Компьютердің сыртқы жадысы құрамына: қатты диск, flash-жады, оптикалық дискідегі жинақтағыштар т.б. кіреді.

Қатты диск — бұл бағдарламалар мен деректер сақтауға арналған жадыға сақтаушы қондырылым. Негізінде қатты дисктің екі түрі бар: классикалық (HDD), қатты денелі (SSD) және будандастырылғын. *HDD* (Hard Disk Drive) — компьютер тілінде «винчестер» аталатын қатты диск — ерікті түрде қол жетімді жадыда сақтаушы қондырылым. Мұндай қатты дисктерде жазу магнитті бастиектер көмегімен магниттеледі. *SSD* (Solid-State Drive) әрекет принципі, flash- жинақтағыштарға негізделеді де классикалық HDD салыстырғанда қондырылымның шусыз жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. *Будандастарылған жинақтағыштар* бірге орнатылған SSD бар, кэш жады сияқты жұмыс істейтін, классикалық HDD түрінде берілген. Барлық қатты дисктерді екі түрге бөлуге болады: ішкі және сыртқы. *Ішкі дисктер* жүйелік блоктың ішінде орналасқан, ал *сыртқылар* — өзінің қорабы бар, жүйелік блокқа қосылады. Сыртқы дисктер сақталатын ақпарат көлемін тасымалдауға және көбейтуге мүмкіндік береді. Кез келген қатты диск форм-фактормен немесе стандартты өлшемдерімен және монтаждау саңылауларымен сипатталады. Жүйелік блоктың конструкциясы формфакторы 3,5" тең қатты дискті 3,5 бөлікке қосуға мүмкіндік береді. 2,5" форм-фактор ноутбуктар үшін конструкция кеңдігін көрсетеді. Стандартсыз 1,8" қатты дисктер шағын компьютерлердің кейбір модельдеріне арналған.

Сыртқы және «қалталық», формфакторы 3,5" аз қатты дисктерді flash-жинақтағыш ретінде пайдаланады, ал 3,5" — бұл жеке қоректену блогы бар стационарлық қатты диск форм-факторы. Сыртқы қорап (BOX) ішкі қатты дисктен сыртқы диск жасауға мүмкіндік береді. Мұндай қораптың маңызды сипаттамасының бірі қатты дисктің форм-факторы. Әрине, негізгі функциясы дискті сыртқы әсерден қорғау. Сонымен қатар ішкі қатты дисктер үшін док-стансалар кеңінен тараған. Док-стансалар SATA интерфейсімен қолдалатын ішкі қатты дискті қоса алады. Док-станса қорабына медиаплеер (колонкаларымен), USB порты, аудиошығырлар т.б. бірге орнатылуы мүмкін.(1.13-сурет).

Ақпарат сақтауға әзірше жеткілікті жады көлемін қолдамаушы шағын қондырылымдарды белсенді пайдалану өндірушілерді сымсыз сыртқы қатты диск өндіруге қамшы болды. Мұндай қатты дисктер сымсыз файлдардың Wi-Fi-қоймасы ретінде жұмыс істейді. Қондырылымды жасыру бойынша қосқанда, смартфоннан, планшеттен, ноутбуктан, кез келген компьютерден Wi-Fi-адаптер бар болғанда, ашық Wi-Fi-жүйе пайда болады.



1.13-сурет. Док-станса

Қатты дисктің конструкциясы және жұмыс принципі. Құрылымында классикалық қатты диск үстінде электроникалық тақта орнатылған, гермоблок (Head and Disk Assembly — HDA) аталатын қара алюминийден жасалған зат (1.14-сурет). Электроника тақтасы — HDD контроллері. Гермоблок экран рөлін орындап, қатты дискті шаңнан, басқа да ұсақ бөлшектерден және электромагниттік бөгеттен сақтайды. Онда: магнитті қабат салынған цилиндрлі тілімшелер блогы; жазу/оқу бастиегі блогы; екі мотор: бірі тілімшені айналдырады (айналдырық қозғалтқышы), екіншісі бастиек блогын іске қосады (қадамдық, жиірек сызықты қозғалтқыш кездеседі) орнатылған. Гермоблок электроника тақтасымен бірігіп, кең таспалы шоғырсым көмегімен интерфейс тақтасына немесе жүйелік тақтасының жалғағышына салынған адаптерге қосылады. Контроллер тақтасында: бір кристалды микроконтроллер; микропроцессор; деректерді айырғыш; деректерді қайта құру тракті; буферлік ЖЖҚ; меншік BIOS және кэш-жады орналасқан. BIOS тестілеу, параметрлерді сақтау және дискіні төмен деңгейде форматтау үшін, ал кэш-жады — компьютер мен HDD арасында деректер алмасу үшін орналастырылған. Әр қатты дискте компьютердің өшіп тұрған жағдайында немесе энергия пайдалануды үнемдеу жағдайында магнитті бастиектер тұратын тұрақ болады.

Қоректі қосу сәтінде қатты дисктің микропроцессоры электрониканы тестілейді, тек сонан соң ғана айналық қозғалтқышты қосуға пәрмен береді. Тілімшенің айналу жылдамдығы ең жоғарғы белгісіне жеткен сәтте және жылдамдық төменгі шектен төмендегенге дейін бастиектер тілімшілердің жоғары жағында жанаспай тұрады. Осыдан соң айналу жылдамдығын дәлірек



1.14-сурет. Ашық қатты диск



1.15-сурет. SSD-жинақтағыш

тұрақтандыру үшін сервобелгі іздеу орындалады. Онан соң жолдардың дәйектілігін тестілейді: егер тест қателіксіз өтсе, қатты диск жұмысқа дайын, микрокод және қызметтік ақпарат оқылады (Firmware микробағдарлама), деректерді сақтау сенімділігін жоғарылату үшін қатты дисктің Firmware технологиялық параметрлерді (SMART) қадағалайды және пайдаланушыға BIOS немесе НЖ драйверінің есебін жасап, болуы мүмкін кемшіліктер туралы хабарлайды. SMART (Self Monitoring Analysing and Reporting Technology) технологиясы — бірге құралған өзін-өзі диагностикалайтын, қатты диск жағдайын бағалау технологиясы және де оның істен шығуы мүмкін уақытын болжайтын механизм.

SSD-жинақтағыштың басты басымдылығы (1.15-сурет) — бұл дисктің деректер орналасқан аймағына, оқу үшін бастиек ауысып отыратын HDD-дан өзгеше, деректердің, олардың фрагменттерінің тасымалдаушының қалай орналасқанына байланыссыз, басқарушы контроллер жадының кез келген ұясына қолы жететін жазуды оқу жылдамдығы. Қатты денелі жинақтағыштарда айналатын механикалық бөліктері жоқ, яғни диск айналуының жылдамдығына оқу/жазу жылдамдығы тәуелді емес. Конструкциясының қарапайымдылығынан SSD дыбыссыз жұмыс істейді, энергияға тәуелсіз NAND жадысында құрылғандықтан, магнитті

катты дисктермен салыстырғанда 3-4 есе аз энергия пайдаланады. NAND екі типке бөлінеді: MLC және SLC. MLC (Multi-Level Cell) модулі — бір дегенде бірнеше бит ақпарат сақтайтын ұя. SLC (Single-Level Cell) — бір деңгейлі ұя, 1 бит ақпарат сақтай алатын жады ұясы. MLC- жады SLC-вариантынан әлдеқайда арзан; сонымен қатар, ол көп көлемді ақпарат сақтауға мүмкіндік береді, сондықтан MLC-чиптер қазіргі замандағы flash-картаның көпшілігінде және барлық дерлік USB- қондырылымдарда пайдаланылады. MLC Flash- жадысы арзандау, бірақ оған қол жету мерзімі жоғары және SLC қарағанда жазу циклдары аз.

Қатты дисктердің негізгі сипаттамалары. Жөндеуші қатты дисктердің техникалық сипаттамасын және жұмыс түріне байланысты әр фирмалардың кез келген моделінде жұмыс істей алуға тиіс.

Көлем — қатты дисктің маңызды сипаттамасы. HDD пайдаланушыға айтарлықтай көлемді ақпаратты сақтау туралы негізгі мәселені шешуге мүмкіндік береді, мысалы: фильмдерді, музыканы, бағдарламаларды. Ол үшін сыйымдылығы 1 Тбайттан бастап жоғары жинақтағыш жақсы келеді. Қатты дискте өндіруші нақтылықтағысынан көбірек ақпарат көлемін көрсетеді. Оның есебінше 1 Гбайт 1 000 Мбайт, нақтысында – 1 024 Мбайт. Сонымен қатар, пайдаланушыдан HDD орынды алып қоятын файлдық жүйе сыйымдылығын есепке алу керек. Қатты дисктер сыйымдылығының өсуі үшін негіз болатын, неғұрлым жетілдірілген магниттік материалдар мен магнитті бастиек пайдалану есебінен магнитті жазу тығыздығының тұрақты өсуі.

Жазу тығыздығы (Bits Per Square Inch — BPSI) тілімше бетінің бірлігінде қандай мөлшердегі ақпарат сақталуы мүмкіндігін көрсетеді және квадратты дюймдегі битпен есептеледі. Жазу тығыздығы екі көрсеткішке байланысты:

1) *тректік тығыздық* (Tracks Per Inch — TPI) — диск радиусының әр дюйміне орналаса алатын тректер санын көрсетеді;


2) *сызықтық тығыздық* (Bits Per Inch — BPI) — бір тректе орналаса алатын ақпарат битінің санын көрсетеді.

Бұл қатты диск бетіндегі жазу тығыздығының жоғарылауы диск саны өзгермей, жинақтағыштың жалпы көлемін ұлғайтуға әкелетінін көрсетеді.

Айналма жылдамдығы айналуының жылдамдығы (Rotation Per Minute — RPM (rpm)) — бұл айналма жылдамдығының минутына айналу саны. Айналу жылдамдығы жоғарылаған сайын

ақпаратқа қол жету жылдамырақ болады, соның нәтижесінде HDD жұмысшы температурасы жоғарылайды. Қазіргі уақытта айналу жылдамдығы стандартты қатты дисктер шығарылуда: ДК/ПК үшін — 5 200, 5 400, 5 700, 5 900, 7 200 және 10000 ай./мин; серверлер мен жоғары өнімді жұмысшы стансалар үшін — 10 000 және 15 000 ай./мин. Айналу жылдамдығы өсуімен жасырын уақыт азаяды (latency), яғни деректері бар қажетті сектор оқитын бастиектің астында сәйкес келуі керек. Жасырын уақыттың орташа мағынасы бір айналым уақытының тура жартысына тең және айналу жылдамдығының стандартты мағынасының бірқатарына келесі шамаларды құрайды: 5 400 ай./мин — 5,6 мс; 7 200 ай./мин — 4,2 мс; 10000 ай./мин — 3 мс и 15 000 ай./мин — 2 мс. Кідірістің екінші құрамды бөлігі — бастиекті позицияландыруға жұмсалатын уақыт (іздеу уақыты), өндіруші және модельге байланысты. Іздеу уақытының азаюы айналу жылдамдығын өсіруге әкеледі.

Қатты дисктің өнімділігіне әсерін тигізетін негізгі сипаттаманың тағы бірі — буфер көлемі, немесе *қатты дисктің кэш-жадысы* (аралық жады). Кэш жадының негізгі функциясы тілімшеден оқылған ақпаратты контроллерға беруді кідіртуді азайтудан



1.16-сурет. IDE-интерфейс арқылы жетекті қосу:

1 — к HDD; 2 — master/slave; 3 — корек; 4 — аналық тақтаға


тұрады. Қазіргі кездегі қатты дисктердегі кэш-жады көлемі 8-ден 512 Мбайт-қа дейін өзгереді. SSD-жинақтауыштарында буферлік жады жоқ, себебі деректерге қол жеткізу тікелей жүргізіледі.

Қатты дискті қосарда HDD интерфейсіне назар аудару қажет. IDE (Integrated Drive Electronics — параллелді интерфейс) қосу интерфейсы қатты дискілер мен оптикалық жетектерді қосуға ескірген аналық тақтаға қосуды іске асырады.(1.16-сурет). Жаңа интерфейстер пайда болуымен IDE атауы ATA (Advanced Technology Attachment) және PATA (Parallel ATA) болып ауыстырылды. Олар үшін қатты диск пен аналық тақтаны қосатын арнайы шлей немесе деректер шоғырсымы пайдаланылды. IDE соң SATA (Serial ATA — дәйекті интерфейс) пайда болды. Ол сыртқы пішінімен ғана өзгешеленбейді және деректермен алмасудың үлкен жылдамдығымен де ерекше. SATA ізбасары SATA II (өткізу қабілеті 3 Гбит/с дейін), SATA III (6 Гбит/с дейін) болды. (1.17-сурет). SSD интерфейсі үшін mSATA – жинақтаушылар шағын қондырылымдарда пайдаланылады. Егер SSD кеңейту тақтасы ретінде орындалса, оған PCI-E талап етіледі. Сыртқы қатты дисктер үшін USB, eSATA, FireWire және компьютердің жүйелік картасына, роутерға, жүйелік жинақтағыштарға қосылатын Ethernet интерфейс пайдаланылады. Сыртқы қатты дисктің Thunderbolt жалғағыш типі 10 Гбит/с-қа дейін деректерді беру жылдамдығын іске асыруға мүмкіндік береді. Өртүрлі нұсқадағы интерфейсті қатты дисктерді қосқанда (жүйелік тақтамен сәйкеспейді) деректерді беру жылдамдығы интерфейсстің ерте нұсқасының жылдамдығында іске асатынын ескеру керек.

Өр өндіруші өз құралдарын өртүрлі технологиялармен толықтыруға тырысады. Мұндай технологияға нашар секторларды белгілеумен, беткі қабатын автоматты түрде сканерлеу және мониторинг жүргізетін SMART (Self-Monitoring, Analysis And Reporting Technology — өзін өзі бақылау, сараптау және есеп беру) жатады. Оны BIOS та қосуға болады. IntelliPower технологиясы — бұл электр энергиясын недәуір үнемдеуге және жоғары пайдалану сипаттамасын қамтамасыз етуге шақырылған кэш-жады көлемі және деректерді беру жылдамдығының дәл тексерілген айналу жылдамдығымен қатынасы. Келесі технология — Intel Turbo Memory будандастырылған дискілер үшін пайдаланылады, жиі қолданылатын деректерді flash-жадыға ауыстыруға мүмкіндік береді, сөйтіп, қатты дискке жүгіну саны азаяды.

Ішкі винчестер таңбалануының мағынасын ашуды қаралық WD: (1)WD (2)000 (3)0 (4)A (5)B (6)C (7)D.

1. Western Digital.



1.17-сурет. SATA-интерфейс арқылы жетекті қосу

2. Бір немесе екі цифр — диск көлемін анықтайды.

3. 0 — Кейбір ерекшеліктерді белгілеуге арналған. Мысалы, WD5001ABYS дискі WD5000ABYS дискісінен — біріншісінің жазу әдісі перпендикулярлы екіншісінікі параллельділігімен қарама-қарсы ерекшеленеді.

4. диск көлемі және форм-факторы өлшенетін шаманы сипаттаушы әріп:

A — Гбайт/3,5"; B — Гбайт/3,5" немесе Гбайт/2,5"; C — 3,5"; E — Тбайт/3,5"; F — 10 Гбайт/3,5"; G/H — Гбайт/3,5".

5. Диск арналатын рынок сегментін және қай тұқымға жататынын сипаттаушы әріп:

A — Desktop/Caviar; B — Enterprise/RE2 (үштілімшелі)/ RE2-GP; D — Enterprise/Raptor; E, P — Mobile/Scorpio Blue; G — Enthusiast/Raptor X;

J — Mobile/Scorpio Black; L — Enterprise/VelociRaptor;

V — Audio-Video (Audio and Video Equipment);

1.10-кесте	
Көрсеткіш	Сипаттама
Қосылу интерфейсі	SATA III
Қатты диск көлемі	1 Тбайт
Өндіруші фирма	<i>Western Digital</i>
Сызғыш (серия)	VelociRaptor
Айлану жылдамдығы	1 000 rpm
Өндірушінің таңбалары	WD1000DHTZ
Кэш-жады көлемі	64 Мбайт

Y — Enterprise/RE2 (төрт тілімшелі) /KE2-CP/KE3/KE4.

6. Кэш мөлшері және айналымдарын суреттеуші әріп:

B — 7 200 rpm және 2 Мбайт кэш; C — Caviar Green және 16 Мбайт кэш;

D — Caviar Green и 32 Мбайт; F — 10000 rpm и 16 Мбайт;

G — 10 000 rpm және 8 Мбайт; H — 10000 rpm және 32 Мбайт;

J — 7 200 rpm и және Мбайт;

K — 7 200 rpm және 16 Мбайт; L — 7 200 rpm және 32 Мбайт;

P — RE2- GP және 16 Мбайт;

Y — RE2/RE3 и 16 Мбайт немесе RE4 және 64 Мбайт; R — Caviar Green, 64 Мбайт және Advanced Format; S/E — 7 200 rpm и 64 Мбайт; V — 5 400 rpm және 8 Мбайт.

7. қатты диск интерфейсін суреттеуші әріп: B — PATA- 100; E — PATA-133; D — SATA-150; S — SATA-300; X — SATA-600.

Қатты диск сипаттізімінің мағынасын ашу 1.10 кестеде берілген: қатты диск SATA-3 1Tb Western Digital «VelociRaptor» 10 000 rpm [WD1000DHTZ] Cache 64 MB.

1.5.2. Ақпаратты Flash-тасымалдаушылар

Ақпараттық қондырылымдарды тасымалдау және үлкен көлемді ақпаратты тұтыну қазіргі заман тасымалдаушыларынан жинақылықты және сыйымдылықты талап етеді. Бұл проблема flash-жинақтаушылар мен flash-карталар арқылы шешіледі. Мұнда кіші форм-факторлы және үлкен сыйымдылықты SSD-жинақтағыштарды қосуға болады. Осы қондырылымдардың негізі flash-жады болып табылады.

Flash-жады — бұл микросхема түрінде тұрақты жадыда сақтауыш қондырылымдардың жадыны электрлі қайта бағдарламаландырылатын жартылай өткізгіш технологиясы. Flash-жады бағдарламаландыратын ТЖҚ электрлі өшірілетін чіпінің бір түрі болып табылады. Мұндай чіпте жолдар мен бағаналардан тұратын тор бар, ал жол мен бағананың әр қилысында екі транзистордан тұратын ұя орналасқан. Осы екі транзистор бір-бірінен жұқа оксидті қабатпен бөлінген. Бір транзисторды *қалқушы бекітпе* деп, екіншісін — *басқарушы бекітпе* деп атайды. Қалқушы бекітпе жолмен немесе сандық шинамен тек қана басқарушы бекітпе арқылы байланыса алады. Жазу кезінде заряд қалқушы бекітпеге екі әдістің бірімен орындалады (ұя типіне байланысты): «ыстық» электрондар инжекциясы әдісімен немесе электрондарды туннельдеу әдісімен. Ұя ішіндегіні өшіру (қалқушы бекітпеден зарядты шешу) туннельдеу әдісімен жасалады. Әдетте, транзисторда зрядтың бар болуы логикалық «0» ретінде түсініледі, ал оның жоқ болуы — логикалық «1». Қазіргі замандағы flash-жады әдетте 0,13- және 0,18-микронды технологиялық процесс бойынша дайындалады. Flash-жады сәулетінің бірнеше типі бар, бірақ кеңінен тарағаны NOR, NAND, AND және DiNOR сәулеттер. Конструкциясына байланысты flash-жадыға қол жеткізудің үш негізгі типі ерекшеленеді:

1) *қарапайым* (conventional) — жады ұяларына еркін асинхронды қол жету;

2) *пакетті* (burst) — синхронды, деректер параллелді, 16 немесе 32 сөзден құралатын блоктармен оқылады. Оқылған деректер дәйекті беріледі, беру синхрондалады. Қарапайым қол жеткізу типінен артықшылығы — деректерді жылдам, дәйекті оқу. Кемшілігі — баяу ерікті қол жеткізу;

3) *парақтық* (page) — асинхронды, 4 немесе 8 сөзден құралатын блоктар. Артықшылығы — ағымдағы парақ шегінде өте жылдам ерікті қол жету. Кемшілігі — парақтар арасында баяу ауыстырылып қосылуы.

Жадының аталған түрі әр қондырылымда (модемдер, шағын-АТС, сканерлер, принтерлер бағдарлауыштар) бірге орнатылған бағдарламалық қамтамасыз етуді сақтау үшін арналған. Flash-карталар цифрлық портативті қондырылымдарды (1.18-сурет) — бейне-фотокамераларда, диктофондарда, МРЗ-плеерлерде, КПК, ұтқыр телефондарда, смартфондарда және коммуника-торларда кеңінен пайдаланады (1.18-сурет). Жады картасы сырт пішінімен кішірек пластикалық қорап түрінде, ішінде flash-жады микросхемасы орналасқан (барлық типтерінде емес) жады контроллері. Сыртқа интерфейс түйіспелері шығарылған. Картаның бар-



1.18-сурет. сыйымдылығы 64 Гбайт Flash-карта

лық деректері интерфейс, пайдаланылған flash-жады типі, геометриялық мөлшерлері бойынша ерекшеленеді. Flash-карта екі типті болады: параллельды (parallel) және дәйекті (serial) интерфейспен. Параллельді интерфейсте PC-Card (PCMCIA немесе ATA-Flash), CompactFlash (CF), SmartMedia (SSFDC) карталары болады: Дәйекті: MultiMedia Card (MMC), SD-Card (Secure Digital Card) Sony Memory Stick.

Flash-картаның негізгі сипаттамалары 1.11-кестеде келтірілген.

Flash картадан ақпаратты оқу және жазу үшін картридерді (1.19-сурет) пайдаланады. Конструктивті түрде ол USB арқылы қосылатын сыртқы қондырылым ретінде

орындалған, бірақ жүйелік блок қорабына да қосыла алады.

Flash-жинағыш — бұл компьютерге стандартты USB жалғағыш (1.20-сурет) арқылы қосылатын портативті шағын ақпарат тасымалдаушы. Flash-толтырғыштар аса үлкен сыйымдылықты жадыда сақтаушы flash-flash-гигабайтқа дейін электронды деректер сақтай алады. Мысалы, сыйымдылығы 256 Гбайт тасымалдағыш шамамен 54 DVD-диск, 365 CD-диск немесе 64 000 MP3-файл сақтай алады. Flash-жинақтағыштың сыйымдылығы неғұрлым көп болса, ол соғұрлым баяу жұмыс істейді.


1.11-кесте

Көрсеткіш	Сипаттама
Өндіруші	Transcend
Өндіруші коды	TS128GSDXC10
Типі	Карта памяти
Көлемі	128 Гбайт
Оқу жылдамдығы	22 Мбайт/с
Жазу жылдамдығы	16 Мбайт/с
Жады картасының типі	Secure Digital XC
Жылдамдық санаты	Class 10



1.19-сурет. Картридерлер
а — ішкі; б — сыртқы

Қазір осы қондырылымдар негізінен USB 2.0. стандартын қолдайды. Жаңа стандартта 3.0 деректерді берудің жылдамдығы әлдеқайда көп. 2008 жылдың аяғында жаңа стандарт USB 3.0. ұсынылды. Бұл стандарт секундына 5 Гбайт деректер беруге мүмкіндік береді, бұл алдындағы стандарттан 10 есе жылдам. Осындай жоғары жылдамдыққа жалғағыш қосымша бес түйіспемен жабдықталады, ал шоғырсымда бар төрт мыс тарамға тағы төртеу қосылады. USB 3.0 2,0 стандартымен кері сыйымдылыққа ие. Өте жоғары жылдамдықты жақында үстелдік және ұтқыр жүйелермен кескінделген eSATA порты қамтамасыз етеді. eSATA портына қосылғанда мәлімделген оқу және жазу жылдамдығы 90 және 50 Мбайт/с құрайды, бұл USB-жинақтаушының типті белгісінен үш есе артық. Жинақтаушы конструкторлары USB портын да сақтап қалды, бұл eSATA портынсыз компьютерге қосылуға мүмкіндік береді. Кейде flash-толықтырғышында өндіруші қызметтері бар, бірақ, көп жағдайда бұл жарнамалар



1.20-сурет. Flash-жинақтаушы:

1 — USB-жалғағыш; 2 — микроконтроллер; 3 — бақылау нүктелері; 4 — flash-жады микросхемасы; 5 — кварцты резонатор; 6 — жарық диоды; 7 — жады микросхемасы үшін қосымша орын; 8 — «жазудан қорғау» өшіріп-қосышы

болып табылады. Кейбір жаңа flash-жинақтауыштарда парольмен қорғану жүйесі бірге қондырылған. Бұл деректерге қосымша қауіпсіздік қамтамасыз етеді. Деректерді жоғалту тек компьютерден қондырылымды шығарғанда ғана емес, өндірушінің қате көрсеткен сыйымдылығы қорытындысы болуы мүмкін. USB-жинақтағыштардың біразы НЖ жинақтағыш туралы қате ақпарат беретін, арнайы қолдан жасалған контроллерлармен жабдықталады. USB-flash- жинақтауыштарда жазудан қорғанатын өшіріп – қосушы және қанша бос орын қалғанын көрсететін сұйық кристалды экран болады.

Flash-жинақтауыштың сыртқы конструкциялары әртүрлі, бірақ негізгі мағынасы микросхема мен түйіспелерді сыртқы әсерден қорғаудан тұрады. Мысалы, ашық жалғағыш (қорғауы жоқ) ультракішкентай USB-жинақтағышта кездеседі. Классикалық қалпақша — USB жалғағыш үшін уақытпен тексерілген жақсы қорғаныш. Қазіргі кездегі қалпақшалар тек пластикпен ғана емес, резинадан да жасалады. Бөліктерінің жоқтығымен және жалғағышқа тез қол жеткізетіндігімен танымал болған — слайдерлер бар. USB-жалғағышы жалғанып тұрады. Құлақшаға ұқсас қорап жалғағышқа қарама қарсы шетінде айналып тұратын нүкте арқылы тұтқаның көмегімен жабылады.

Сыйымдылық — flash – жинақтаушының ең басты сипаттамаларының бірі. Жазылуға мүмкін ақпарат саны, тікелей жады көлеміне байланысты, бірақ көлем өсуімен бірге қондырылымның бағасы да өседі. Егер USB-жинақтауыш тек қана мәтіндік файлдарды тасымалдауға арналса, жады сыйымдылығы 1-2 Гбайт модель жеткілікті. Керісінше, фотосуреттер, музыка, фильмдер мұрағатын сақтау үшін 16 Гбайт не одан жоғары сыйымдылықты жинақтауыш қажет. Екінші маңызды сипаттама — *қосу интерфейсі* — деректерді беру жылдамдығын қамтамасыз етеді. Ең көп тараған интерфейстер: USB 2.0, USB 2.0/eSATA, USB 3.0. Flash-жинақтауыштарға деректер жазу жылдамдығы шамамен 175 Мбайт/с. Жазу жылдамдығы жоғары болған сайын ақпаратты қондырылымға жылдамырақ тасымалдауға болады. Жоғары жылдамдық деректердің өте үлкен көлемін жазғанда өте маңызды. Жазу жылдамдығымен қатар оқу жылдамдығы бар (0,78-225,0 Мбайт/с). Бұл – flash-жинақтауыштан ақпарат оқуға болатын жылдамдық. Оқу жылдамдығы жоғары болған сайын ақпаратты қондырылымнан компьютерге жылдам ауыстыруға болады.

1.12-кесте

Көрсеткіш	Сипаттама
Жады көлемі	32, 64 Гбайт
Интерфейс	Super Speed USB 3.0*, USB 1.1/ Hi Speed USB 2.0*
Габариттік мөлшерлері	68,8 (L)x21 (W)x10,5 (H) mm
Салмағы	14 г
Жазу жылдамдығы	До 94 Мбайт/с
Оқу жылдамдығы	До 220 Мбайт/с
Электрмен қоректендіру	USB-порт арқылы
Жұмыс температурасы	От 0 до +50 °С (ұсынылатын)
Сақтау температурасы	От -20 до +60 °С (ұсынылатын)
Жұмыс істегенде, сақтаған-да ауа ылғалдылығы	5... 95 % (конденсациясыз)
ЖК модельдерінің үйлесімділігі	USB-интерфейс (тип А) с Windows® XP, Windows Vista™, Windows 7 немесе Mac OS 10.0.2 және жоғары

Әр өндіруші flash – жинақтауышты жаңа опциялармен, мысалы бағдарламалық ReadyBoost технологиясымен толықтыруға тырысады. ReadyBoost қолдайтын қондырылым оқу/жазудың жеткілікті жоғары жылдамдығымен қамтамасыз етілген, бұл жүктеу және НЖ жұмысының жылдамдығын жоғарылатуға мүмкіндік береді. Сыйымдылығы жоғары flash-жинақтауыштар үшін аталған технология ақпаратқа кездейсоқ жүгінгенде кідірісті азайтады. «Жұмыс орнын» сақтау үшін пайдаланушы с U3 Smart Drive бар USB-жинақтауыш пайдалануына болады. Онда бағдарламалар, деректер парольдер мен реттеулерді сақтауға болады. Компьютермен жұмыс істегенде барлық деректер мен қорытындылар тікелей flash-жинақтауышта сақталады және бағдарламаларды сонан жүктеуге болады.

USB –жинақтауыш үшін маңызы кем емес сипаттама — *су өткізбейтін қорабының* болуы.

Flash-жинақтағыш USB 3.0 Toshiba техникалық сипаттамасы 1.12-кестеде келтірілген.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету жөндеушісінің автоматтандырылған жұмыс орнының негізгі құрамы қандай?
2. Еңбек қауіпсіздігі ережелерін сақтамайтын пайдаланушыда қандай аурулар болуы мүмкін?
3. Компьютердің негізгі сипаттамасы қандай?
4. Компьютерді дұрыс пайдалану үшін қандай жағдай жасау керек?
5. BIOS UEFI-дан несімен ерекшеленеді?
6. Қондырылымдардың таңбалануын не үшін білу қажет?
7. Сіздерге қатты дисктердің қай типтері белгілі?
8. Жедел жады тақтасының орнатылған саны неге байланысты?
9. Жүйелік блок қорабының қандай типтері болады?
10. Процессорлардың негізгі өндірушілерін білесіз бе? Атаңыз.

МУЛЬТИМЕДИА. ҰТҚЫР КОМПЬЮТЕРЛЕР

2.1. МУЛЬТИМЕДИА АППАРАТТЫҚ ҚҰРАЛДАР

Мультимедиа (лат. *multi* — көп, *media* — орта, яғни көп орта) — бұл мәтінді, дыбысты, фотоны, графиканы, анимацияны, бейнені бір цифрлық қойылымға біріктіретін қазіргі заманғы техникалық және бағдарламалық құралдарды пайдаланып, интерактивті бағдарламалық қамтамасыз етудің басшылығында визуалды және аудио -әсерлердің өзара қарым-қатынасы.

Мультимедиа пайдаланушыға виртуалдық шынайылықты табиғи қоршаған орта сияқты сезінуге, дыбыстар мен бейне-образдардың түсінікті тілінде интерактивті қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді. Ортаға бату үшін барлық сезім органдарын іске қосу керек. Мұндай талаптарды іске асыру үшін қазіргі жүйелерде әртүрлі технологиялар мен қондырылымдар пайдаланылады, мысалы: виртуалдық шынайылық дулығасы, басқару қолғабы, кибернетикалық желетке және басқа қондырылымдар.

Мультимедиааның аппараттық құралдарына: CD/BD жетектерін; TV-тюнерлерін және фрейм-грабберлерді; графикалық акселераторларды (жылдамдатқыш), соның ішінде үш өлшемді графиканы қолдау үшін; бейнекөрсетілім үшін такта; бейнедәйектілікті енгізу үшін қондырылымдар; орнатылған микшерлері мен нақтылы музыкалық аспаптардың дауыстарын шығаратын синтезаторлары бар дауыс тактасы; құлаққапты немесе динамикті акустикалық жүйелер, микрофондар т.б. бар. Аталған аппараттық құралдармен жоғары өнімді әрі жады көлемі үлкен процессорлармен жұмыс істеуге болады. Мультимедиалық контентті сақтауға жады жетіспеугеушілігі, ақпаратты сақтауға техникалық және жүйелік құралдар дамытуға жағдай жасайды және ақпаратты жылдам және әсерлі қысу әдістерін ойлап табуға итереді.

Мультимедиа технологиясы — бұл пайдаланушының жүйемен интерактивті қарым-қатынас жағдайында тәсілдердің, әдістердің, жинақтау, өңдеу, сақтау, беру, ақпаратты әзірлеу (мәтіндік, графикалық аудио- бейне- визуалдық) жиынтығын пайдалануды қамтамасыз етуші бағдарламалық кешендер мен жүйелерде бір мезгілде пайдалануға негізделген ақпараттық технология.

Мультимедиа технологиясын пайдаланудың негізгі бағыттары: білім беру мақсатындағы электрондық басылымдар, ойын-сауық т.б.; телекоммуникацияда – тапсырыстық телехабарлар және қажетті кітапты іздеден мультимедиа конференцияға қатысуға дейін мүмкіндік шоғыры. Мұндай жаңалық жұмыстар Information Highway атауын алған; пайдаланушының сұранысы бойынша көрнекі ақпарат беретін мультимедиялық ақпараттық жүйелер («мультимедиакиосктер»).

Мультимедианың қазіргі заман технологиясына: гипермедиа (hypermedia, H-media) — «гипермәтін» кеңейтілген ұғымы, деректерді жазу құрылымын ұйымдастырудың мультимедиялық (соның ішінде аудио, үш өлшемді графикалық, анимациялық) түрі; интерактивті мультимедиа (interactive (multi)media) — диалог режимінде бейнекөрініс және дыбысты ерікті басқару мүмкіндігін беретін; live video (нақтылы/тірі бейне) — нақтылы уақытта жұмыс істеу қабілеті көзқарасынан мультимедиа жүйесінің сипаттамасы. Мысалға дайындалған IBM жатады: Linkway Live и StoryBoard Live.

Ғылыми-техникалық прогресстің жетілуіне және техникалық құралдарды жаңғыртуға байланысты нарықта толық жабдықталған мультимедиялық компьютерлер, жеке толымдаушылар мен өзіне дауыс картасын, шағын-дискілер жетегін, джойстик, микрофон, акустикалық жүйелерді қосатын қосалқы жүйелер (Multimedia Upgrade Kit) ұсынылған.

Мультимедиа аясындағы негізгі техникалық шешімдерді қаралық.

Мультимедиялық процессор (multimedia processor) — мультимедиа режимін қолдаушы процессор. Процессорлардың бұл санатына MMX (MultiMedia eXtension — мультимедианы кеңейту) бағдарламасы бойынша орындалатын жұмыстар жатады. Мультимедиялық процессорлар, ПЭВМ схемалық элементтердің соның ішінде микросхемалар мен кеңейту тақталары, айтарлықтай

қысқартылған жағдайында, соның ішінде динамиктік графиканы көрсету сапасы жоғарылауы мүмкін деп болжанады. MMX — *Intel* фирмасы 1996 жылдың мамырында баспаға шығарған үйге арналған Pentium ЖК базасында Intel процессорларының сәулетіне мультимедиа режимдерін қолдау құралдарын біріктіруді болжайтын технология.

Мультимедиялық ЖК (Multimedia Personal Computer — MPC) — MPC стандарты талаптарына сай компьютер; сертификаттын сауда маркасы MPC стандарты талаптарына сай. *MPC Marketing Council* лицензия бойынша Multimedia Personal Computer сауда маркасы үш түрлі бұйымға салынады: ПЭВМ, оларды кеңейту қондырылымдары және қолданбалы бағдарламалар пакеті.

Үйге арналған медиасервер (мультимедиялық орталық, медиацентр; home media server, media center) — цифрлық бейнетүсірілімдерді, музыканы, видео, телебағдарламаларды қоса, жазу және көрсету, кең таспалы интернет-ресурстарға қол жеткізу, анықтығы жоғары қарапайым және спутникті теледидарға, FM- радиостанса хабарларына оқуға және жазуға мүмкіндігі бар мультимедиялық ЖК.

Мультимедиялық монитор бірге орнатылған динамиктері мен біртұтас конструкцияда берілген.

Мультимедияны басқару тақтасы (multimedia control panel) — ЭВМ экранында көрінетін, мультимедиа құралдарын (соның ішінде музыкалық құралдар және басқа шалғай қондырылымдар) үшін сонымен қатар мультимедиялық қосымшаларды навигациялау тақтасы.

Мультимедиялық қосымшалар (multimedia applications) — мультимедиа технологиясын іске асыруды қамтамасыз етуші қосымша құралдар.

Мультимедиялық ноутбуктің ерекшелігі: DVD-сапалы көп қанаулы дыбыспен байсалды көрсету; музыканы Hi-Fi-сапасында шығару; бейне файлдарды редакциялау және монтаждау үшін есептеу қуаты; жоғарғы рұқсаттағы 30-ойын; шолу бұрыштары кең үлкен экран; коммуникациялық мүмкіндіктер мен интерфейстік порттар толық пакеті; жақсы басуға болатын ыңғайлы толық көлемді пернетақта.

Виртуалды жүйенің сәулеті (Virtual System Architecture — VSA) — мультимедиялық ЖК үшін Cyrix фирмасы жасаған мультимедиялық құрал; бағдарламалық-аппараттық кешен;

өзінің негізгі функцияларын (орталық процессор, графикалық контроллер, PCI шинасын басқару схемасы, математикалық қосымша процессор, кэш-жады, бейне және дыбысты өңдеуші қосалқы жүйе, графикалық акселераторлар) қосымша микросхемаларды тартпай бір модульде (MediaGX) іске асырады.

Мультимедиялық пернетақта — бұл бірге орнатылған дыбысты, бейнені, браузерді т.б. басқаратын түймелері бар стандартты пернетақта. Мысалы, Midi-пернетақта (фортепиано пернетақтасы), электронды кітаптарды, цифрлық фото жақтау.

TV-тюнер. «Тюнер» (tune) деген сөз көп жағдайда бір затты реттеу немесе түзету деп аударылады, бірақ бұрын осы атаумен жоғары сапалы дәл күйге келтірілген радиоқабылдағышты атаған.

TV-тюнер — компьютер мониториянда көрсетуге хабарлаудың әр форматындағы телевизия сигналын қабылдауға арналған ерекше қабылдағыш.

Кейбір өндірушілер қазіргі заман TV-тюнеріне FM-радиостансасын қабылдау мүмкіндігін орнатқан — мұндай қондырғы *TV/FM-тюнері деп аталған*. TV-тюнер таңдағанда қабылданатын дабыл типін анықтап алу қажет. TV-тюнері арқылы IP-TV (интернет арқылы теледидар) қарау үшін пайдалануға мүмкіндік деп ойлау — ең үлкен қателіктің бірі.

TV-тюнерлерінің келесі типтерін айырады:

- *балама* — әдетте бөлмелік немесе ортақ антеннаға қабылданатын, төбеге орналастырылған немесе шоғырсымды TV (балама стандарты: SECAM, PAL, NTSC) теледидар көруге пайдаланылады;
- *цифрлық* — цифрлық TV арналған, дабылдың бір түрін қолдайды. Сонымен қатар спутникті және шоғырсымды тюнерлер (цифрлық стандарты: DVB-S, DVB-T, DVB-T2) болады;
- *будандастырылған* — дабылдың бірнеше типін қолдау. Балама хабарлау және DVB-T модельдері жиі кездеседі, әдетте мегабудандасқан деп аталатын модельдері де бар. Олар теледидар дабылының үш типін қарастырады: балама және екі цифрлық (DVB-T и DVB-S).

Тюнерлердің кейбір модельдері, бір бұйымда барлық функцияларды қоса атқарып (MPEG1, MPEG2, MPEG4 форматтарда бейнежазу), бейнебасып алуға мүмкіндік береді.

TV-тюнерлерді екі негізгі қосылу әдісі бойынша ішкі және сыртқы деп бөлуге болады. *Ішкі тюнерлер* кеңейту тақтасы түрінде орындалған, компьютердің ішіне PCI, PCI-E, ExpressCard кеңейту слоттарына орнатылады. Олар энергияны аз тұтынады, көлемі

шағын және ExpressCard интерфейсінің жұмыс жылдамдығы жоғары. TV-тюнердің мұндай модельдерін ноутбуктер үшін таңдайды.

Сыртқы тюнерлер USB интерфейсы арқылы қосылады. Сыртынан қарағанда flash-жинақтауышты еске түсіреді және үстел компьютеріне де ноутбукқа да пайдаланылады. Функционалды USB-тюнер ішкі модельдерге жол бермейді. TV-тюнерлердің автономды модельдері бар, олар жүйелік блокқа қосылмайды. Мұндай тюнерлер дербес қондырылым болып табылады, тікелей мониторға қосылады.

Өндірушілер TV-тюнердің біріктірілген келесі түрлерін ұсынады: бейнебасу, FM-тюнер, прогрессивті ұңғылау, NICAM стереодыбысты қолдау, FireWire, сурет ішіндегі сурет, мультитэкран, жазу таймеры, қарауды кейінге қалдыру режимі, телемәтін, ара қашықтықтан басқару пульті, сыртқы ИК-датчигі.

Бейне басу тақтасы. Мұндай тақта балама бейнедабылды цифрлық бейнеағысқа түрлендіру үшін арналған. Ішкі және сыртқы екі тақта анықталады. Кез келген пайдаланушы кассетадағы өзінің ескі жазбаларын цифрлық форматқа ауыстыра алады, қажет болғанда редакциялап, онан соң дискке жазуына болады. Балама бейнекамера қосуға да болады. Тақтаның өзі кеңейту слотына PCI, PCI-E қосыла алады, ал ішкісі USB интерфейсына (2.1-сурет) USB әмбебап интерфейсі арқасында, қондырылым-



2.1-сурет. Бейнебасудың сыртқы тақтасы

ды ноутбукке немесе ЖК оңай қосуға болады. Қондырылымды қосқан соң бірден бейнекамера, бейнемагнитофон, DVD-плеер немесе кез келген балама шығуы бар қондырылымдардың дабылын цифрлауға дайын.

1.2. КОМПЬЮТЕРДІҢ БЕЙНЕЖҮЙЕСІ (ВИДЕО)

2.2.1. Монитор

Бейне (видео) — графикалық ақпаратты түсіру, өңдеу, беру, жазу, көрсету. Қазіргі заманның бейнебақылау жүйесі бейнекамерадан (алынған ақпаратты өңдеу және беру) (лат video — қараймын, көремін) және монитордан (ақпаратты көрсетуге арналған) тұрады. Бейнежүйелер күзет жүйесінде пайдаланылады, жылдам өтетін процесстарды баяулатып қарау, ұсақ детальдарды монтаждағанда визуалды көмек, ұзындықтар мен аудандарды жанаспай өлшеу, берілген параметрлердегі түс салыстыру және лайлануды, теледидарлық микро және эндоскопия жасауда, автобейнетіркеуіште, физикадағы нашар жарықталатын құбылыстарды тіркеуде пайдаланылады.

Компьютердің бейнежүйесі негізгі үш компоненттен тұрады: монитор, бейнекарта және бағдарламалық камтамасыз ету (драйвер). Бейнежүйені құрудың үш негізгі типі бар: бейнежүйенің жүйелік блок құрамына еніп, компьютердің негізгі жадысын пайдаланатын, мониторсыз микросхемасы; бірінші типке балама, бірақ өз жадысымен; стандартты интерфейс арқылы бір біріне қосылатын, жеке қондырылым ретінде берілген бейнежүйе.

Монитор — бұл пайдаланушыға қол жетімді түрде ақпаратты шығару қондырылымы. Монитор кез келген бейнежүйенің құрамына енеді (кей жағдайда монитор орнына теледидар пайдаланылады). Олар барлық компьютерлік бағдарламалармен негізгі визуалды (көрінетін) байланыс қанауы болып табылады және жалпы сапасы мен барлық компьютерлік жүйелерді пайдалануға ыңғайлылығын анықтағанда өмірлік маңызды компонент болып табылды. Қазіргі ақпараттық технологиялар монитордан үш өлшемді және кең форматты графикалық ақпаратты көрсетуді талап етеді. Сондықтан монитор өндірудің қазіргі заман технологиялары пайда болуы компьютер құрамдаушыларының басқа жүйелелерінің дамуына тікелей байланысты.

Шығарылатын ақпарат түрі бойынша мониторлар: әліпбилік-сандық (мәтіндік дисплей (рәміздік) дисплей (character display system)) — бұқаралық пайдалануға шығарылмайды; графикалық — мәтіндік және графикалық ақпаратты шығаруға арналған; векторлық (vector-scan display) және растрлы (raster-scan display) — әрбір графикалық қосымша жүйеде айдаланылады.

Экран типі бойынша мониторларды келесі екі түрге бөледі: электронды-сәулелік түтікше негізінде; сұйық кристалды (ЖК); плазмалық тақта негізінде; проекциялық теледидарлар; органикалық сәуле шығаратын диодты монитор; көз торында құрылған бейнелеуді шығару қондырылымы технологиясы; лазерлік тақта негізінде.


Бейнеудің мөлшерлігі бойынша: екі өлшемді (2D) монитор — қарапайым бейнелеу және үш өлшемді (3D) — көлем әсері болу үшін әр көзде жеке-жеке бейне көрсетуі болып бөлінеді.

Сұйық кристалды монитордың құрылымы (СК-монитор). СК-монитор келесі негізгі блоктары бар (2.2-сурет): қорап (беткі және артқы тақта, перне блогі); СК-матрица (жұқа пленкалы транзисторлар басқаратын тақта); матрицаны басқару тақтасы; сүзгіштер; бейнекөріністі өңдеу блогі; қоректену блогі.

Жұқа пленкалы транзистор (Thin Film Transistor — TFT) — жұқа пленкалы транзистор басқаратын белсенді матрица пайдаланылатын СК дисплейдің бір түрі. Бұл қондырылымның негізі болып тоңба тәрізді масса (сұйық кристаллдар) табылады.

СК-монитордың негізгі жұмыс принципі жарық толқындарының тербелісін реттейтін (поляризациялайтын) сүзгі арқылы көмескі жарық беретін шам сәулесінен өтіп, поляризациялануы болып табылады. Одан ары жарық жартылай мөлдір басқарушы электродтар арқылы өтіп, сұйық кристалдар қабатына жетеді. Басқарушы кернеуді өзгерту арқылы жарық ағысын поляризациялауды 0-ден 90°-қа дейін өзгертіп отыруға болады. Сұйық кристалдар қабатынан кейін жарық сүзгіштер орналасқан, мұнда әр нүкте қажетті түске боялған – қызыл, жасыл, көк. Егер экранға поляризациялайтын жарық сүзгіш арқылы қарамаса, түстер айырылмайды, себебі адам көзі түсті поляризациялауды айырмайды.

Ертерек СК-матрица «сылбыр» болған. Олар тек қана үш базалық пикселдің (қызыл, жасыл, көк) жинағын – субпикселді басқара алған. Біршама уақыттан соң ғана СК монитор өндіру технологиясы белсенді матрицалары бар СК-тақталарды пайда-



2.2-сурет. СК-монитордың бөлшектенген түрі

1 — қорап қақпағы; 2 — монитордың артқы қақпағы; 3 — бейнесуретті өңдеу блогі; 4 — қоректендіру блогі; 5 — қоректендіру инверторы; 6 — тaқтaның артқы қақпағы және газдыразрядтау шамы; 7 — сүзгіштер; 8 — матрицаны басқару тaқтасы; 9 — СК-матрица; 10 — тaқта қақпағы; 11 — пернелер блогі; 12 — алдыңғы бет тaқтасы

лануға көшті. Оларда әр субпиксел жеке басқарылады. Бұл монитор көрсететін түс рендерінің санын ондаған есе – 16 миллионнан артық арттыруға мүмкіндік берді.

Қазіргі кезде *Samsung, Philips, Lenovo, Acer, ASUS, NEC, LG* өндірушілер ұсынатын келесі қосымша қондырылымдармен жабдықтала алады:

- *LED-көмескі жарық беру* — экранды түрлі түспен қамтуды мүмкін ететін, оның қалыңдығы мен энергия тұтынуын азайтатын жарықдиодты жарықтандыру;
- *Бейнекөзілдірік* — 3D-технологиялары есебінен көлемді бейнекөріністерді көруге мүмкіндік береді;
- *TV-тюнер* — мониторды теледидар ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Мұндай тюнерлер әртүрлі бейнетехникаларға (қосымша, бейнекамера, плеер т.б.) қосымша жалғағышпен жабдықталған;
- *Бірге орнатылған динамиктер* — кәдімгі мониторды мультимедиялыққа ауыстырады, бірақ дабысы бойынша колонкалардан сапасы кем;
- *Бірге орнатылған веб-камера* — веб-камера сатып алу қажеті жойылады және USB- жалғағыштар үнемделеді;
- *картридер*, яғни мониторға бірге орнатылған жады картасын оқушы. Оның көмегімен жүйелік блокты пайдаланбай жады картасына жазылған бейнекөріністерді, бейнероликті көруге болады.

90° бұрылу, немесе СК мониторда ескерілген, тараптар байланысын өзгертетін, құжаттармен, фотосуреттермен жұмыс істеу мүмкіндігін арттыратын портреттік режим.

Эргономика әртүрлі шеттерді қосуға мүмкіндік беретін, монитор биіктігі бойынша реттеу түрінде бірге орнатылған өндірушілер ұсынған USB-хаб.

Монитор сипаттамасы. Монитор, компьютердің басқа құрамды бөлшектері секілді жиі жаңартудың негізгі бөлігі болып табылады. Сондықтан, жаңа монитор сатып алғанда сапалы өнім алудың маңызы зор. Ол үшін монитордың сипаттамасы мен сапалық көрсеткіштерін білу қажет.

Бірінші кезекте мән берілетін, ең маңызды сипаттама — *экран диагоналі*. Оның мөлшері дюйммен көрсетіледі, 1" = 2,54 см. Диагонали үлкен мониторда жұмыс істеу ыңғайлы.

Экран форматы экран жақтарының қатынасымен анықталады. Мысалы, 16:9, 16:10 кең форматты монитор ойын ойнаған-


да шолу өрісін кеңейтеді, үлкен масштабта бірнеше құжаттарды карауға, кең экранды бейнефильмдерді көруге мүмкіндік береді.

Экран бетінің бүркеу типінің мағынасы үлкен: жылтыр немесе күгірт. Жылтыр бүркеудің жоғары шағылдыру қасиеті бар, оны пайдаланғанда жарықтық, кереғарлық және түсті беру жоғарылайды, бірақ мұндай бүркеудің өзіндік кемшіліктері бар — бликтердің болуы және бетінің кіршендігі. Күңгірт жабылған экранда жалтырдың кемшіліктері жоқ, бірақ кереғарлығы мен жарықтығы нашар.

Мониторды жүйелік блокқа қосу үшін, әдетте, VGA (D-Sub), DVI, HDMI, сонымен қатар DisplayPort жалғағыштары пайдаланылады. VGA қосу интерфейсінің баламасы болып табылады, бірақ сигнал берудің ең жоғары сапасын қамтамасыз ететін цифрлық интерфейс DVI және HDMI — жалғағыштар жиірек пайдаланылады (2.3-сурет). DVD/BR-плеерлерді, бейнекамераларды, бейнемагнитофондарды қосуға қызмет ететін басқалары да бар.

Жауап беру мерзімі СК монитордың пикселі LCD белсендіден (ақ) әрекетсізге (қара) одан қайта белсендіге (аққа) (Black To White — BTW) ауысу үшін жұмсайтын мерзімді көрсетеді. Бұл процесс миллисекундпен өлшенеді. Неғұрлым төмендеу сандар жылдам ауысуды, соған сәйкес бейнекөріністің бұрмалану көріністері санын азайтады. Ұзақ мерзім жауап бермейтін мониторлар, динамикалық контентті көрсету үшін жол беруге болмайтын бұрмалауды немесе жылжитын объектілердің маңайында қажетсіз бұлдырлықтың пайда болуына алып келеді. 8 мс дейін жауап беру мерзімі жарамды деп танылады.

Шолу бұрышы — бұл СК монитор экранындағы бейнекөріністі көрермен анық көре алатын ең жоғары бұрыш. Мысалы, егер



2.3-сурет. СК мониторға қосылу интерфейсі

TFT- монитордың ең жоғары жадағай шолу бұрышы 160° болса, көрермен бейнекөріністі орталық біліктен 70° ауысқан нүктеден қарағанда анық көреді. Ескі СК экрандарда анық бейнекөріністі көру үшін көрермен тура экран алдында отыруға тиіс болған.

Матрица монитордың негізгі бөлігі, оның сапасына монитордағы сурет сапасы тікелей тәуелді. Ол жарықты сүзіп өткізетін пикселдер массивін құрайды. Қазіргі уақытта шығатын барлық СК-мониторлар үш түрлі матрицаның бірімен жабдықталған. Үш типтің деңгейінде шолу бұрышы үлкен емес; шолу бұрышы ауысқанда түстердің бұрмалануы байқалады, әсіресе ол тігінен өзгергенде көрінеді. Кереғарлық үлкен емес, қара түс сұр болып көрінеді. TN + + film («film» атауы шамамен — 90-нан 150° дейін шолу бұрышын үлкейтуге пайдаланылатын қосымша қабат,) – ең қарапайым технология.

1. VA (Vertical Alignment). Матрицаның бұл типіне MVA, PVA жатқызады. TN салыстырғанда осы матрицалардың жауап беру мерзімі үлкен, бірақ түс беруі жақсырақ, шолу бұрыштары біршама үлкен, шолу бұрышын ауыстырғанда бұрмалану аз, тамаша кереғарлық. VA-матрицасымен мониторлар бағасы TN-монитор бағасынан жоғары.

2. IPS (In-Plane Switching). Мұндай матрицалар VA мен салыстырғанда жауап беру мерзімі үлкен, ал TN одан да үлкен. Өз кезегінде IPS-матрицалы мониторлардың шолу бұрышы мінсіз, кереғарлығы өте жақсы, түсті тамаша береді, сонымен қатар шолу бұрышы өзгергенде бұрмалану жоқ деуге болады.

Экран рұқсаты — бұл мониторда тігі және көлденеңі бойынша белгіленген нүктелер саны. Монитордың ең жоғарғы рұқсаты оның матрицасының физикалық шешімімен анықталады. Монитор рұқсаты көбірек болған сайын оған көбірек ақпарат шығаруға болады, бейнекөрініс бөлшектері дәл көрінеді. СК монитор экранының тиімді рұқсат беру қабілетін өндіруші анықтайды (2.1-кесте). «Пиксель мөлшері» түсінігі (және оған қарама-қарсы шама – бір дюймге сай пикселдер саны) монитор матрицасының рұқсатына тікелей байланысты: оның рұқсаты жоғары болған сайын көрші пикселдер арасындағы қашықтық азаяды, сөйтіп бейнекөрініс анықтығы жоғарылайды.

2.1-кесте

Матри- цаның диагона- лы, дюйм	Рұқсат		Тарап- тардың байла- нысы	Пикселдер арасын- дағы қашықтық мм	Дюймде- гіпиксел- дер саны (PPI)
	белгіленуі	пикселмен			
15	XGA	1 024 x 768	4 : 3	0,297	85,5
16	SXGA	1 280 x 1 024	5 : 4	0,248	102,4
17	WXGA	1 280 x 768	15 : 9	0,2895	87,8
17	SXGA	1 280 x 1 024	5 : 4	0,264	96,2
17	WXGA+	1 440 x 900	16 : 10	0,255	99,6
18,1	SXGA	1 280 x 1 024	5 : 4	0,2805	90,6
19	SXGA	1 280 x 1 024	5 : 4	0,294	86,3
19	WXGA+	1 440 x 900	16 : 10	0,284	89,4
19	WXGA	1 600 x 1 200	4 : 3	0,242	105,3
20,1	WSXGA+	1 680 x 1 050	16 : 10	0,258	98,4
20,1	UXGA	1 600 x 1 200	4 : 3	0,255	99,6
20,8	QXGA	2 048 x 1 536	4 : 3	0,207	122,7
21,3	UXGA	1 600 x 1 200	4 : 3	0,27	94
22	WSXGA+	1 680 x 1 050	16 : 10	0,282	90,1
22,2	WQUXGA	3 840 x 2 400	16 : 10	0,1245	204
23	WUXGA	1 920 x 1 200	16 : 10	0,258	98,4
23,1	UXGA	1 600 x 1 200	4 : 3	0,294	86,9
24	WUXGA	1 920 x 1 200	16 : 10	0,269	94,34
26	WUXGA	1 920 x 1 200	16 : 10	0,2865	87,1
27	WUXGA	1 920 x 1 200	16 : 10	0,303	83,9
30	WQXGA+	2 560 x 1 600	16 : 10	0,251	101

Кереметтілік ақ және қара түс деңгейі ара қатынасын білдіреді. Егер ол үлкен болмаса, экрандағы қара түс нашар жарықта сұр болып көрінеді. Ең жақсы кереметтілік MVA/PVA матрицасында, олардың негізіндегі мониторлар сызулар және графикамен жұмыс істеуге ұсынылады.

Төлқұжаттық, нақтылы және динамикалық кереғарлықтарды айырады. Төлқұжаттық кереғарлық — бұл өндірушінің деректері; нақтылы — пайдалану кезінде монитордың беретін кереғарлығы; динамикалық (Dynamic Contrast — DC) — шығарылатын бейнекөрініс сипаттамасы және бейнекөрініске сәйкес орта деңгейдегі кереғарлықты реттеу, оның мағынасы 20 000 : 1 дейін жету керек.

Ұңғылаудың ең жоғарғы жиілігі — бұл электронды – сәулелік мониторлар үшін ескірген көрсеткіш. СК-мониторда жолдармен жүгіретін сәуле жоқ. Экранның әр пикселі өзінің меншік ауыстырып – қосқышымен басқарылады. Жаңарту жиілігін ауыстыруға тағы болмайды — бұл тиянақталған шама және 60-75 Гц құрайды.

Монитор көрсетуге қабілетті түстердің ең көп санының көрсеткіші тек СК монитор үшін қолданылады, электронды-сәулелік түтікшелері бар мониторға оның саны шектелмейді. Өндірушілер, әдетте екі санның бірін көрсетеді: 16,2 млн немесе 16,7 млн. СК монитор шығаруға қабілетті түстердің саны шектелген және бейнекөрініс туралы ақпарат беру үшін СК-тақтада қанша разряд қолданылатынына байланысты. СК-мониторлардың көпшілігі 262 мың түс көрсетуге қабілетті 18 – разрядты тақталармен жабдықталады. Арнайы технология (дизе-ринга) көмегімен мұндай тақталар 16,2 млн. түс көрсете алады. Бұл технологияның мәні, түстің әр қажетті түрі түстерді өзіне жақын реңдермен араластыруда. Мысалы, қажетті түс реңін екі реңді түстердің арасында пикселді жылдам ауыстырып қосу көмегімен алуға болады (көбірек қаныққан және қажет түске қарағанда азырақ қаныққан реңдерді). Адам көру инерциялығынан өшіп-жанып тұрған пикселді, тұрақты, қажетті орташаландырылған түс реңіндей қабылдайды. 24-разрядты тақталы СК-мониторлар, қосымша айла-тәсіл қолданбай-ақ 16,7 млн. түс көрсетуге қабілетті. Мұндай тақталармен өте жоғары санатты, түс беру маңызды рөл ойнайтын мониторлар жабдықталады.

Жарықтық экран жарықтануының қарқынын көрсетеді. Жоғары жарықтық, монитор күшті жарықталған жай ішінде жұмыс істейтін жағдайда қажет. Бейнекөрініс жарықтығы төмен болғанда, ол сыртқы жарық көзінен жарық алады. Бұл сипаттама шаршы метрге канделмен есептеледі (кд/м²). Орта есеппен қазіргі заман мониторларында жарықтылық 200.375 кд/м² құрайды.

Сенсорлы экран (touchscreen) — бұл жанасуға сезінгіш, пайдаланушы компьютермен суреттерге, функционалды түймелерге қол тигізу арқылы жұмыс істеуге мүмкіндік беретін монитор. Мұндай экрандар пернетақтасы мен тінтуірі жоқ қондырылымдарда пайдаланылады. Күннен-күнге сенсорлы мониторлардың танымалдылығы жоғарылай түсуде, адамзаттың көпшілігі компьютерді басқарудың ыңғайлылығы мен жеңілдігін таңдауда. Сондықтан, қандай да бір оқып-үйренуді талап етпейтін сенсорлық технология жаңалықтары пайда болуда.

Сенсорлық басқару жинағында сенсорлық тақта, контроллер және аталмыш қондырылым үшін драйвер орнатылады. *Сенсорлық тақта* — компьютерге орнатылған, сериялық USB-порт немесе шинаға қосылатын монитордың сыртқы экранына салынатын тақта. Бұл тақта қол тигізуді аулап *контроллерге* дабыл береді. Контроллер осы дабылдарды өңдеп, ақпаратты процессорға жібереді. *Драйвер* жанасу дабылдарын, тінтуір беретін дабылдарға айырбастайды.

Тәжірибеде кез келген мониторды сенсорлыққа ауыстыруға болады. Ол үшін мониторға арнайы сенсорлық экран орнату керек. Осындай экрандардың жұмысы келесі принциптерге негізделген: резистивтік, беткі акустикалық толқындар (ПАВ), сыйымды және инфрақызыл технологиялар.

Резистивті сенсорлық тақталар электр тогын өткізетін металл пластинкамен және электр ағынында өзгертулер шақыратын резистивті қабатпен жабылған, ол түймені басу сияқты танылады да, диспетчерге өндеуге жібереді. Олар кез келген жанасуды қабылдап өңдей алады, қарындаш немесе саусақ, бірақ мұндай тақталар микрозақымға сезімтал — оларды тақтаны белсенді пайдалану болжанатын орындарға орнатпауға ұсынылады. Резистивті сенсорлық тақталар жұмысына шаң немесе су тиюі әсер етпейді. Резистивті экран үстіне майысқақ мембрана салынған, шыны СК-дисплейді білдіреді. Жанасу жағына резистивті құрам жағылған, ал жазықтықтар аралығындағы кеңістік диэлектрикпен бөлінген. Тақтаның шеттеріне электродтар (төрт не сегіз; бес не алты және жеті) бекітілген. Басқан кезде экран және мембрана басылған жерде жанасып, олардың координатасы жоғарғы және төменгі тақталарға дәйекті ток беру және тақталарға жанасу нүктесіндегі кернеуді өлшеу жолымен есептеледі. Әдетте, жылтырататын бет жасайды және осы мониторларды жылтылдаққа қарсы қабатпен жабады.

ПАВ-технологиясы сенсорлық тақтаның беткі қабатымен өтетін ультрадыбыстық толқындар қолданылады. Тақтаға жанасқанда толқындардың бөлігі сіңіріледі. Ультрадыбыстық толқындағы бұл өзгеріс жанасу ретінде қабылданып, ақпарат контроллерға (жаңғыртушы) өңдеуге жіберіледі. Тақталарды дайындауға вандалдыққа қарсы 4 немесе 6 мм қалыңдықтағы арнайы шыны пайдаланылады. Мұндай тақталар сенсорлық киоскілерге, төлем автоматтарына қондыруға арналған.

Сыйымды сенсорлық экран. Жалпы жағдайда мөлдір резистивті материал қабаты жағылған шыны тақта. Тақтаның бұрыштарында өткізгіш қабатқа төмен вольтты ауыспалы кернеу беретін электродтар орнатылған. Адам денесі электр тогын өткізуге қабілетті және біраз сыйымдылықты болғандықтан, экранға жанасқан кезде жүйеде кему пайда болады. Осы кему орны, яғни жанасу нүктесін, қарапайым контроллер тақта бұрыштарындағы электродтар деректері негізінде анықтайды. Экранда жоғары сенімділік қамтамасыз ететін және жарықты көмескілендіретін, ешқандай майысқақ мембрана жоқ. Экранға тырнақпен жанасуға болмайды, пәрмен танылмайды – тек қана саусақпен. Бұл экран кері температураны да қабылдамайды: жақсы жағдайда координатаны анықтау дәлдігі төмендейді, жаман жағдайда – ол мүлде жауап беруді доғарады.

Инфрақызыл (IR) тақталар шаң-тозаңнан, тырналудан жеткілікті сақтанған. Инфрақызыл тақтаның басты жағымды жағының бірі жақсы жарықтануы және бейнекөріністің дәлдігі. Инфрақызыл тақталар көбінесе тұсаукесерге, интерактивті оқыту курсына және қоғамдық пайдалану стендтерінде, POS-терминалдарда қолданылады. Инфрақызыл технология жарық сәулесінің үзілуіне негізделген. Схемасы – инфрақызыл жарық диоды және фототранзисторлардың өзара жағымды қарым-қатынасы. Олар дәйекті түрде қосылып өшіріледі және сәйкесетін фототранзистор дабылды оқиды. Экранға жанасу жарық сәулесінің үзілуіне және белгілі фототранзистордың дабыл алмағанына сәйкеседі.

2.2.2. Бейнекарта

Бейнекарта (басқаша — бейнеадаптер, графикалық адаптер, графикалық тақта, графикалық карта, графикалық жылдамдатқыш) — бұл бейне дабылды (кейде аудио) өңдеп, ақпарат-

ты көрсету қондырылымына, мысалы, монитор TV шығаратын компьютердің электронды қондырылымы.

Бейнекартаның құрамында қуатты графикалық процессор, өте жылдам жады, (жылдамдығымен жедел жадыдан асып түсетін) бар. Графикалық процессор — бейнекартаның жұмысын басқаратын орталық элементі, сонымен қатар әртүрлі графикалық, рәміздік ақпаратты есептеп шығарып құрады. Өз кезегінде ол ақпаратты адам қабылдауына ыңғайлы түрге келтіріп құру бойынша әрқайсысы өз тапсырмасын орындайтын элементтерден тұрады.

Графикалық процессордың есептеу ядросының соңғы ең жылдам бейнекарталарында шамамен 3,5-4,3 млрд. элементарлы транзисторлар бар. Осыншама транзисторларды бір 5*5 чипке сыйғызуға 28 нм технологиялық процесс мүмкіндік берді. Элементарлық транзисторлар бейне сурет құру бойынша нақтылы тапсырманы орындау үшін топқа жиналады. Бұл топтар өзара байланысып, қорытындысында мониторға сурет шығаратын, деректер мен пәрмендер ағысына жұмыс істейтін, конвейер құрайды. Бейнекартаның қуаты, осы конвейерлердің санын және операцияларды орындау жылдамдығын анықтайды.

Ядроның сәулетіне байланысты, және ағыстарына байланысты, қазіргі заман бейнекарталарында конвейерлер саны бірнеше ондаған болуы мүмкін, және оның бәрі бір мезгілде (синхронды) жұмыс істей алады – операцияларды параллелдеу болады. Осының бәрі синхрондықты, конвейерді дәл айқын басқаруды талап етеді: деректерді өңдеуге уақытында беру, осы деректерді осы күрделі жұмыстың басқа қатысушыларына мерзімінде жеткізу. Меншік графикалық жады графикалық процессордың есептеу қорытындысын, мониторға шығарылатын бейнесурет кадрларын сақтауға мүмкіндік береді. Ең соңғы бейнекарталарда GDDR5 жадысы бар, оның жылдам әрекет етуі шамамен — 1 500 МГц, яғни ол графикалық процессордың өзінен жылдамырақ жұмыс істейді. Жады, әрқайсысы өз тапсырмасын орындайтын блоктарға бөлінеді. Бір блок графикалық ядрода құрылған бейнесуретті монитор экранына шығарады; екіншісі осы уақытта бейнесурет кадрының келесісін құрады; үшіншісі – бейне сурет элементтерін сақтайды, мысалы, текстура блогы. Келесі типтегі бейнекарталарды ажыратады: бірге орнатылған, дискреттік және төмен профильді.


Бірге орнатылған (біріктірілген) бейнекарта (бірге орнатылған графика, integrated videocard) — аналық тақтаның чипсетіне немесе орталық процессорға бірге орнатылған бейнепроцессор (2.4-сурет). Мұндай бейнекарталар ең жоғары жылу шығару жағынан шектелген, сондықтан қуатты бейнечиптер оларда қолданылмайды. Бірақ оларға 2D және қарапайым 3D үшін өнімділігі жеткілікті. Сонымен қатар олар, бірге орнатылған декодер көмегімен HD-бейнені кодтап және көрсете алады. Бірге орнатылған бейнекарталар, жады өнімділігінде белгі беретін буфер сапасында жедел жадыны пайдаланады. Бірге орнатылған бейнекарта шығулары аналық тақтада орнатылған. Оларды кеңселік қондырылымдарда немесе қазіргі заманғы ресурстар талап етуші ойындарға пайдаланылмайтын компьютерлерде қолданады. Энергияны аз пайдалануы арқасында оларды негізінен — ноутбук, нетбук, планшет сияқты шағын қондырылымдарда пайдаланады.

Дискреттік бейнекарта (сыртқы, жеке) — таратылуы бойынша екінші тип (2.5-сурет). Ол компьютердің аналық тақтасының (PCI-express, AGP, PCI) слотына арнайы салынады.

Өзінің меншік қоректену және салқындату жүйесі бар. Бірге орнатылғаннан айтарлықтай өнімділігімен және жылу бөлгіштігімен өзгешеленеді. Демек, салдарларына жол бермеу үшін компьютердің қоректену блогының қуатын ескеру керек.

Төменпрофилді карталар (low profile) slim-қорапқа орнатылады, дағдылысына қарағанда көлемі бойынша кішілеу. Олар бастапқы деңгейдегі бейнекарта болып табылады және қарапайымдатылып жинақталған компьютерге пайдаланылады.

Бейнекартадан бөлек, *бейне процессорға* (GPU — графикалық процессор) назар аудару керек. Нарықта дискреттік графикалық процессор өндірушілер бар болғаны екі компания: *NVIDIA* и *ATI/AMD*. Ал олардың *ASUS*, *Gigabyte*, *Sapphire*, *MSI* сияқты әріптестері GPU, NVIDIA немесе ATI/AMD базасындағы бейнекарталарды сатумен айналысады. *AMD* және *NVIDIA* үстел компьютерлері үшін сәйкес Radeon және GeForce сызғыштары ұсынылған. Сериясы буынын және сызғыштағы бейнекарта өнімділігін көрсете



2.4-сурет. Бейнепроцессор еді.



2.5-сурет. Дискретті бейнекарта

Мысалы, *ATI үшін* — FireMV 2250, FirePro V7900, Radeon HD 7750 серия; *NVIDIA үшін* — GeForce 210, GeForce GT 630, GeForce GTX 650, Quadro NVS 300 т.б.

Графикалық және орталық процессорларда кодты атау болады. Аталған шифрлау буынын, ядроның атауы мен бейнекарта жасалған модификациясын ашады. Бір ядрода бірнеше бейнекарта модельдері шығарылуы мүмкін, мысалы: Turks ядросында — AMD Radeon HD 6570 және 6670; GF110 ядросында — *NVIDIA* GeForce GTX 570. Графикалық процессор бойынша бірінші сипаттама бейнежүйенің өнімділігін көрсетеді. Графикалық процессордың жиілігі неғұрлым жоғары болса, оның қуаты салқындатуды талап ететін жылу шығаруы жоғары болады. Ядроның барлығы биік жиілікте жұмыс істеуге қабілетті емес, сондықтан өндірушілер процесстарды оңтайландыруды ескере отырып жаңа пәрмен және алгоритмдермен ядро шығаруды дұрыс көреді.

Екінші сипаттама экранға шығаруға қажетті, бейнекөрініс элементтерін сақтауға арналған жедел жады көлемі (шамамен 6 Гбайт) болып табылады. Әдетте 1 және 2 Гбайт бейнежадымен жинақтар ұсынылады. Сонымен қатар бейнежадының типін, шиналар деректерін (разрядтылығы) және жиілігін ескеру керек. Қазіргі заман бейнекарталарында жадының GDDR5 типі пайдаланылады, бұған дейін GDDR4, GDDR3, GDDR2 болған. Бейне-

жады типтерінің атаулары жедел жады атауларына ұқсас (DDR2, DDR3), оларға тек «G» әрібі қосылады (GDDR5 — Graphics Double Data Rate 5). Бірақ атаулары ұқсас болғанымен, құрылымы мен функционалдығы недәуір өзгеше GDDR5 — hiend-санатты бейнекартада пайдаланылатын өте жылдам бейнежады. Ол төрт еселік жиілікте 5 ГГц (теоретикалық — 7 ГГц-қа дейін) жұмыс істейді. Бұл 256 биттік интерфейс пайдаланғанда өткізу қабілетін 120 Гбайт/с дейін көтеруге мүмкіндік берді. Мысал үшін: GDDR3 немесе GDDR4 типті жадыда өткізу қабілетін көтері үшін жалпақтығы 512 бит шина пайдалану керек болар еді. GDDR5 пайдаланғанда өткізу қабілеті чиптің өзінің кіші мөлшерінде және энергия аз жұмсалып, өнімділік екі есе арттырылды.

Кез келген бейнекартада өзінің *салқындату жүйесі* болады, олар белсенді немесе әрекетсіз болуы мүмкін. Қарапайым кеңселік бейнекарталарға арналған әрекетсіз салқындату жүйесі радиатор түрінде ұсынылған. Ойын бейнекарталарында белсенді салқындату жүйесі (кулер) немесе сұйық салқындату пайдаланылады.

Әр бейнекартада, монитор, проектор, теледидар, бейнекөзілдірік секілді қондырылымдарға дабыл беруге мүмкіндік беретін жалғағыш орнатылған. Жалғағыштар балама (VGA (D-Sub), TV-out) және цифрлық (DVI, HDMI, DisplayPort) болады. Цифрлық дабылды баламаға ауыстыру бейнекөрініс сапасын төмендетуге әкеліп соғады. Көптеген бейнекарталар кем дегенде екі монитор қосуға болатын бірнеше жалғағыштармен жабдықталған, бұл біріне есептеуді орындау бағдарламасын қосуға, екіншісін браузер қосуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар *бейнекартаны* басқа кеңейту слоттарымен, мысалы TV*-тюнермен *біріктіру ерекшелігін* естен шығармаған жөн. Әр өндіруші ДК талаптарына жауап беретін, жетілдірілген технологиялық өзгерістер енгізеді. мысалы SLI-технологиясы *NVIDIA* жән Crossfire-технологиясы *AMD*. Бұл технологиялар бейнежүйенің өнімділігін арттыру үшін бірнеше бейнекартаны массивке жинауға мүмкіндік береді. Бір бейнекарта күрделі графиканы өңдеуге арналса, екіншісі (куаты аздау) – аппараттық ресурстарды өңдеуге арналады.

Бейнекарталарды жеткізудің екі типі бар: Retail (RTL) және OEM. Retail бейнекарта, драйверлі диск және қосымша жалға-стырғыштары және басқа керек-жарақтары бар қорапта тасымалдауды түсінеді, OEM — бұл ең аз жинақталған антистатикалық пакет, яғни драйверлі диск.

ДЫБЫС ЖҮЙЕСІ

2.3.1. Дыбыс картасы

Ең алғашқы дыбыс картасы 1989 жылы пайда болды, сонымен қатарлас ДК дыбыстық аудиожүйесі де пайда болды.

ДК аудиожүйесі — бұл келесі функцияларды орындауға арналған бағдарламалық-аппараттық құралдар кешені:

- Сыртқы көздерден түсетін дыбыс сигналдарын жазу, мысалы микрофоннан. Жазу процесінде кіруші балама сигналдар цифрлыққа ауысады және одан ары цифрлық түрінде сақталады (мысалы қатты дискте);
- Ертерек жазылған балама сигналдарды шығару және сыртқы тізбекке беру. Дыбыс қосымша жүйесін тікелей пайдаланғанда, ертерек жазылған дыбыстық деректер сыртқы акустикалық жүйе (колонкалар) немесе құлаққап көмегімен шығарылады;
- Дыбыстық компакт-дискілерді шығару. Бүгінгі жаңа дыбыс карталарында келесі мәселелер шешіледі:
- Микширлеу (араластыру) бірнеше көзден жазу немесе дабыл шығару. Осы жағдайда әр қанауда дабыл жүйесін басқару іске асырылады. Сонымен қатар дабылдардың қосынды деңгейі (Master Volume) реттеледі. Дыбыс дабылдары (сигналдары) микшерге балама немесе цифрлық түрде беріле алады;
- Дыбыс сигналдарын бір мезгілде жазу және шығару. Бұл жазу және шығару қанаулары параллельді түрде әрекетке келтірілген, дыбыс картасы жұмысының Full Duplex режимі;
- Дыбыс сигналдарын өңдеу: редакциялау, сигнал фрагменттерін біріктіру немесе бөліну, сүзгіштен өткізу, деңгейін өзгерту т.б.;
- Дыбыс сигналының стереофондық панорамасын және әр қанауда жазу және шығару кезінде сигнал деңгейін басқару;
- Қарапайым стереофондық сыйымды дыбыс сигналын пайдаланғанда сыйымды дыбыс атағын алуға мүмкіндік беретін, алгоритмдерге сәйкес, сыйымды (үш өлшемді -3D Sound) дыбыс шығарылуын өңдеу;
- Электронды музыкалық аспаптардың және адам сөйлеуінің, басқа да өзге дыбыстарды синтезатордың көмегімен өндіру (музыканы синтездеу);

- MIDI арнайы интерфейс арқылы сыртқы электрондық музыкалық аспаптар жұмысын басқару.
Қосымша екі мүмкіндік бар:
- Мәтінді ауызша тіл көмегімен енгізу. Ол үшін Dragon Naturally Speaking Preferred, IBM Via Voice 98 Executive Edition, Lernout&Hauspie Voice Xpress Professional типті автоматты тілді түсіну бағдарламасы (Automated Speech Recognition — ASP) қажет. Мәтінді орыс тілінде енгізу үшін «Комбат» (Dragon Dictate) бағдарламасы талап етіледі;
- IP-телефония көмегімен телефон байланысын ұйымдастыру. Ол үшін қосылған микрофоны, құлаққабы немесе Full Duplex режимін ұстайтын дыбыс колонкасы бар дыбыс картасы керек, компьютер интернетке қосылған болу керек. Компьютерде арнайы: VocalTec Internet Phone 4.0, IDT Net 2 Phone, DotDialer, Free Tel 1.0. бағдарламалардың біреуі орнатылған болуы тиіс: Бірқатар браузерлер өзінің құрамында IP-телефониясын ұйымдастыруға бағдарламасын алып жүреді.

Дыбыс картасы (дыбыс тақтасы, аудиокарта; sound card) — бұл аудиосигналды енгізіп шығаруға арналған ДК қосымша қондырылымы. Ол сызғыш кірісіне түсетін балама сигналды, компьютерге түсетін цифрлық сигналға ауыстырады; немесе компьютерде жасалатын не құрылатын цифрлық сигналды, колонка немесе құлаққап арқылы тыңдауға болатын балама сигналға ауыстырады. Қазіргі аналық карталарда дыбыс картасы аналық тақтаға біріктірілген аппараттық кодек түрінде ұсынылған (Intel AC'97, Intel HD Audio сипаттізімге сәйкес).

Дыбыс картасының негізгі тағайындалымы — мультимедиялық аудио жасап шығарып, ойындардағы нақтылы дыбыстарды шығару, музыканы өндеп шағару, жоғары сапалы hi-fi және hi-end музыканы тыңдау.

Дыбыс картасы келесі қондырылымдардың тұрады:

- Балама сигналды цифрлық сигналға ауыстырғанда пайда болатын кедергілерді басуға балама-цифрлық қайта өңдеуші (АЦП) балама сүзгіш;
- АЦП — құлаққаптан, гитарадан, синтезатордан дыбысты цифрлық түрге ауыстырады (16, 24 бит);
- Цифрлық өңдеу блогі — дискреттеу жиілігін өзгертеді, әсер салады т.б.;

- Компьютермен түйіндесу қондырылымы — PCI, PCIe, USB, FireWire шиналар бойынша цифрлық сигналды компьютерге жібереді;
- Цифрлық-қайта өзгертуші (ЦАП) — компьютердегі дыбысты колонкадан тыңдауға өзгертеді (16, 24, 32 бит);
- ЦАП кейінгі балама сүзгіш — цифрлық дыбысты балама дыбысқа ауыстырғанда пайда болатын кедергілерді басады.

Қазіргі дыбыс карталарында разрядтар саны мен дискреттеу жиілігі кәсібилерден төмен емес (24 битке дейін және 192 кГц). Кәсіби карталар дыбыс жазудың ұзақ сессиясын көтереді, дыбысы жақсы болғанмен, қорғалмаған АЦП-ға қатты дыбыс көп бұрмалау береді. Осыны болдырмау үшін сигналының деңгейін шектейтін қорғаныс құралы – лимитр қояды.


Дыбыс карталары бір мерзімде жазу және шығару (Full Duplex) мүмкіндігіне ие, дауыс жазу кезінде барлық жолдарды естуге болады. Алайда, кейбір дыбыстық USB-карталарда (әсіресе USB 1.1мен) 48 кГц жоғары дискреттеуде дыбысты компьютерден алуға өткізу қабілеті жетпеуі мүмкін. Бұл жағдайда Direct Monitoring қолданылады.

Компьютерге қосу әдістері бойынша дыбыс карталары сыртқы және ішкі деп бөлінеді.

Ішкі дыбыс картасы аналық тақтаға біріктіріледі немесе бірге орнатылады, аналық тақтаның PCI, PCIe (PCI Express) жалғағыштарына қондырылады, сонымен қатар қосымша блогы болуы мүмкін, мысалы Creative Professional E-Mu 1616M PCI-E дыбыс картасы.

Сыртқы дыбыс картасы жүйелік блоктардың USB және FireWire жалғағыштарына қосылады және ара қашықтықтан басқару пультімен жабдықталады.

Дыбыстық картаға қондырылымдарды қосуда жалғағыш және кіруді айыру керек. Жалғағыш – дыбыс картасының өзінде немесе одан шығатын шоғырсым бөлігінде орналасқан ұя. Бір жалғағыш бір кіруге немесе бір шығуға қосуды қамтамасыз етеді. Алайда, дыбыс тақтасындағы жалғағыштар саны кіру санымен әрқашан сәйкесе бермейді, ол жазу кезінде музыкалық редакторға көрінеді. Бұл дыбыс картасының табиғи кірісі сызықтық және микрофондық кірістер арасында өшіріліп, қайта қосылатыны себебінде болады (2.6-сурет). Суретте дыбыс картасының бір



2.6-сурет. Қондырылымды дыбыс картасына қосу

монофоникалық қанауы көрсетілген. АЦП-дан соң цифрланған сигнал компьютерге – музыкалық редакторға түседі редактор.

Сонымен, дыбыс картасында кірудің төрт жалғағышы болады (екі сызықтық және екі микрофондық), бір мезгілде осы сәтте қосылған тек екі қосылған қондырылымға жазуға болады.

Жалғағыштың негізгі түрлері болып: RCA (қызғалдақ); TRS 1/4" (үлкен джек); TRS 1/8" (кіші-джек); XLR. табылады.

Қосарланған жалғағыш XLR-TRS (комбо) орын үнемдеу үшін қолданылады және оған не микрофон, не синтезатор, не гитара қосуға мүмкіндік береді.

Микрофондар екі типті болады: конденсаторлы және динамикті. Конденсаторлы микрофоны фантом (елес) деп аталатын қоректі талап етеді 48 В (қоректендіру кернеуі дыбыс жүретін сымдармен беріледі). Динамиктік микрофондарға қорек керек емес. Сондықтан, егер конденсаторлы микрофон пайдалану қажет болса, екі вариант қарастырған дұрыс:

1) Микрофонды кірісі бар (бірге қондырылған микрофонды алдын ала күшейтушімен, фантомды қоректенумен жабдықталған аудиокарталар;

2) фантомды қоректенумен қамтамасыз етуші микрофонды алдын ала күшейткіш (егер карта тек сызықтық шығумен жабдықталса).

Гитараны немесе бас-гитараны қосуға арнайы аспаптық (жоғары омды немесе Hi-Z) кірістер қажет болады. Бұл кірістер сызықтықтан гитараның дыбыс шешкіштерімен толығырақ келісімдесуге мүмкіндік беретін жоғары қарсыласу қабілетімен өзгешеленеді.

2.3.2. Дыбыстық ақпаратты енгізу және шығару қондырылымдары

Ақпаратты енгізу – шығарудың негізгі қондырылымдарына: бірге орнатылған динамикті, микрофонды, құлаққапты, акустикалық жүйені (колонкалар) жатқызуға болады.

Динамик (speaker) — IBM PC пайдаланылатын, ДК сыйымды, қарапайым дыбыс шығаратын қондырылым. Қымбат емес дыбыс тақталары пайда болғанға дейін динамик дыбыс шығарудың негізгі қондырылымы болып келді.


Қазіргі уақытта компьютерлер үшін классикалық **микрофондар** интернет-телефонияда (Skype) қолданылмайды. Олардың орнына әлдеқайда ыңғайлы, әмбебап қондырылымдыр, гарнитур (микрофоны бар құлаққап), USB-телефондар, спикерфондар келді.

Қазіргі заманғы компьютерлік гарнитурларды қолдану бірқатар артықшылықтармен белгіленеді: бір қондырылымда дыбысты енгізу – шығару үйлесімділігі; қарым-қатынас кезінде қолдың бос болуы; құпия әңгімелесу мүмкіндігі (сұхбаттас адамның дауысы қоршаған ортада естілмейді), микрофон және колонкалар көмегімен қарым-қатынас жасағанда пайда болатын «жаңғырық» әсерінен құтылу. USB портына қосылған гарнитурлар, компьютер дыбыс картасымен жабдықталмаған немесе дыбыс картасы музыканы колонкаға шығаруға қолданылатын болса да, Skype пайдалануға мүмкіндік береді.

Құлаққаптар (наушниктер) немесе **бас телефондары** (headphone) — бұл әңгімені, музыканы, басқа да дыбыстық сигналдарды дара тыңдауға арналған қондырылым. Микрофонмен бір жинақта олар бас гарнитур қызметін атқарады — телефонмен келіссөз жүргізу, өзге де дауыс байланысы құралы болып табылады. Сонымен қатар, құлаққаптар дыбыс жазу студияларында жазылып жатқан музыкалық композиция трегін дәл бақылауға қолданылады. (2.7-сурет).

Құлаққаптарды келесі түрде санаттайды:

1. Дыбысты беру тәсілі бойынша.
2. Шоғырсымды қосу тәсілі бойынша (сымды және сымсыз қосу).
3. Сәуле шашқыштың конструкциясы бойынша.
4. Акустикалық безендіру типі бойынша
5. Қарсыласуы бойынша
6. Бекіту типі бойынша (бекітпесіз, желкелік доға, қыспа, құлаққа, күнқағарға, жүгенге, құлақ сыртына) бекіту.



2.7-сурет. Құлаққап элементтері:

1 — жалғағыш; 2 — доға; 3 — амбушюр; 4 — тостаған; 5 — шоғырсым

7. Конструкция типі бойынша (түрі):

- *мониторлық құлаққап* — дыбыс жазу кезінде музыканы бақылау үшін;
- *жапсырма құлаққап* — flash-плеер көмегімен музыка тыңдау. Жапсырма құлаққаптың ең басты сыртқы ерекшелігі олар құлаққа жапсырылады, жайсыздық тудырмайды, жүргенде, жұмыс істегенде бөгет жасамайды;
- *вакуумды құлаққап* — құлақ қанауына белгілі тереңдікте кіреді. Құлаққап құрылысына осындай тәсілмен келу артықшылығы — дыбыс окшаулауының жоғарылығы. Мұнда бірақ, кемшілік те бар, мысалы жақындап келіп қалған машина дауысы естілмейді;
- *ішпек құлаққап* — миниатюрлы мөлшерімен айрықшаланады (оларды «тамшы» деп те атайды), осы себептен жайсыздық тудырмайды, салмағы 5-30 г, дыбыстың өте жақсы сапасын қамтамасыз етеді. Ішпектің болуы төменгі және жоғарғы жиілікті берудің сапалық кепілі болады;
- *қыстырма құлаққап* — тікелей құлаққа бекітіледі. Олар ыңғайлы, жеңіл жинақы және қимылдағанда нық, бірақ сыртқы шуылдан дыбыс окшаулауышы нашарлау.

Құлаққап сатып алғанда олардың негізгі техникалық сипаттамасын ескеру керек.

Жиілік сипаттамасы құлаққап дыбысының сапасына әсер етеді. Мембранасының диаметрі үлкен құлаққаптың дыбыс

шығару сапасы жоғары болады. Жиілік сипаттамасының орта белгісі — 18-20 000 Гц. Кейбір кәсіби құлаққаптар 5-тен 60000 Гц-ке дейін жиілік интервалын ұстайды. Кейбір модельдердің жиілік диапазоны 5.125 кГц-ті құрайды.

Сезімталдық құлаққаптағы дыбыс қаттылығына әсер етеді. Әдетте құлаққаптар 100 дБ кем емес сезімталдықты қамтамасыз етеді, аз сезімталдықта дыбыс ақырын болуы мүмкін (әсіресе, плеерлі немесе ұксас қондырылымдары бар құлаққап пайдаланғанда). Сезімталдыққа, құлаққаптарда пайдаланылатын, магнит өзегінің материалы әсер етеді (мысалы, неодимді магнит өзегі). Мембранасының диаметрі аз ішпек-құлаққаптар азқуатты магнитке ие болады.

Қарсыласу (импеданс) — құлаққаптың толық электрлік қарсыласу модулі белгісінің және дыбыс көзінің қарсыласуының сәйкестілігі. Құлаққаптардың көпшілгі 32 Ом қарсыласуға есептелген. 16 Ом қарсыласу құлаққаптардың сәуле шашушылығы жоғары акустикалық қуаты бар. Студияда жұмыс істеу үшін импеданстың ең жоғары белгісі бар құлаққапты қолданады.

Ең жоғары (төлқұжаттық) кіру қуаты дыбыс шығару қаттылығын белгілейді.

Құлаққаптағы бұрмалану деңгейі пайызбен есептеледі. Ол пайыз неғұрлым төмен болған сайын дыбыс шығару сапасы жақсы болады. Құлаққаптардың енгізетін бұрмалаулары 1 %-дан төмен жолда 100 Гц-тен 2 кГц-ке дейінгі жиілік жарамды болып есептеледі, 100 Гц төмен жолда 10 % дейін рұқсат етіледі.

Акустикалық жүйе электр сигналын акустикалық тербеліске айналдыратын, дыбыс шығару трактісінің соңғы звеносы болып табылады. Оның құрамына бірнеше колонка кіреді. Еденге қоятын, сөреге қоятын және ландшафтық акустикаларды айырады, монтаждау үшін арналған жүйелер, бірге салынатын және ілінетін акустикалық жүйелер өз бетімен қосымша топты құрайды.

Акустикалық жүйенің негізгі сипаттамаларын қарастыралық.

1. *Жолдар саны*, колонка жиілігінің диапазоны бөлінген. Акустикалық жүйелерде бірден жетіге дейін жол болуы мүмкін. Бір жолды болып бастиегі үнемі бір жиілік диапазонында жұмыс істейтін дауыс зорайтқыш табылады. Көп жолды дауыс зорайтқышта бастиектер екі не одан көп әртүрлі жиілік диапазонында. Сәуле шашқыштарының жиілік диапазоны бөлшектей жабылатын акустикалық жүйелер болады, оларды 2,5 жолды деп атайды.

2. *Номиналды қуат*. Акустикалық жүйелерді салыстырғанда пайдаланылатын негізгі параметрлердің бірі.

Кез келген колонканың қабында қуаттылықтың екі түрі ба-
сылған, олар бір-бірінен 3-4 есе айырмашылығы болуы мүмкін.
Назарды номиналдық қуатқа RMS (Rated Maximum Sinusoidal) ау-
дару қажет. Бұл параметр белгілі бір бұрмалау деңгейіндегі дина-
миктер немесе аудиожүйе қамтамасыз ете алатын қуаттылықты
көрсетеді. Нақтылы номиналдық қуат акустиканың мүмкіндігін
көрсетеді. Пайдаланушылардың назарын аударту үшін көпте-
ген өндірушілер жиі музыкалық қуат PMPO (Peak Music Power
Output) шыңын көрсетеді. Бұл қуат сигнал деңгейінің ең жоға-
ры мүмкіндігінде өлшенеді және мұнда динамиктердің қандай
бұрмалау берері есепке алынбайды. Мысалы, аса қымбат емес
акустиканың номиналдық қуаты 40 Вт, ал ең жоғарысы – 150Вт.

3. *Жиілік диапазоны.* Ол бірталай сатыда акустика дыбысы
шығуының табиғилығын анықтайды. Акустикалық жүйелерді
өндірушілер, адам есту органдарымен қабылдайтын осы параме-
трлерді ең жоғары диапазонға жеткізуге (20.20 000 Гц) тырысады.
Әсерлі шығарылатын диапазон динамиктердің сипаттамасымен,
құрылымымен, бірге орнатылған бөлгіш сүзгіш параметрлерімен
анықталады. Төменгі жиілікте шешуші рөлді акустикалық жүйе
қорабының көлемі ойнайды. Ол үлкен болған сайын, төменгі
жиіліктер әсерлі шығарылады. Жоғары жиілікті шығаруда про-
блема болмайды, қазіргі заман твиттерлері (жоғары жиілікті ди-
намиктер), есту қабілетінің жоғарғы шекарасынан асатын, ульт-
радыбыс шығаруға мүмкіндік береді. Мұндай жиіліктегі дыбыс
жеңіл, «үлпілдек» естіледі, бірақ оның кері әсері болуы мүмкін
– 20-дан 100 кГц жиілігі аралығында дыбыс қабылдауға кедергі
келтіретін шу пайда болуы мүмкін.

4. *Кроссовер жиілігі.* Кроссовер (бөлуші сүзгіш), көп жолды
сәуле шашқышы бар, көп жолды акустикалық жүйелерде, мы-
салы, төменгі және жоғары жиілікті (екі жолды акустикалық
жүйе) немесе жоғары, орта, төменгі жиілікте (үш жолды) бола-
ды. Бұл келіп түскен сигналды үш жолды жүйеге: жоғары, орта,
және төмен жиілікті құрам үш жолды жүйе, жоғары және төмен
жиілікті құрам екі жолды жүйеге бөлетін электрондық схема.
Бөлу жиілігі, жоғары жиіліктегі сәуле шашқышқа көрсетілген-
нен жоғары жиілік жіберілетінін, ал төмен жиілікке - төмендеу
жиілік жіберілетінін көрсетеді. Егер екі жиілік көрсетілсе, де-
мек акустикалық жүйе үш жолды және толық диапазонды сиг-
нал көрсетілген екі нүктеде үш құрамдасқа бөлінеді. Тағы сәуле
шашқыштар жиілігінің диапазоны бөлшектей жабылатын жүйе-
лер болады, оларды 2,5 жолды деп атайды.

5. *Акустикалық сәуле шашу.* Дыбыс шашырау бағытына байланысты монополярлы, биполярлы, диполь аталатын акустика түрлері болады. Биполярлы және диполярлы режимдар арасында өшіріп қосу мүмкіндігі бар колонкалар бөлінеді. Монополярлы акустика дыбысты тек бір бағытта шашады. Динамик маңдайлық тақтада орналасқан акустикалық жүйелердің көпшілігі осы принциппен жұмыс істейді. Монополярлы шашу айқын дыбыс шығарып, тыңдаушыға дыбыс көзінің орналасу жағдайын дәл анықтауға мүмкіндік береді. Биполярлы колонкалар тақтада бір бірімен бұрыштаса орналасқан екі жинақ динамиктен тұрады (көбінесе - маңдайбетте және арт жақта). Мұндай акустикалық жүйелер диффузды (бағытталмаған) дыбыс шығаруға көмектеседі. Диполярлы акустика көбінесе ашық қорапта орындалады. Дыбыс колонканың маңдайбетінен де, арт жағынан да тарайды, әрі дыбыс толқындары қарсы фазада болады. Диполды дауыс зорайтқыш шағын үй-жайға қабырғаға жақын орналастырған жағдайда жақсы келеді..

6. *Акустикалық безендіру.* Акустикалық жүйелер қорабының орындалуына байланысты бірнеше типке бөлінеді. Акустикалық жүйе акустикалық безендіруден (мысалы, «жабық жәшік» немесе «фазоинверлы жүйе») және бірге құрастырылған сәуле шашушы бастиектен (әдетте динамиктік) тұрады. Акустикалық жүйелердің ашық типі өте сирек кездеседі. Қорабы ішіне динамик орнатылған тақта секілді көрінеді. Мұндай безендірудің артықшылығы – бөгде дірілдердің болмауы. Қорап материалы: пластик, ағаш, ДСП, МДФ, металл (алюминий). Дыбыс шығуда білінетін бөгде дірілдер саны колонка қабырғасының қалыңдығына байланысты. Колонкалар қабырғасы жұқа болған жағдайда, дыбыстың жоғары қаттылығында артық шуыл болады.

7. *Магниттік қорғаныс (экранирование).* Бұл акустикалық жүйелерді магнит өрісінен арнайы қорғаныс. Егер акустикалық жүйе, компьютер мониторы немесе теледидар қабылдағыштары жақын орналасса, монитор мен экранды магнит сәулесінен қорғауға пайдаланылады.

Акустикалық жүйелер бейтарап (тек сәуле шашқыш және кроссоверден тұрады) және белсенді (сонымен қатар қуат күшейткіші болатын) деп бөлінеді.

Акустикалық жүйелер төменгідей жіктеледі.

1. Сәуле шашқыштар типі бойынша. Көптеген акустикалық жүйелер дыбыс шығару үшін динамикалық бастиектер пайдаланады, бірақ азырақ тараған, басқа да сәуле шашқыштар бар, мысалы: изодинамикалық (ортодинамикалық, Хейл сәуле шашқыштары), таспалық, плазмалық, электростатикалық және пьезокерамикалық.

2. Күшейту типі бойынша:

- *бейтарап* — көп жолды колонка қорабына, жеке күшейткішке ортақ жұп сым арқылы бейтарап кроссовер жиілігі арқылы қосылған, сәуле шашқыштар тобы құрастырылған;
- *бейтарап Bi/Tri-wired* — көп жолды колонка қорабына ортақ жұп сым арқылы бейтарап кроссовер жиілігі арқылы өзінің меншік күшейткішіне қосылған, сәуле шашқыштар тобы құрастырылған;
- *белсенді* — бейтарап кроссовер жиілігі арқылы қосылған көп жолды колонка қорабына күшейткіш және сәуле шашқыштар тобы қондырылған;
- *белсенді Bi/Tri-amped* — көп жолды колонка қорабына, сәйкес сәуле шашқыштар топтарына қосылған, белсенді сүзгіш және сәуле шашқыштар тобы құрастырылған.


Жалғағыш арқылы дыбыс көзіне қосылу тәсілдерін қарастырайық.

Сигнал беру кезінде қарсыласуды төмендету үшін *алтындалатылған жалғағыштар* пайдаланылады.

Қосудың екі шоғырсымды тәсілі (bi-wiring) — акустикалық жүйеге екі шоғырсым жарамды болған жағдайдағы акустикалық жүйені қосу тәсілі. Бірі төмен жиіліктегі клеммаға, екіншісі жоғары жиіліктегі клеммаға қосылады. Осы схемамен қосу акустикалық жүйеде екі жұп кіру клеммасы бар болған жағдайда мүмкін.

Екі жолды күшейту (bi-amping) (2.8-сурет) екі қуат күшейткіш үшін бір, екі немесе үш жолды дауыс зорайтқыш қолдануды ескереді. Бір дауыс зорайтқышқа төмен жиіліктегі колонкаға ену қосылады, екіншісіне – орта – және жоғары жиіліктегі.

Tri-wiring — дауыс зорайтқышқа қосуда, әр қанауға үш шоғырсым пайдалану (2.9-сурет). Әрі әр бастиектің сол күшейткішіне (төмен, орта және жоғары жиіліктегі) өзінің меншік жұп сымдарын қосады.




2.8-сурет. Төмен және жоғары жиіктілікті күшетуді талдау (bi-amping)

Сабвуфер (subwoofer) — өте төмен жиіліктегі дыбыстарды (шамамен 5-тен 200 Гц-ке дейін) шығарушы акустикалық жүйе.

Осы жағдайда келесі конструкциялар айырылады:

- *фазоинвертор* (vented box). Күйге келтірілген, ауа шығаратын, сөйтіп диффузордың артқы бөлігінен дыбыс шашырататын түтікшелер түрінде шығарулары бар акустикалық безендіру. Фзоинвертор мөлшерін таңдау динамиктің параметрлеріне, қорап көлемі мен ол реттелетін жиілік көлеміне байланысты;
- *рупорлы сабвуфер* (horn loaded). Рупор көбінесе оратылған болады (folded horn);
- *жабық жәшік* (closed box). Қосымша сәуле шашқыштары жоқ акустикалық безендіру түрі. Төмен жиіліктегісі саңылаусыз жәшіктің бір қабырғасына орнатылған;
- *бандпасс* (bandpass). Фазоинверторлы жәшік, ортасынан қосымша қабырғамен көлемі әртүрлі камераларға бөлінген. Динамик камералар арасындағы қалқаға қойылған. КПД-ның құрылымы фазоинверторға қарағанда жоғары. «Bbandpass» атауы (өткізу жолы, жолдық сүзгіш) қораптың сабвуферінің жиілік сипаттамасын шектеу қабілетінен шыққан.



2.9-сурет. Төмен, орта, жоғары жиілікті (triwiring) бөлек қосу.

Эквалайзер (equalizer — нақтылы. «тегістеу», қысқаша — EQ) — аудиосигнал тембрін құрамды жиілігі амплитудасын өзгерту арқылы реттеу үшін арналған қондырылым немесе компьютерлік бағдарлама. Әрі бұл көркемөнерпаздық эквалау кезінде дыбыстың әртүрлі тембрін алуға арналған күшті құрал. Эквалайзердің негізгі параметрі амплитудалық-жиілік сипаттамасы. Ол эквалайзердің кіру сигналдары жиіліктерін қаншалықты күшейтетінін немесе нашарлататынын көрсетеді. Эквалайзерлерді тұрмыстық та, кәсіби де аудиотехникада кездестіруге болады. Олар дыбысты шығару және (немесе) өңдеу, әртүрлі аудио және бейне ойнатқыштарда, көптеген компьютерлік бағдарламаларға енгізілген. Көптеген электромузыкалды аспаптар, аспаптық комбокүшейткіштер және әсер басқыштар да эквалайзермен, аз функционалды болса да жабдықталған.

Стереоәсер (көрермендік) нақтылы объектілерді бақылағанда, стереопар қарағанда, стереофотосурет қарағанда, стереобейне көрініс және галограмма қарағанда, кеңістіктің ұзақтығы, рельефтілігі әсерін береді.

Көп колонкалы жүйелер үшін арнайы белгілер пайдаланылады.

Сателлит — бұл орта және биік жиілікті ойнататын (биіктігі 12-20 см) кішкентай колонка. Көп колонкалы жүйелерді «сателлиттер саны, сабвуферлер саны» деп белгілеу қабылданған, яғни:

- 2.0 — екі колонка;
- 2.1 — екі колонка және сабвуфер;
- 4.0 — төрт колонка;
- 4.1 — төрт колонка және сабвуфер;
- 5.1 — бес колонка және сабвуфер;
- 7.1 — жеті колонка және бір сабвуфер;
- 7.2 — жеті колонка және екі сабвуфер;
- 7.4 — жеті колонка және төрт сабвуфер;

Hi-Fi (High Fidelity — жоғары дәлдік, жоғары дұрыстық) — шығарылатын дыбыс түпнұсқаға өте жақын екендігін білдіретін термин. Дыбыс шығаратын аппаратурадағы «Hi-Fi» жазуы, аппараттың келесі стандарттың біріне сәкес келетіндігін: DIN 45000, DIN 45500, IEC 60581, ГОСТ 24388—88 білдіреді.

Hi-End немесе *High End*, аппараттарымен өндіруші, дәстүрлі емес, стандартсыз техникалық шешімдер, мысалы, шамдық немесе будандастырылған (шамды-транзисторлы) аппараттарды,

электростатикалық, контрапертурлы немесе рупорлы акустикалық жүйелер қолданылатын эксклюзивті дыбыс шығарушы аппараттарды атайды.

ҰТҚЫР КОМПЬЮТЕРЛЕР

Дәстүрлі ұтқыр компьютерлер өндірушілер қазіргі кезде жаңа шешімдер іздеу үстінде: сенсорлық экрандардың, ОС Windows 8 жетілдірудің дәуірі келді, ал ОС Android и iOS қазір кез келген экранда жұмыс істей алады. Будандасқан құрылымдағы жаңа компьютерлер бұрылатын сенсорлы экрандармен алмалы-салмалы дисплейлармен жабдықталған.

Ұтқыр компьютерларға ноутбуктар, нетбуктар, планшеттер, КПК, iPad жатады. Бұлар – қазіргі уақытта сатып алуға болатын шағын ДК негізгі түрлері. Олар мөлшерімен, салмағымен және орнатылатын компоненттерімен өзгешеленеді. Ұтқыр компьютерлердің тұрақтылардан негізгі артықшылығы – автономды қорек қорында жұмыс істей алуы. Және олар тек жұмыс үшін ғана емес, сауық үшін де қолданылады. Жалпы ұтқыр ДК кәдімгі үстелге қойылатындардағы секілді құрылымдардан тұрады. Бұл процессор мен жедел жады орнатылған негізгі тақта, бейнекарта, DVD жетегі, СК экран – барлығы ұқсас. Ерекшелігі – құрамындағы аккумуляторлары бар болуы.

Ноутбук (ағылш. *notebook* — блокнот) — бұл автономды жұмыс істеу мүмкіндігі бар тасымалды, ноутбуктің мөлшерін анықтайтын 21"дейін диагоналы бар компьютер. Экраны үлкен болған сайын пайдаланушы көбірек ақпарат алады. Мұндай ноутбуктің жалғыз кемшілігі – бағасы қымбат.

Кез келген ноутбук келесі бөліктерден тұрады: экран, пернетақта, тачпад, дисктерді оқу қондырылымы, бірге орнатылған динамиктер, түймелері мен жалғапғыштары бар қорабы, батарея, батареяға қосатын баусымы, микрофонға орнатылған веб-камерасы. Кейбір ноутбуктер, көлемді бейнекөріністерді көруге мүмкіндік беретін, 3D-технологияны қолдайды. Мұндай ноутбуктерде арнайы бейнекарта және кескін жаймасы жиілігі 120 Гц экран орнатылған, ал оны қарауға арнайы көзілдірік қажет. Жұмыс технологиясы, экранға кезекпен жеке оң көзге және сол көзге бейнекөріністер шығуында тұрады.

Ноутбуктерге tablet PC — сенсорлы экранды, пернетақтасыз классикалық планшет түрінде немесе сенсорлы экранды, перне-


тақталы трансформер-ноутбук түрінде орындалған, планшетті ДК жатады.

Touchscreen (тачскрин) — экранға жанасу жолымен ақпарат енгізуді қамтамасыз ететін сенсорлы экран. Экранға басқанда жанасу нүктесі жағдайы туралы ақпарат компьютерге түседі. Сенсорлы экранның екі типі болады: Single-Touch және Multi-Touch. Single-Touch тек бір жанасуды таниды, ал MultiTouch — көптеген жанасуларды арнайы пәрмен ретінде қабылдайды.

Нетбук — өте шағын, интернетте және кеңсе қосымшаларымен жұмыс істеуге арналған ДК.

Планшет — экраны 4 -тен 11"-ге дейін, құрамында ноутбук пен смартфонның функцияларын қосқан ұтқыр қондырылым (2.10-сурет). Планшеттер, ереже ретінде, бірге орнатылған Wi-Fi (әр қондырылымда бар) немесе 3G/4G- қосылу (модуль немесе бірге орнатылған, яки USB-жалғағыш арқылы) интернетке тұрақты қосылуға мүмкіндігі бар. Сондықтан планшеттер веб-сайт парақтарын көруге, интернетке қосылуды талап ететін қосымшалармен жұмыс істеуге ыңғайлы.

Планшет сенсорлы экран арқылы басқарылады. Қазіргі планшеттер Multi-Touch (бір мезгілде бірнеше саусақпен басқару) бағдарламасын пайдалануға мүмкіндік береді.



2.10-сурет. Бөлшектенген планшет

Планшеттің үстелге қоятын ДК немесе ноутбуктен мүмкіндігі аздау: веб-серфинг; қосымшалармен жұмыс істеу; электронды кітаптарды оқу; фотоальбомдарды қарау; мультимедиялық файлдарды көруге шығару, редакциялау (бейнекөріністер қарау, музыка тыңдау); ойын; электронды поштамен жұмыс істеу; ICQ және балама бағдарламалар және де бейне байланыс мүмкіндігі бар IP-телефония көмегімен қарым-қатынас жасау; электронды құжаттарды қарап, редакциялау.

Паншеттің (*Samsung, 3Q, ASUS, Acer, IconBIT, Lenovo* и т.д.) әрбір өндірушісі өзінің жағымды ерекшеліктерін енгізеді, мысалы: жады-картасын қолдау, Multi-Touch, A2DP кескіні (аудио таратудың кеңейтілген кескіні, стереодыбысты Bluetooth радиоқанауы бойынша қандай да бір қабылдайтын қондырылымға беруге жауап береді), ұялы телефон режимінде жұмыс істеу, FM-тюнер.

Планшеттер үшін ең кең тараған НЖ — Android және Windows 8. Android — *Google* компаниясынан НЖ. Аталған жүйенің құндылығы: Google Play онлайн дүкені арқылы 700000-нан астам қосымшалар жүктеп алуға қол жетімді, Google сервисімен ыңғайлы синхрондалу; үйреншікті қосымшалардың көпшілігі (Google поштасы, Google+, Google Maps т.б.) жүйе құрамына кіреді; компьютер немесе ноутбукті пайдаланбай-ақ жады картасынан қосымшаларды орнатып алу мүмкіндігі; Google Play-ден өзге балама көздерден жүктеліп алынған қосымшаларды орнату мүмкіндігі; Google Android басқаруындағы қондырылымды ДК кәдімгі алынбалы-салынбалы диск секілді орнатуға және деректерді көшіру арқылы тасымалдауға мүмкіндік.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Мультимедианың қандай аппараттық құралдарын білесіз?
2. Дыбыс жүйесіне қандай негізгі қондырылымдар кіреді?
3. Бейнекартаға мониторды қосудың негізгі интерфейстері қандай?
4. Ноутбукті қалай дұрыс пайдалану керек?
5. TV-тюнерді қандай мақсатта пайдаланады?

ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ШЫҒАРУ ҚҰРЫЛҒЫСЫ. КЕҢСЕ ТЕХНИКАСЫ

3.1. АҚПАРАТТАРДЫ ЕНГІЗУ ҚҰРЫЛҒЫСЫ

Енгізу құрылғыларына ақпараттарды компьютерге енгізу үшін қолданылатын құрылғылар жатады. Олар негізінен түрлі ақпараттарды енгізуді жүзеге асыруға арналған, яғни олар қолданушының дербес компьютермен байланысуына көмектеседі. Енгізу құрылғысы енгізілетін ақпараттардың түріне қарай бөлінеді: графикалық, (сканер, бейне және веб-камера, сандық фотоаппарат, қармау жадысы), дыбыстық (микрофон, сандық диктофон), мәтіндік (пернетақта), сонымен қатар ақпараттармен айла-шарғы жасауға мүмкіндік беретін, нұсқаушы құрылғылар (координаттық): тінтуір, тачскрин, джойстик.

Компьютер тінтуірі. Бұл қозғалту кезінде мензердің орнын өзгертетін басқарушы аспап, ал орнатылған скролл (аунақша немесе дөңгелекше) бетті айналдырудағы тік жолақтың қозғалысын қамтамасыз етеді. Кез келген стандартты тінтуір пернелерден, негізінен арасында скролл орнатылған екі пернеден тұрады, ол скролл да перненің қызметін атқарады. Нарықта компьютер тінтуірінің көптеген түрлері ұсынылған, мысалы, ойын және бағдарламаланған. Бұндай тінтіуірлер стандартты түрден, пәрмен беру үшін немесе пернетақтаның кейбір пернелерін қайталау үшін қолданылатын қосымша пернелерімен ерекшеленеді. Әдетте мұндай тінтіуірлер бағдарламалық жасақтамамен бірге сатылады және қолданушыға қосымша пернелерді іске қосуға мүмкіндік береді.

Компьютерге қосудың екі түрі бар: желілік немесе желісіз. *Желілік қосылу* PS/2 және USB интерфейстері арқылы жүзеге асады. PS/2 ескірген жалғағыш түріне жатады, сондықтан тінтуірлерді қосу интерфейстеріне көңіл аудару керек. *Желісіз тінтіуірлер* әдетте Bluetooth, Wi-Fi және радиоарналар арқылы жұмыс жасайды. Қосудың басқа да әдістері бар, мәселен: инфракызыл, индукциялы. Индукциялы тінтіуірлер сымсыз, бірақ компьютер-

мен жұмысты қамтамасыз ету үшін оған сымды байланысқа ие төсе-ме-планшет көмегі арқылы жалғанады.

Инфрақызыл тінтуір және индукциялы манипулятордың әрекет ету радиусы шағын. Жұмыс жиілігі 2,4 ГГц болатын тінтуір үлкен қашықтықта жұмыс істей алады және сигнал тіпті қабырғадан өтіп те жетуі мүмкін, бірақ басқа да тұрмыстық техникалар онымен байланысқа түсіп кетуі ықтимал. Wi-Fi өрісіндегі жұмыс тінтуірді желіден тыс қалыпта қолдануға мүмкіндік береді, алайда қосылу кезінде ішкі кедергілердің әсер етуі мүмкін. Bluetooth байланыс жақсы байланысты қамтамасыз етеді. Сымсыз тінтуірлердің бір кемшілігі сол, олар аккумулятор немесе батарея қуатына тәуелді.

Тінтуірлер сенсордың типіне байланысты сипатталады, негізінен лазерлік, жарықдиодты және оптикалық түрлері қолданылады. Лазерлі сенсор жарықдиодтылармен салыстырғанда жоғарғы дәлдікпен жайғасуды қамтамасыз етеді және айналы, жылтырақ және мөлдір беткі қабаттарда барынша тұрақты жұмыс істейді. Кез келген оптикалық сенсорда нүкте санымен дюймге өлшеуге мүмкіндік жасайтын ажыратымдылық бар — dpi. Бұл параметр сенсор тінтуірі бағдарын 1 дюймге өзгерткен кезде жылжудың қанша өлшем жасайтынын көрсетеді. Бұл көрсеткіш неғұрлым көп болса (негізгі стандарт 800 dpi), тінтуір меңзері де экранда соншалықты жылдам әрі дәл жұмыс жасайды. Манипулятор тінтуірлері түрлерінің бірі — жинаққа кіретін жүкті қолданатын массаны реттеу жүйесі.

Пернетақта. Ол әліпбилік-цифрлық ақпараттарды енгізуге және басқару функциясын орындауға арналған. Компьютерде пернетақталық енгізу жүйесінің құрамына мыналар жатады: пернетақтаның контроллері, ішкі контроллер, жіберетін арна, жарықтық көрсеткіш және перне панелі. Перне қадағалары механикалық түйіспелер (ашық немесе шыны сауыттағы герметикалық, магнитті басқарылатын — геркондар) ток өткізгіш резина негізіндегі пернелер немесе сыйымдылық қадағалар немесе Холл қадағаларынан тұрады. Оларда жылжымалы түйіспелер жоқ және қолданыста неғұрлым сенімді. Қолданылған қадағалар түріне қарамастан, барлық пернелер қалыптамаға біріктірілген. Түйіспелер матрицасының жолдары мен бағанының тұйықталуы пернетақталық панелде пернелерді басу кезінде пайда болады. Ішкі контроллерге олардың номерлері беріледі, сол жерде басылған перненің интерфейсті арна арқылы контроллерге берілетін скан-коды қалыптасады. Осы кезде үзу сигналы қалыптасып процессорға компьютер жүйесіне перне басылғандығын

«хабарлап», оған берілген мәліметке өңдеу жүргізу керектігі туралы сигнал беріледі. Скан-код пернетақта пернелерінде бейнеленген сол таңбалардың ASCII-кодтарымен ешқандай байланысы жоқ. Әрбір пернеге контроллер жоқ дегенде екі түрлі код береді: біреуі пернені басқанда, басқасы — оны жібергенде. Бұл кодтар үнемі шамаға 128 ажыратылады (код байтындағы үлкен бит). Сонымен қатар ASCII-код көмегімен де басқаруды жүзеге асыруға болады. Пернетақтаның жайылма кестесі сәйкес утилитармен жүктелуі мүмкін.

Дербес компьютердің пернетақтасы жүзден астам пернеден тұрады. Заманауи стандарт бойынша 107 перненің бар екендігін болжамдайды, алайда пернетақтада қосымша пернелердің болуы жиі кездеседі. Пернетақтаның барлық пернелерін шартты түрде бірнеше топқа бөлуге болады.

Әліпбилік-цифрлық пернелер. Бұл топ әріптерді, цифрларды, тыныс белгілерін немесе арнайы таңбаларды енгізуде қолданылатын пернелердің көп бөлігінен тұрады. Әліпбилік-цифрлық пернелерде орыс (кириллица) әріптерімен қатар латын әріптері де бар, ал ОЖ-де бір тілден екінші тілге ауысу үшін арнайы командалар қарастырылған (әдетте Ctrl+ Shift или Alt+ Shift пернелерінің үйлесуі қолданылады). Төменгі ұзын атаусыз перне аралықтарды енгізуге арналған.

Арнайы пернелер. Бұл топта анағұрлым маңыздырақ пернелер бар, солардың бірі, мысалы, Enter. Мәтінді теру кезінде ол мәжбүрлі түрде жаңа жолға түсу үшін қолданылады, ал мәзірмен және әңгімелесу терезелерімен жұмыс істеу барысында Enter пернесін басу команда таңдалымын растайды. Әңгімелесу терезелерінде бұл пернені қолдану «Иә» немесе «Ок» дегенді білдіреді. Esc – кейбір әрекеттерді болдырмау үшін және команданы орындаудан бас тарту үшін қолданылады. Түрлі терезелерде Esc пернесін басу «Жоқ» немесе «болдырмау» деген командамен тең. Ctrl, Shift, Alt әдетте жеке дара қолданылмайды, олар өзге пернелердің мүмкіндігін кеңейту мақсатында қолданылады. Мысалы, Ctrl+A жазуы, Ctrl пернесін басып ұстап тұрып, латын әрпі тұрған A пернені басу керек дегенді білдіреді. Shift (тіркелім) перне тіркемелерінің ауысуын қамтамасыз етеді (жоғарыдағын төменге және керісінше). Қарастырылған пернелер тінтуірлер пернесінің қолданысын өзгертуі мүмкін. CapsLock жоғарғы тіркемені белгілейді, кіші әріптердің орнына бас әріптерді жазуды қамтамасыз етеді. PrintScreen сол уақытта экранда көрініп тұрған ақпараттарды басып шығаруды қамтамасыз етеді.

Меңзерді басқару пернелері. Жұмыс үдерісінде экранда тік сызық түріндегі меңзер жыпылықтап тұрады, ол мәтінді енгі-

зу бағытын көрсетеді. Меңзерді жылжыту үшін көрсеткіштері бар пернелер қолданылады. Insert (қою) кірістірмелер режимін ауыстырады (жаңа таңбалар, ендігі теріліп қойғандар арасына оларды жылжыта отырып қойылады) және ауыстырулар (ескі таңбалар жаңаға ауыстырылады). Delete (жою) таңбаларды меңзер тұрған жерден жояды. BackSpace меңзер алдындағы таңбаны жояды. Home және End меңзердің алғашқы және сәйкесінше соңғы жолдарға ауысуын қамтамасыз етеді. PageUp және PageDown мәтін бойынша бір бетте (бір экран) артқа және сәйкесінше алдыға жылжуды қамтамасыз етеді. Tab — табуляция пернесі, меңзердің табуляцияның кезекті бағдарына дейін, оңға қарай бірден бірнеше бағдарға жылжуды қамтиды.

Функционалдық пернелер. F1-F12 пернелерінің бірін басқан кезде компьютер белгіленген команданы орындайды. Қандай команда екені сіз жұмыс істеп отырған бағдарламаға байланысты, дегенмен жалпы заңдылық та бар, мысалы F1 әдетте анықтама жүйесін немесе көмек алу үшін қолданылады, ал F10 мәзірге ену үшін қажет.

Қосымша цифрлық пернелер. Сандарды тиімді түрде теру үшін пернетақтаның оң жағында цифрлар пернелерінен тұратын қосымша блок бар. Цифрлар тек NumLock көрсеткіші қосылып тұрған кезде ғана теріледі, аттас перне көмегімен жағдайды өзгертуге болады. Егер NumLock өшіп тұрса, бұл пернелер меңзерді басқару пернелері ретінде жұмыс істейді.

Көптеген пернетақталар стандартты 104 перне жинағымен қоса, қосымша пернелермен де жабдықталады (әдетте, басқа мөлшердегі және басқа пішіндегі), олар компьютердің негізгі функцияларын басқаруды жеңілдетуге арналған:

- Дауыс қаттылығын басқару — қаттырақ, тыныш, дауысты қосу немесе өшіріп тастау;
- Компакт-дисктер қолдануда астаушаларды басқару — дискті алу, дискті қабылдау;
- Аудиоойнатқышты басқару — ойнату, үзіліске қою, дауысты тоқтату, аудиожазбаны артқа не алдыға айналдыру, келесі немесе алдыңғы аудиожазбаға ауысу;
- Компьютердің желілік мүмкіндіктерін басқару — пошталық бағдарламаны ашу, браузерді ашу, бастапқы бетті көрсету, қаралған беттер бойынша алдыға немесе артқа жылжу, іздеу жүйесін ашу;
- Неғұрлым танымал бағдарламаларды басқару — калькуляторды ашу, файл менеджерін ашу;
- ОЖ терезелерінің жағдайын басқару — терезені жиыру. Терезені жабу, алдыңғы немесе келесі терезеге ауысу;

- компьютер жағдайын басқару — күту режиміне ауыстыру, тынықтыру режиміне ауыстыру, компьютерді қосу, компьютерді өшіру.

Пернетақталар құрамының түрлі типтері бар: классикалық, эргономикалық, мультимедиялық, ойындық, проекциондық (лазерлік), ромб тәрізді (AntiRSI), сенсорлық, бейстандартты және т.б. Өндіруші-фирмалар бірнеше ерекшеліктерді ұсынады: корпусына су өткізбейтін; неғұрлым тұрақты болуы үшін пернетақта массасының ауырлауы; пернетақта пернелердің жарықтандырылуы; пернелердің оқшаулық түрі яғни пернелердің бір-біріне тығыз емес, керісінше өзара біршама алшақ орналасуы, сондай-ақ пернелер аса биік емес және қысқа жүрісті; жұқа және резиналы пернетақта; тысқап тәрізді пернетақта (әдетте ол планшеттерге арналған); кіріктірілген USB-хаб; солақайлар үшін; жайылмаларды (раскладки) сақтауға SD-карта. Байланыс түрі және қосу интерфейсі тінтуірлерге де тән.

Сканер. Бұл құрылғы мәтіндік және графикалық құжаттарды компьютерді қолдана алу үшін олардың түпнұсқаларын цифрлық мәліметтерге айналады. Сканерлерді қолдану аясы өте кең және үнемі даму үстінде. Сканердің жетістігі тек оның өзіндік сипаттамасына ғана емес, оны дұрыс қолдана білуге де байланысты.

Сканердің жұмыс істеу қағидасы келесідей: жарықтың өзгеруі салдарынан сканерленген бейненің бастапқы нүктесінде түстің белсенділігі жайында ақпарат жинақталған электрлік сигнал пайда болады. Аналогтік сигналды АЦТ-те цифрға айналдырған соң, цифрлық сигнал аппараттық интерфейс арқылы компьютерге жіберіледі, ол жерде оны сканерге арналған бағдарлама қабылдап алып, талдама жасайды. Осындай бір цикл аяқталған соң, (түпнұсқаны жарықтандыру — сигналды алу — сигналды түрлендіру — оны бағдарламалық күйде алу) жарық көзі мен жарықтық кескінін қабылдағыш түпнұсқаға сай жылжиды. Компьютер саласында негізінен келесі сканер түрлері қолжетімді болып саналады: қолдан, беттітарту сканері, планшеттік, барабандық, штрихкодтарға арналған сканер, портативті сканер, саусақ іздерін сканерлеу (биометрикалық) және т.б.

Планшеттік сканердің негізгі бөлшегі — сканерленетін бейненің бойымен қозғалатын санағыш бастиек. Есептегіш бастиектің маңызды бөлігі фотоқабылдағыш. Бүгінгі күнде фотоқабылдағыш матрицалардың екі түрі кең таралған: ҚБҚ-матрица (қуатты байланысы бар құрал, ағылшынша мағынасы — CCD, Couple-ChargedDevice) және ББҚ-матрица (бейненің байланыстық қадағасы), ағылшынша мағынасы — CIS, ContactImageSensor).

CCD жарықсезгіш сызғышы бар интегралды микросызбадан тұрады. Сканерленген беттен бейнені беру үшін айна мен объективтен тұратын оптикалық жүйе қолданылады. Түпнұсқаны жарықтандыру үшін әдетте люминесцентті шам қолданылады. *CCD*-сканерлердің негізгі артықшылығы, айықындық тереңдігінің үлкендігі және жақсы түсжібергіштігі. Кітаптарды, ірі әріптері бар түпнұсқаларды, умаждалған беттерді сканерлеген кезде нақты және айқын бейне алынады. Барлық кәсіби сканерлер әдетте осы *CCD* базасында құрылады. Бұндай құрылғының *CIS*-пен салыстырғандағы кемшілігі ретінде қалыңдығы мен массасының үлкендігін, сонымен қатар құнын айтуға болады.

CIS сканерленген беттің еніне тең келетін фотоэлементтер сызғышынан тұрады. Сканерлеу кезінде ол шыны астына жылжып, электрлі сигнал түрінде түпнұсқадағы бейне туралы жолма-жол ақпарат береді. Жарықтандыру үшін әдетте сол қозғалмалы тұғырнамада фотосызғышқа тікелей жақын орналасқан жарықдиодтар қолданылады. Бұндай сканерлердің құрылымы қарапайым, жұқа корпус және шағын масса, олар әдетте *CCD* базасындағы сканерлерден арзанырақ. *CIS*-тің негізгі кемшіліктері айықындық тарлығында. Умаждалған қағазды сканерлегенде немесе кітаптардан сканер жасағанда бейне айқын болмауы мүмкін.

Сканерлеу сәтіндегі бейне сапасына сканер құрылымында қолданылатын жарық көзі ерекше әсер етеді. Заманауи планшеттік сканерлерде жарық көзінің үш түрі қолданылады:

- *ксенондық газқуатсыздану шамы* — жылытуға кететін уақыт мөлшерінің аздығымен, сәулелендіру тұрақтылығының жоғарылығымен, шағындығымен және ұзақ уақытқа қызмет ететіндігімен ерекшеленеді. Бір жағынан, олар жоғары кернеуді, көп тоқты қажет етеді және міні көп спектрден тұрады, ал бұл түсжібергіштіктің дәлдігіне кері әсерін тигізеді;
- *ыстық катодты люминесцентті шамдар* — өте тегіс, белгілі бір шегінде басқарылатын спектрден тұрады және тез жылиды. Кемшілігі ретінде ірі габаритті өлшемдері мен қызмет көрсету уақытының аздығын атауға болады;
- *суық катодты люминесцентті шамдар* — ыстық катодты алдыңғыларға қарағанда 10 есе көп қызмет көрсетеді, төмен жұмыс температурасынан және тегіс спектрден тұрады, бірақ оның жылу уақыты өте ұзақ — 30 секундтан бірнеше минутқа дейін созылады. Заманауи *CCD*-сканерлердің көпшілігінде дәл осындай шамдар қолданылады.

Жарықдиодтар (LED) әдетте, CIS-сканерлерде қолданылады, жылыту уақытын қажет етпейді және габаритті өлшемдері шағын және энергияны аз тұтынады. Көп жағдайларда шашырайтын жарық сәулесінің спектрлері, үлкен жиілікте ауысып тұратын үшжарықты жарықдиодтар қолданылады. Жарықдиодтар жарық ағымының барынша төмен қарқынына ие және тегіс емес, сәулелендіру спектрі шектеулі, сондықтан бұндай жарық көзімен жұмыс жасайтын сканерлерде түсжіберу сапасы төмен, бейнеде шу деңгейі көп және сканерлеу жылдамдығы да төмен болады. Сканерлердің принтерлерден ерекшелігі сол, олар бастапқыда Windows ОЖ-мен жабдықталмады және олармен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін API де болған жоқ. Сканер пайда болысымен олар сканердің әрбір моделі үшін ерекше саналатын интерфейс арқылы бағдарламалармен әрекеттесті, қолданбалы бағдарламада сканермен жұмыс сүйемелдеуін іске қосуды қиындатып жіберді.

Бұл мәселені шешу мақсатында TWAIN құрастырылды — бағдарламалық жасақтама интерфейсінің индустриалды стандарты, бұл бейнені түрлі құрылғылардан Windows пен Macintosh-қа жіберу үшін арналған. Стандарт шығарылды және TWAIN жұмыс тобымен сүйемелденеді — ресми сайты www.twain.org. Қысқартылған TWAIN атауы бастапқыда қандай да бір мағынаны білдірген жоқ, дегенмен кейіннен оның мағынасы ашылды: (Technology Without An Interesting Name — қызық атаусыз технология). TWAIN — аппараттық деңгейдегі хаттама емес, ол әрбір құрылғы үшін драйвер (DataSource — DS деп аталған) немесе TWAIN- бірлескен драйверін қажет етеді. SIS (Image and Scanner Interface Specification) — бейне өңдеудегі бағдарламалар мен сканерлейтін құрылғылардың әрекеттесуін сипаттайтын тағы бір танымал стандарт. TWAINISIS –ден айырмашылығы сол, бағдарламаны өңдеу барысында құрамдар түрінде қолдануға болады. Бұл стандарт *PixelTranslations* фирмасымен өңделген. Бүгінгі таңда ISIS стандартымен көптеген сканерлер сүйемелденеді. Windows Image Acquisition (WIA, кей кезде WindowsImagingArchitecture деп аталатын) — Бұл *Microsoft* компаниясының драйверлер моделі, ол графикалық бағдарламалардың сканермен әрекеттесуіне ықпал етеді.

Сканердің рұқсаты шешімі (resolution) — бұл сканер есептейтін бейне детальдарының минималды өлшемдерін сипаттайтын параметрлер жиынтығы. Сканер рұқсаты әдетте дюмге пиксельмен өлшенеді (pixelperinch — ppi), яғни толықтүсті пикселдердің дюмге белгілі бір саны дегенді білдіреді.

Рұқсат сканер арналған тапсырмаларға сәйкес болуы керек. Фотосуреттерді сканерлеп, оларды мониторда көру мақсатында

сурет түрінде сақтау үшін дюймге 300 нүкте толығымен жетеді. Рұқсат оптикалық, механикалық және интерполяциялық болып ажыратылады.

Оптикалық рұқсат (optical resolution) сканер тани алатын көлбеу қалыптағы минималды нүкте өлшемдерін сипаттайды. Матрицаны түрлі-түстілік ақпараттарды есептеуде қолданылатын сканерде (мысалы планшеттік немесе беттітартқыш), бұл сипаттама матрица бойындағы элементтер санының жұмыс аумағының еніне қатынасымен анықталады. Сканердің басқа түрлері үшін (атап айтқанда, барабандық) ол фотоқабылдағыш элементтегі жарықты шоғырландыру мүмкіндіктерімен шектеледі.

Механикалық рұқсат (mechanical resolution) — бұл сканерленген күймеше жасайтын қадамдар саны, ол жүріп өткен жолына қарай бөлінген. Әрбір қадамда матрица ақпараттары есептеледі, осы арқылы параметр сканер тани алатын тік сызықты нүктелердің минималды өлшемдерін анықтайды. Кей кезде механикалық рұқсатты оптикалық деп те атайды, алайда бұл дұрыс емес. Мысалы, сканердің қандай да бір моделі үшін 300 x 1 200 ppi оптикалық рұқсат көрсетілсе, онда 300 ppi оптикалық рұқсат болып саналады, ал 1 200 ppi — механикалық. Әдетте, механикалық рұқсат оптикалықтан екі есе үлкен, тіпті 4 есе үлкен болатын модельдер де кездеседі немесе керісінше олар өзара тең болатын да жайттар кездеседі. ПЗЦ-матрица көлденең сызық рұқсаты бойынша оптикалықтан артық сканерлей алмайтындықтан, жетіспейтін нүктелерді косуда интерполяцияның математикалық әдістері қолданылады. (әйтпесе кез келген сканерленген шаршының тік сызықты өлшемі көлденең сызыққа қарағанда үлкен болар еді).

Интерполяциялы рұқсат — математикалық әдістер арқылы жасанды көбейтілген рұқсат. Сканерді жеткізіп беру жиынтығына кіретін бағдарлама, жетіспеген нүктелерді қосымша қосу арқылы бейнені осы рұқсатқа дейін аяқтауға тырысады (мысалы, шынайы рұқсатта 3 x 3 бағдарлама 9 x 9 береді). Бұл параметрдің сканердің шынайы физикалық параметрлеріне еш қатысы жоқ және бейнені өңдей бағдарламасын ғана сипаттайды.

Разрядтылық (түс кеңдігі) — түс сандарын немесе сұр түс renkтерін сипаттайтын параметр (сканердің түрлі-түстілігіне байланысты). Разрядтылық бейненің бір нүктесімен түс алу үшін қанша бит қолданылатындығын көрсетеді. Разрядтылық сыртқы және ішкі деп ажыратылады. *Ішкі разрядтылық* — сканердің ішкі операцияларындағы нүктелерді беретін бит саны (яғни АЦП сигналымен өткенге дейін және цифрлық түрге өзгеру).

Сыртқы разрядтылық сигнал АЦП арқылы өткеннен кейін түс биттігін анықтайды. Сканерлердің ішкі разрядтылығы әдетте 8 битті құрайды (256 сұр түстің 256 реңкі) күнгірткескінді сканерлер үшін және 24 бит (құрамдастарына 8 биттен, қорытқанда 16,77 млн түс) — түрлі-түсті сканерлер үшін. Ішкі разрядтылық әдетте сыртқы разрядтылықтан кем емес. Ішкі разрядтылықта қосымша биттер түсбергіштік дәлдігін жақсартып, бұрмалаудың түске әсер етуін төмендетеді.

Өндірушілер көңіл аударуға тұрарлық түрлі функциялы сканерлерді ұсынады, мысалы,

кіріктірілген слайд-адаптер, USB-ден қуаттану, ірі бейнелерді сканерлеу, жиынтықтағы жақтаулар құрамы, қағаздың максималды форматы, құжаттың максималды өлшемі (милли-

метрмен өлшенетін), слайдтың максималды өлшемі, автоматты беру құрылғысы (біржақты, екіжақты), кіріктірілген қатты диск сыйымдылығы, сымсыз немесе сыммен қосылу, бейнені flash жинағыштарда сақтау қабілеттілігі.

3.2. БАСПА ҚОНДЫРЫЛЫМДАРЫ

Баспа құралдары компьютердің перифериялық құрылғысына жатады, ол кез келген аумақта кәсіби түрде де, үй жағдайында да қолданылады. Баспа құралдарын өндірушілер жаңа «басу білдегін» шығаруда қолданушылардың келесі талаптарын ескеру керек: баспаның жылдамдығы, бейне сапасы, құрылғының сенімділігі және қолдану құны мен материалдық шығынның төмендеуі. Басу құралдарына принтерлерді, факстарды, көшірмелерді, көпжүйелі құрылғылар, плоттерлер (кеңформатты принтерлер), интернет-принтерлер, 3D баспадағы принтерлерді жатқызуға болады.

Принтер — бұл цифрлық ақпаратты қатты тасымалдаушыға әдетте қағазға басып шығаратын құрылғы. Принтер классификациясын көптеген нышандар қатары арқылы орындауға болады: көпжүйелі құрылғы; баспа технологиясы, баспа түрі (түрлі-түсті, қара-ала); баспа жылдамдығы; айыру қабілеттілігі; максималды формат; қосымша мүмкіндіктер. Принтерлерде бейненің пішінделу қағидасы растрлы дисплеймен сәйкес, сондықтан көптеген замануи принтерлер мәтіндік емес, кескіндік баспа режимін игерген.

Көпжүйелі құрылғы (КЖҚ) — бұл бір корпуста бірнеше құрылғыны біріктіріп тұрған құрылғы, ол көшірме жасау аппаратының, принтердің, сканердің, факсимильді құрылғының қызметтерін орындауға қабілетті және өндірушімен қарастырылған бірнеше қосымша қызметтерден де тұрады. Бұндай құрылғының артықшылығы қаражаттың, ресурстардың, алып тұрған кеңістіктің үнемделуінде, ал кемшілігі — бұзылған жағдайда оның барлық кіріктірілген құрылғылар қызметіне әсер етуі.

Заманауи принтерлерді салыстыра отыра, олар баспаның түрлі технологиясын қолданатындығын аңғаруға болады. Тіпті егерде сіз жарықдиодты баспаның лазерліктен, бүріккіштің қаттысиялыдан қалай ажыратуға болатындығын шамамен білсеңіз де, олардың нақты тапсырманы орындауда қайсысы ұтымды екендігін, ал қайсысымен қиындықтар тууы мүмкін екендігін айқын ескеріп білу күрделі. Өйткені принтердің әлсіз немесе мықты тұстары, оның кеңселік, өнеркәсіптік немесе тұрмыстық қолданысқа жарамдылығы, сонымен қатар оны иемдену құны, ең алдымен баспа технологиясымен анықталады. Негізінен баспаның алты технологиясы бар: матрикалық, бүріккіштік, лазерлік, жарықдиодты (LED), сублимациялық, қаттысиялық. Матрикалық принтерлер немесе соққылық типтегі принтерлер сұранысқа ие емес, өйткені баспа жылдамдығы төмен, сапасы нашар, басып шығарған кезде көп шу шығарады. Соққылы механизмнің жұмыс істеу қағидасы, яғни инелі баспатиектері (9, 18 немесе 24 дана) сиялы лентаны қағаз беттеріне соғады. Онымен қоса, қысылған білік қозғалыста болады.

Бүріккіш баспа. Бүріккіш технология түрлі-түсті баспаның жоғарғы мүмкіндіктерін және сапасын өамтамасыз етеді — дюймге 9 600 x 2 400 нүктеге дейін, бұл бейнені масштабтауға оң әсерін тигізеді. Заманауи жоғары сапалы бүріккіш принтерлер кең палитралы, бұл кез келген графикалық элементті, фотосуретті, растрлы клипартты немесе векторлық графиканы басып шығаруға мүмкіндік береді.

Арзан модельдерде көбінесе бар болғаны екі картридж қолданылады: біреуі кара-ала, басқасы – түрлі түстердегі үш бөліктен құралған — көптүрлі картридж. Дюзден түскен соң (дюз — баспатиектегі арнайы саңылау; сонымен қатар шүмек немесе бүріккіш деп те аталады), қандай да бір түске қатысты сия қағаз бетінде араласып, қажетті реңкті береді. Бұндай картридждердің кемшіл тұсы сол, егер үш түстің бірінде сия таусылып қалса, онда түрлі-түсті картриджді тұтастай ауыстыруға тура келеді. Сондықтан тек қажеттісін ғана өзгертуге болатын, бөлінген сиялықтар жүйесі ұсынылады.

Заманауи толыққанды түсті принтерлерде төрт бөлек картридж пайдаланылады: көгілдір (cyan), маджента (magenta), сары (yellow) және негізгі қара түс (key color). Төрт картриджді жүйе атауы сол түстердің алғашқы әріптерінен құралған - СМҮК. Сондай – ақ, 6, 9 және 12 түрлі-түсті кәсіптік сия бүріккіш принтерлер бар, олар түстің сапасында түйіршікті әсер болмауына барынша мүмкіндік береді. Принтердің құны түстің санына байланысты. (Бірақ, принтер мен картридждің құны бірдей келуі де туралы ұмытуға болмайды). Сұйық сия ұсақ сиялы камераларға түседі, ал ол жерден қысыммен дюз арқылы қағазға бүрікіледі. Камералардағы қысым қалай құралатынына байланысты оның бірнеше сия бүріккіш түрі анықталады: термобүріккіш, көпіршікті және пьезоэлектрлік.

Термобүріккішті технология көбінесе HP және Lexmark компанияларының принтерлері мен КФҚ-сында қолданылады: камералардағы сия қайнағанға дейін қыздырылып, бу қысымы арқылы дюзден итеріліп шығады.

Көбікті технология Canon компаниясымен кеңінен қолданылады, тамшылары бумен емес, газ көбігі арқылы шығуымен ерекшеленеді.

Epson өнімдерінің ішінде кең тараған *пьезоэлектрлік технология*, тоқтың күшімен өзгеріске түсіп, итеру күші рөлін табысты орындайды.

Сия тамшыларының көлемі пиколитрмен (пл) өлшенеді және жоғары сапалы заманауи бүріккіш принтерлерде 1-1,5 пл құрайды, бұл фотосуреттердің жақсы сапада басылып шығуын қамтамасыз етеді.

Сия тамшыларының көлемі неғұрлым аз болса, суреттегі реңдік өткелдері бірқалыпты болып түседі. Ашық жерлерінде түйіршік - растрлық құрылым көрінеді. Алайда бір толық парақты «зергерлік» әдіспен басып шығарса, жылдамдығы өте төмен болады, сондықтан қазіргі бүріккіш принтерлерді өндірушілер өзгерілетін өлшемді тамшылар технологиясын әзірледі. Ашық түсті жерлерінде принтер шағын тамшымен, қошқыл түсті жерінде – ірі тамшымен жұмыс істейді. Осылайша, жылдамдығы мен басып шығару қатынасы тегістеледі. Бүріккіш шешімдердің негізгі кемшіліктері – салыстырмалы төмен жылдамдық пен жоғары құнының ұштасуы. Қазіргі таңда *Hewlett-Packard*, *Canon* және *Epson* компанияларына бүріккіш принтерлердің жылдамдығын лазерлік принтерлерге және КФҚ — 30-35 с./мин. деңгейіне дейін асыруға мүмкіндігі артты. Бірақ осындай қарқынмен басып шығару сапасы сол өндірушілер шығаратын лазерлік моделіне

едәуір жол береді. Егер сіз жоғары рұқсатпен басып шығаруға арналған бүріккіш принтермен басып шығарғыңыз келсе, үрдіс шамамен 10-13 б./мин. жылдамдығымен басталады. Кеңселерде (ресурстарды үнемдеу тұрғысынан) КФҚ мен лазерлік принтерлерді сатып алуға ұсынады.

Лазерлі басып шығару. Лазерлі технологияның құндылығы ізтаңбалардың өте айқын және су мен күннің әсеріне тұрақты болып табылуында. Сәулені айқын және ықшамды шоғырландырудың арқасында жоғары рұқсаттамаға жеңіл қол жеткізуге болады. Лазерлі аппараттардың басып шығару жылдамдығы айтарлықтай жоғары, өйткені лазерлі сәуле бүріккіш принтердің басып шығаратын бастиегіне қарағанда тезірек жылжиды. Лазерлі принтерлер салыстырмалы түрде өте тыныш жұмыс істейді. Лазерлі принтерлердің тағы бір ерекшелігі – онда сұйық сияның орнына ұнтақ түріндегі тонер пайдаланылады. Тонер-картридждер кеуіп қалмайды және бірнеше жыл бойы (үш жылға дейін) сақталуы мүмкін.

Лазерлі технология басып шығарудың күрделі және жіңішке ұйымдасқан механизіміне арналған, ол болашақ ізтаңбалардың көзге көрінбейтін электростатикалық үлгісін жасау, содан кейін оны тонер бөлшектерімен «толтыру» және нәтижені қағазға түсіру үшін статикалық электр қуаты мен оптикалық жүйені қолданады. Ең алдымен қуаттаушы білік іске қосылады, ол фотобарабанның үстінгі бетіне біркелкі етіп теріс заряд жаяды. Одан кейін принтер контроллері барабанның үстіндегі бейне қалыптастыратын бөліктерді айқындайды. Бұл бөлшектер лазерлі сәулемен «жарқырайды» және олардағы теріс заряд жоғалады. Одан кейін беру шығыршығы тонер бөлшектеріне теріс заряд береді және оларды айқындау шығыршығына орналастырады, ол жерде бетіне біркелкі жайылып мөлшерлейтін жүзден өтеді. Енді фотобарабанмен жанасқан кезде олар теріс заряд жоқ жерлерді өздерімен толтырады. Нәтижесінде барабанда көрінетін бейне қалыптасады – оны тек қағазға басу және бекіту ғана қалады. Қағаз алдымен беру шығыршығына беріледі және оң зарядты қабылдайды. Фотобарабанмен жанасқан кезде ол тонердің бөлшектерін өзіне оңай тартып алады. Бөлшектер қағазда статикалық электр қуаты есебінен ғана тұрады; оларды орнында бекіту үшін бет фьюзерде өңдеуден өтеді. Фьюзер дегеніміз – бірі қағазды жылытатын, ал екіншісі оны төменгі жағынан басып тұрып, беттің үстінгі бетіне тереңірек басуға мүмкіндік беретін екі біліктен тұратын жүйе.

Лазерлі принтерлер мен КФҚ шығын материалдарының сапасына өте сезімтал, сондықтан тек түпнұсқа тонер-картридждерді қолдану ғана ұсынылады. Түпнұсқа тонерде басып шыға-


руда жоғары сапаға қол жеткізуге және принтердің қызмет ету мерзімін ұзартуға мүмкіндік беретін өте кішкентай бөлшектері бар. Дұрыс таңдалмаған тонер фотобарабанның үстіңгі бетін және принтердің жанасатын ішкі бөлшектерін сызып тастауы мүмкін.

Лазерлі басып шығарудың негізгі кемшіліктері – құрылғылар мен олардың картридждері бағасының жоғары болуы, электр қуатын артық пайдалануы, озонның бөлінуі. Ішкі құрылымының күрделілігіне байланысты лазерлі құрылғылар бүріккіштерге қарағанда жинақы емес. Лазерлі басып шығару кезінде озонның бөлінуін болдырмау мүмкін емес, өйткені лазерлі сәуле ауамен жанасқан кезде оттегі молекулаларын бөлшектейді. Сонда да өндірушілер адамға жағымсыз әсерін азайту арқылы ондай заттың мөлшерін азайтып отыр.

3D-Принтерлер. 3D-басып шығару — көлемі үлкен заттарды жасауға мүмкіндік беретін және идеяларды шынайы кескіндерге айландыратын инновациялық технология. 3D-принтерлердің қолданылу аясы: сәулет, медицина, дизайн, білім беру, ойыншықтар мен ойын-сауық, тұрмыста қолдану, өнер мен әшекей, инженерия. 3D-принтерлердің арғы атасы болып токарлық және фрезерлік станоктар саналады, өйткені олар да ауқымды кескіндер даярлайды. 3D-басып шығару интернеттен жүктеп алуға болатын, САПР қосымшасында өзің салуға болатын немесе шынайы бар объектіні сандықтау арқылы 3D-сканер көмегімен жасауға болатын (жиі STL форматындағы) 3D-модельді) сызба дайындаудан басталады. Қазіргі кездегі дәстүрлі басып шығару құралдарымен ұқсастығы бойынша 3D-принтерлерді екі санатқа бөлуге болады: лазерлік және сиялы. Өз кезегінде лазерлік 3D-басып шығару үш технологияның біреуі бойынша жүзеге асады (3.1 сурет):

- *жарықтандыру* — ультракүлгін лазер немесе лампа сұйық фотополимерді жарықтандырады, нәтижесінде ол қатайып, керекті кескінге айналады. Осындай әдіс арқылы жасалған бөлшекті қолдану алдында, артық сұйықтықтан арылу үшін оны жуып жіберу керек;
- *балқыту* — керекті формадағы бөлшекті балқыту үшін ұсақталған жеңілбалқытылатын пластик лазерлік сәуле әсеріне ұшырайды, одан кейін артық ұнтақ алынып тасталады;
- *ламинаттау* — негізінде бұл технология вафли даярлау үдерісін еске салады. Жұмыс материалдарының қабаттары бірінің үстіне бірі қойылып, біртіндеп көлемді бөлшек қалыптастырады, мұндағы лазермен кесілген әр қабат бірегей формада болады.

Сиялы 3D басып шығарудың екі технологиясы бар: қалыпты -басып шығаратын тетік көмегімен қыздырылған термопластик-



3.1-сурет. 3Б баспаның технологиясы:

1 — жарық түсіру; 2 — еріту; 3 — ламинатау; 4 — мүсіндеу; 5 — жапсыру

тің дозалануы іске асады, оның тамшылары ауада желімделіп сол сәтте қатып қалады; желімдеу — жұмыс материалы ретінде лазерлік балқыту технологиясында сияқты ұнтақ түріндегі пластик қолданылады. Тек сиялы басып шығаруда жеке бөлшектер бір-бірімен басып шығаратын тетік арқылы берілетін желім арқылы жабысады. Оған қоса желімге көбінесе бояғыш қосады, ол түрлі-түсті детальдарды басып шығаруға мүмкіндік береді.

3.3. ҰЙЫМДАСТЫРУ ТЕХНИКАСЫ

Ұйымдастыру техникасы (ұйымдастырушылық техника) — бұл құжаттарды дайындауға (мысалы, жазатын машиналар), олардың көшірмесін жасауға (көшірме жасайтын аппараттар), өңдеуге, сақтауға және автоматты түрде іздеуге (механикаландырылған картотекалар, іздеу жүйелері), сызба жұмыстарына (сызу аспаптары, штрихтау аспаптары) және есептеу операцияларына (электрондық микрокалькуляторлар, микро ЭЕМ), мекеме ішіндегі байланысқа және басқарма және инженерлік-техникалық жұмыстарды механикаландыру және автоматтау мақсатында қолданылатын т.б. техникалық құралдар кешені.

Ұйымдастырушылық техникаға келесі құралдар жатады:

- *таңбалау мәшинелері* — пошта жіберілімдеріне пошта маркаларын ауыстыратын белгілерді басу үрдісін механикаландыру үшін қолданылады, өйткені оларды жапсыру үрдісі гигиеналық емес, әсіресе жаппай хат-хабар жіберу кезінде;
- *мөрқалыптау мәшинелері* — жазбаша хат-хабарға (хаттар, пошта карточкалары) күнтізбелік мөрқалыптың баспа-таңбасын басуға және пошталық төлем (пошта маркалар) белгілерін өшіруге арналған;
- *түптеу мәшинелері* — бүктеу мәшинелері — мәтіннің белгілі бір бөліктері бойынша қағазды бүктеуге арналған; брошюралық мәшинелер; қағаз таңдау мәшинелері (коллаторлар) — қағаздарды таңдау мен сорттауға арналған; степлерлер мен сым тігін мәшинелері; ламинаторлар;
- *қағаз қиятын жабдық* — қырыққыштар, құжаттарды жоюға арналған мәшинелер;
- *офистік көшірме жасау* — көбейту техникасы — ризограф.

Ол сырттай жоғары класты көшірме аппаратына ұқсайды. Ризографта тираждау үрдісі көшірме жасау аппаратына ұқсас. Түпнұсқасы дюймге 600 нүктеге дейін рұқсаттамалық қабілеті бар сканермен саналады және сандық түрдегі бейне термо бастиегі бар басқару құрылғысына беріледі. Сандық ризографтар ДК-ге қосылуы және тікелей компьютердегі ақпаратты басып шығаруға жіберуі мүмкін. Термо бастиек түпнұсқаға сәйкес шебер пленкада — трафарет (шебер) жасалатын арнайы материалда ұсақ саңылауды күйдіреді. Дайын трафарет автоматты түрде ішіне бояуы бар сұғылған баспа барабанының үстіңгі бетіне созылады. Бояу шеберде ұсақ саңылаулар арқылы басылады және айналатын барабан арқылы өтетін қағазға тиеді;

- *презентация құралдары* (мультимедиапроектор, overhead) — интерактивті тақталар.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Сіз ақпаратты енгізудің қандай негізгі құралдарын білесіз?
2. Сканерлер қандай болады?
3. КФҚ кіретін негізгі құрылғылар қандай?
4. 3D-басып шығару технологиясының мәні неде?
5. Қандай қондырғылар ұйымдастырушылық техникаға жатады?

ЕСЕПТЕУІШ ТЕХНИКА ҚҰРАЛДА- РЫН САЛҚЫНДАТУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ЭЛЕКТРМЕН ҚУАТТАНДЫРУ. АППАРАТТЫҚ ПІШІН ҮЙЛЕСІМІ


4.1. САЛҚЫНДАТУ ЖҮЙЕСІ

Компьютердің салқындату жүйесі – компьютер компоненттерінің жұмыс процесінде қызып кеткен бөлшектерінен жылуды әкетуге арналған құралдар жинағы. Салқындату жүйесі пассивті және активті болады. Жылу ең соңында жоғалып кетеді. (4.1-сурет):

- атмосфераға (салқындатудың радиаторлық жүйесі):
 - ✓ пассивті салқындату (жылуды радиатордан әкету табиғи конвекция есебінен жүзеге асады);
 - ✓ активті салқындату (жылуды радиатордан әкету оны желдеткішпен үрлеу арқылы жүзеге асады);
- жылу тасығышпен бірге (сумен салқындатудың ағынды жүйесі);
- жылу тасығыштың фазалық көшуі есебінен (ашық булану жүйесі). Жылуды қызған элементтерден әкету тәсілі бойынша салқындату жүйелері ауамен (аэрогенді) салқындату жүйелеріне; сұйықтықпен салқындату жүйелеріне және фреонды құрылғыларға бөлінеді;
- ашық булану жүйелері;
- құрама жүйелер – ватерчиллер, Пельтье элементтерін қолданатын жүйе;
- салқындатудың стандартты емес жүйесі.

Ауамен салқындату жүйесі. Салқындату жүйесі системалық блок жұмысында маңызды рөл атқарады. Оның жұмысының принципі материалдың жылу өткізгіштігі есебінен немесе жылу түтіктерінің (немесе термосифон және булану камерасы сияқты олардың бір түрі) көмегімен жылуды қызған бөліктен радиаторға үздіксіз өткізуге құрылған.

Жылу өткізгіштікті арттыру үшін аралық жылу өткізгіш пасталармен толтырылады. Салқындатудың тиімділігі радиатордың жылу шашуының тиімді ауданына, температураға және сол арқылы өтетін ауа ағынының жылдамдығына байланысты.



4.1 сурет. Жүйелік блокты суыту жүйесі

Жылу бөлуі біршама төмен компоненттерге (чипсеттер, қуат көзі тізбегінің транзисторлары, жедел жад модульдері) әдеттегідей ең қарапайым пассивті радиаторлар орнатылады.

Радиаторларды жасау. Нарықтағы ең арзан және ең кең тараған *сығымдалған (сығып құйылған) радиаторлар*. Алюминий оларды өндіруде қолданылатын негізгі материал болып табылады. Радиаторлардың осындай түрлері қабырға беттерінің күрделі пішінін алуға және жылуды жақсы әкететін қасиеттерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін сығымдау жолымен (сығып құю) жасалады.

Қатпарлы (таспалы) радиаторлар бүктеліп оралған жұқа металл таспа радиатордың базалық тіліміне дәнекерлеу (немесе тұтастырғыш өткізгіш пасталардың көмегімен) арқылы бекітілу арқылы алынады. Бүктелген таспаның қатпарлары бұл жағдайда қабырғаның орнына жүреді. Жасаудың мұндай технологиясы сығымдалған радиаторлармен салыстырғанда бұйымды ықшамырақ етіп, бірақ та шамамен осындай жылулық тиімділікпен алуға мүмкіндік береді.

Тапталған (пішіні суықтай өзгертілген) радиаторлар — суық қысым қолдану технологиясы арқылы алынатын радиатор. Бұл технология стандартты тікбұрышты қабырғалар ғана емес,

радиатор бетін ерікті қима өзегі түріне айналдыру мүмкіндігін құруға береді. Қағида бойынша олар радиатордың алдыңғы екі түрінен қымбатырақ, бірақ олардың тиімділігі көбінесе едәуір төмен болады.

Құрама радиаторлар – қатпарлы радиаторлардың жақын туыстары. Бұған қарамастан оларда елеулі айырмашылық бар: радиаторлардың бұл түрінде қабырғалардың беті бүктелген таспадан емес, радиатордың табанына дәнекерлеумен немесе түйістіріп дәнекерлеумен бекітетін жеке-жеке жұқа тіліктерден құрылады. Радиатордың бұл түрі экструзионды және қатпарлыға қарағанда біраз тиімдірек.

Құюлы радиаторлар өндірісінде қысыммен баспақ-қалыпқа құю технологиясы қолданылады. Бұл қабырға беттерінің кез келген күрделі пішінін алуға мүмкіндік береді және бұл жылу беруді едәуір жақсартады.

Өңделген радиаторлар ең пайдалы және жақсартылған радиаторлар болып табылады. Мұндай бұйымдар тұтас дайындаманы (сандық бағдарламалық басқарудағы арнайы жоғары дәлдіктегі білдекте) жоғары дәлдіктегі механикалық өңдеуден өткізу арқылы жасалады және ең жоғары жылулық тиімділігімен ерекшеленеді. Өндірістік құны болмағанда радиатордың мұндай түрлері өзінің бәсекелестерін нарықтан әлдеқашан ысырып тастаған болар еді.

Жылу түтіктері. Жылу түтігі дегеніміз, ол тұйық булану-конденсациялық цикл бойынша жылу көзімен және ағуымен жылулық байланыста жұмыс істейтін саңылаусыз жылу тасымалдағыш құрылғы. Жылу энергиясы суытылған нысанда алынады және жылу түтігінің ішкі корпусында болатын жылу тасығыштың булануына жұмсалады. Жылу энергиясы ары қарай булану орнынан белгілі бір қашықтыққа буланудың жасырын жылылығы түріндегі бумен тасымалданады, онда ол будың конденсациясы кезінде ағып түседі. Пайда болған конденсат булану орнына қайта оралады – не капиллярлық күштердің әсерімен (жылу түтігінің ішінде арнаулы капиллярлық құрылымның болуымен қамтамасыз етілетін), не болмаса массалық күштердің әсері есебінен (мұндай конструкция әдетте термосифон деп аталады).

Жылу тасымалдаудың үйреншікті электронды механизмінің орнына (бірыңғай металл жылу өткізгіште орын алатын жылу өткізгіштік жолымен) жылу түтігінде тасымалдаудың молекулалық механизмі (нақтырақ айтқанда, ретсіз қозғалыстың кинетикалық және тербелісті энергиясын тасымалдау процесі) қолданылатын болып шықты.

Қулер (ағылшын тілінен алғанда *cooler* — салқындатқыш) — компьютердің жылу бөлгіштігі жоғары электронды компоненттеріне орнатылатын радиатор мен желдеткіштің жиынтығы. Құрылғының ең негізгі міндеті — салқындатылатын нысанның қызуын түсіру және оны белгілі бір деңгейде ұстап тұру. Бұған радиаторды үрлейтін ауа ағынының үздіксіз келуі есебінен қол жеткізіледі, яғни сәуле шығарудың тиімділігі төмен процесі тиімдірек процеске — конвекцияға айналады.

Микросхемалар термодатчиктермен жабдықталады. Термодатчиктер компьютердің маңызды тораптарының температурасын қадағалайды. Алайда желдеткіштің айналу жиілігін термодатчик арқылы автоматты түрде реттеу процессор үшін қатерлі болып шығуы мүмкін. Бұл жағдайда, егер термодатчик істен шығып қалса, желдеткіш қосылмай қалады.

Егер салқындату жүйесі процессорға орнатылса, онда процессорлық жалғағышқа (сокетке) көңіл бөлінеді. Салқындату үшін жедел жад әдетте жиынтықпен сатылады. Бейнекарта меншікті жүйемен жабдықталған, бірақ қосымша орнатуға болады. Қатқыл дискке де салқындату жүйесін сатады. Ауамен салқындату жүйесі желдеткіштердің айналым жылдамдығын өзгертуге мүмкіндік беретін айналымды реттеуішпен жабдықталуы мүмкін, сонысымен ол шуыл деңгейіне және ауа ағынына әсер етеді. Айналымды реттеуіш болмауы мүмкін және ол PWM (ендік-импульстік модулятор — желдеткішке берілетін қуат көзін динамикалық реттеу әдісі) үлгісінде болады.

Сұйықтықпен салқындату жүйесі. Мұндай жүйенің жұмыс істеу қағидаты жылуды қызған компоненттен радиаторға жүйеде айналып жүретін жұмыс сұйықтығының көмегімен беруге құрылған. Жұмыс сұйықтығы ретінде негізінде дистилденген су пайдаланылады, көбінесе бактерицидті және (немесе) антигальваникалық әсері бар қоспалары бар; кей кезде май, антифриз, сұйық металл немесе басқа арнаулы сұйықтықтар.

Сұйықтықпен салқындату жүйесі: сорғыдан — жұмыс сұйықтығының айналуына арналған соғыштан; жылуалғыштан (ватерблоктан, субблоктан, салқындату бастиегінен) — салқындатылушы элементтен жылуды алатын және оны жұмыс сұйықтығына беретін құрылғыдан; жұмыс сұйықтығының жылуын шашыратуға арналған радиатордан активті және пассивті болуы мүмкін); сұйықтықтың жылулық ұлғаюын компенсациялау, жүйенің жылулық инерциясын арттыру және жұмыс сұйықтығын құю және төгу үшін қызмет ететін жұмыс сұйықтығы бар сұйыққоймадан тұрады; құбыршек пен құбырлардан; түтік-

тің қабырғасы мен булану бетінің арасындағы температураның айырмасын мейлінше қысқарту үшін, сондай-ақ, жоғары меншікті жылу сыйымдылығымен, сұйықтық айналуының аз жылдамдығы кезінде контурда салқындатудың жоғары тиімділігін қамтамасыз ету үшін.

Фреонды құрылғы. Бұл булағышы тікелей салқындатылатын компонентке орнатылған тоңазытқыш құрылғы. Мұндай жүйелер үздіксіз жұмыс кезінде тоңазытылатын компонентте төмен температура алуға мүмкіндік береді, бұл процессорларды экстремальды таратып жіберу үшін қажет. Кемшіліктер: жүйенің суық бөліктерінің жылылығын оқшаулаудың және конденсатпен күресудің (бұл қоршаған ортаның температурасынан төмен температурада жұмыс істейтін салқындату жүйелерінің ортақ проблемасы) қажеттігі; бірнеше компоненттерді салқындатудың қиындығы; электрді тұтынудың артуы; күрделілік және қымбатшылық; ватерчиллерлер.

Жүйелер, сұйықтықпен салқындатуды қосып істейтін жүйелер және фреонды құрылғылар. Сұйықтықпен салқындату жүйесінде айналып жүретін антифриздердің мұндай жүйесінде арнаулы жылу алмастырғышта фреонды құрылғының көмегімен салқындатылады. Бұл жүйелер бірнеше компонентті салқындатуға арналған фреонды құрылғылармен қол жеткізілген (кәдімгі фреондарда бірнеше компоненттерді салқындату қиын) төмен температураны пайдалануға мүмкіндік береді. Мұндай жүйелердің кемшіліктері: олардың өте күрделі болуы және қымбатшылығы, сондай-ақ сұйықтықпен салқындатудың бүкіл жүйесін жылылықпен оқшаулаудың қажеттігі.

Ашық булану жүйелері. Бұл құрылғыларда арнаулы ашық ыдыста (стақанда) буланатын, салқындатылатын элементте тікелей орнатылған суық агент (жұмыс денесі) ретіндегі құрғақ мұз, сұйық азот немесе гелий қолданылады. Олар көбінесе компьютерлік ынтагерлер аппаратураны («оверклокингті») экстремальді тарату үшін қолданады, ең төмен температураны алуға мүмкіндік береді, бірақ жұмыс уақыттары шектеулі болады (стақанды суық агентпен үнемі толықтырып отыруды талап етеді).

Каскадты салқындату жүйелері. Бұл екі және одан көп фреонды құрылғылардың тізбектеліп қосылуы. Ең төмен температураны алу үшін ең төмен қайнау температурасы бар фреонды пайдалану талап етіледі. Бұл жағдайда бір каскадты тоңазытқыш машинада ең қуатты сығымдағышты қолдану есебінен жұмыс қысымын арттыру талап етіледі. Баламалы жол – радиаторды басқа фреонды құрылғымен салқындату (яғни, олардың тізбектеліп қосылуы), осының есебінен жұмыс қысымы төмендейді.

Және жүйеде кәдімгі қарапайым процессорлар пайдалану мүмкін болады. Бір каскадтыға қарағанда, каскадты жүйелер неғұрлым төмен температура алуға мүмкіндік береді және ашық булану жүйесіне қарағанда олар үзіліссіз жұмыс істей алады. Олар дайындау және реттеуге күрделі.

Пельтье жүйесінің элементтері. Компьютерлік компоненттерді салқындататын пельте элементі, компьютердің ыстық бөлігін суыту үшін қажет болса да, ешқашан дербес түрде қолданылмайды. Ережеге сай оны салқындатылған компонентке орнатады, ал басқасын жеке салқындату жүйесінің көмегімен (әдетте ауа немесе сұйықтық) оның бетін салқындатып барып орнатады. Компонент қоршаған ауа температурасынанда төмен температураға дейін салқындауы мүмкін, сондықтан, конденсатқа қарсы күрес бойынша шаралар қолдану керек. Фреондық қондырғылармен салыстырғанда Пельтье элементтері шағын және шу мен діріл жасамайды, бірақ айтарлықтай тиімді емес.

Жылуөткізгіш паста (термопаста). Термоинтерфейс (термопаста) — бұл жылуөткізгіш құрамының салқындатылатын беті мен жылу құрылғысы арасындағы (әдетте көпкомпонентті болып келеді) қабаты. Термоинтерфейстің ең көп тараған түрі жылуөткізгіш пасталары болып табылады.

Жылуөткізгіш құрам электрондық компоненттерді жасауда кең қолданылады, жылу техникасында және өлшеу техникасында, сонымен қатар жоғары мөлшерде жылу бөлетін радиоэлектрондық құрылғыларды жасауда да кең қолданылады. Термопаста процессорге жағылады, жоғарғы жағына кулер орнатылады. Процессорды іске қосқаннан кейін белгілі бір кезеңде паста буланады, демек, оны қайта жағу керек.

Термоинтерфейстердің мынадай түрлері болады: жылуөткізгіш паста тәрізді құрамдар; полимерлеулі жылуөткізгіш құрамдар; жылуөткізгішті жабыстырылатын құрамдары; жылуөткізгішті төсеулер; дәнекерлер мен сұйық металдар.

4.2. ЕСЕПТЕУІШ ТЕХНИКА ҚҰРАЛДАРЫН ЭЛЕКТР ТОҒЫМЕН ҚОРЕКТЕНДІРУ

Есептеуіш техника құралдарын электр тоғымен қоректендіру құралдарына қоректендіру блогы ғана емес, корпусның ішіндегі және сыртындағы бөліктері де жатады, үздіксіз қоректендіру көзі де (YKK) (UninterruptiblePowerSupply — UPS), желілік сүзгілер, сызықты тұрақтандырғыштар, зарядтау құрылғылары, ноутбук-

ке арналған адаптерлер, кернеу түрлендіргіштері де (инверторлар) жатады. Және де энергия жинақтауға қажетті құрылғылар: ұялы компьютерлерге арналған аккумуляторлық батареялар, аналық платаға арналған батареякалар, ҮКҚ арналған батареялар, сымсыз құрылғыларға арналған аккумуляторлар.

Компьютердің қоректендіру блогі. Компьютерді қоректендіру үшін ауыспалы кернеуі 220 В электр желісі пайдаланылады. Кез келген желіге енгізілген электр аспабы төмен және жоғары жиілікте айналасында электромагниттік өріс жасайтынын ұмытуға болмайды, сондықтан электр құрылғыларын жерге тұйықтау қажет. Физика курсынан белгілі электромагниттік өріс және статикалық кернеуі құрылғылардың жұмыс қабілеттілігін бұзады.

Жүйелік блокта электр энергиясының пайда болуын бір сипаттамамен жүзеге асыратын, ал электр энергиясына басқа сипаттамамен жүзеге асыратын қосалқы қорек көзі пайдаланылады.

Қоректендіру блогі — бұл электр энергиясы пайда болатын, айнымалы ток энергиясы келіп түсетін, компьютердің барлық аппараттық бөліктерін қоректендіруге арналған.

Мысалы: стандартты электрмен жабдықтау розеткалық желіде қоректендіру кернеуінің төмен кернеуі 60 Гц жиіліктегі 110 В білдіретін болса, ал кейбір қоректендіру блоктарында 110 В-тан 220 В-қа ауыстырып қосатын қосқыштары бар. Қоректендіру блогін 110 В-қа ауыстырып қосуға болмайды, өйткені ол істен шығып қалады.

Стандартты кіріс қоректендіруі 220 В, ал үнемі шығу тоғы +5, +12, +3,3 +5 В барлық микросхемалар мен электроникаларды қоректендіруге арналған. +12 В шығулар CD/DVD-жетектеріндегі немесе қатты дискілерде, желдеткіштерге электр қозғалтқыштарды қоректендіру үшін қолданылады. Әрине, барлық электр қозғалтқыштар немесе кез келген электрондық компонент тұрақты қоректендіруді қажет етеді. Оңтайлы кернеудің қалыпты жағдайдан ауытқу мәні $\pm 0,5$ В құрайды. Мысалы, 3,3 В-тан 3,8 В-қа артса, осы көзден қорек алатын компонентке шамадан тыс салмақ түсіп, жарамсыз болып қалуы мүмкін. Кез келген компьютердің қоректендіру блогінің басты параметрі оның қуаты болып табылады.

Бұл параметр жүйенің барлық компоненттердің тұтынылатын қуатына қарай, әрбір компьютердің ерекшеліктеріне қарай есептелуі тиіс. Қоректендіру блогінің қуатын дұрыс есептеу үшін оның жекелеген тораптарының параметрлері энергия тұтынуларын қосу қажет — процессор, бейнекарта және т. б. Әрбір

компоненттің тұтынылатын қуатын білуге жүйелік блокта орнатылған құрылғыларды өндіретін сайттар көмектесе алады. Барлық құрылғылардың тұтынатын қуатын қосқаннан кейін шыққан санға тағы да 15-25% қосу керек. Бұл қор қоректендіру блогі үнемі өте жоғарғы қуатта жұмыс істемеу үшін қажет. Осылайша оның пайдалану ресурсы ұлғаяды. Сондай-ақ ғаламтордағы арнайы автоматты есептеу калькуляторларын пайдалануға болады, мысалы мына мекенжайлар бойынша:

<http://www.coolermaster.outervision.com/>; <http://www.msi.com/service/power-supply-calculator/>; <http://www.thermaltake.outervision.com/>; <http://www.extreme.outervision.com/psucalculatorlite.jsp> Ұсынылған сайттарда жүйелік блоктың қуатын автоматты есептеудің тиісті жинақтауын таңдау керек, процессор, аналық тақта, ram, бейнекарта, винчестерлер, қосымша құрылғыларды қоса алғанда, орнатылған компоненттердің санын көрсету керек. Айта кету керек, барлық онлайн-калькулятор бірдей санамайды, кейде екі калькулятор арасындағы мәндердің айырмашылығы 100 Вт-қа шығуы мүмкін.

ATX (AdvancedTechnologyExtended) — дербес үстел компьютердің нысан-факторлары. ATX стандарты мынадай сипаттамалары анықтайды: аналық тақтадағы габариттік көлемдер; корпустағы ажыратқыш пен тесіктердің орналасуы жөніндегі жалпы талаптар; бірқатар ағытпалардың түрі мен ережесі (көбінесе қоректендіру); қоректендіру блогінің габариттік өлшемі; корпустағы қоректену блогі ережесі; қоректендіру блогінің электрлік сипаттамалары.

ATX қоректендіру блоктары АТ блоктарын ауыстыруға келген. Олардың арасында көп айырмашылықтар бар. АТ қоректендіру блогін АТХ стандарттық блогінің аналық платасымен қолдануға болмайды (дәлірек айтқанда, бұл қоректендіру блогін түрлендіру кезінде ғана мүмкін). АТХ арсында әртүрлі заманауи нұсқалары бар: АТХ12V, 1.3, 2.0, 2.01, 2.1, 2.2, 2.3, 3.31, сондай ақ SFX12V және TFX12V. Мысалы: АТХ12V1.3 (20-түйіспелі аналық тақтаға арналған ажыратқыш және процессорды қоректендіретін қосымша төрттүйіспелі ажыратқыш, ток+12В желісі бойынша және 10 А-ден кем емес), АТХ12V2.0 (24-түйіспелі ажыратқыш, процессорды қоректендіретін төрттүйіспелі ажыратқыш, кем дегенде+12 В-тық екі желілердің болуы) және АТХ12V2.3 (ұсынылған ПӨК дейін өскен, +12 В-тық ток желісімен 20 А-лік каналға өсуі мүмкін). Өйткені қазіргі компьютерлерде негізгі жүктеме +12 В желімен келеді, қоректендіру блогі стандарты АТХ12V 2.0 нұсқасын немесе одан жоғары.

АТХ қоректендіру блогін компьютерсіз бірталай жағдайда қосуға болады, мысалы, кернеуі 5В немесе 12В қолдан жасалған схемаларды қоректендіру үшін. АТХ қоректендіру блогін жүктемесіз қосуға үзілді-кесілді тыйым салынады. Егер өте қажет болған жағдайда CD/DVD-жетегін немесе қатты диск қосуға болады. Қоректену блогін шамадан тыс жүктеуге тағы болмайды. Қоректену блогында көрсетілген қуат ең шыңы болып табылады. Нақтылы ұзақ мерзімге рұқсат етілетін қуат әлдеқайда аз.

Қоректендіру блогінің кесімді қуаты — бұл блоктың ұзақ уақыт тұрақты бере алатын қуаты. *Шыңдық (шекте) қуат* — бұл блоктың қысқа мерзімге бере алатын қуаты. Блок таңдағанда оның шыңдық қуатына емес, нақтылы қуатына, яғни блоктың ұзақ уақыт тұрақты бере алатын қуатына назар аудару қажет. Жүйелік блоктағы әр қондырылым, бір немесе бірнеше кернеу каналдарына қосылып, олардан ток алатынын естен шығармау керек. Қоректену блогі бірнеше осындай жолдармен әртүрлі кернеулер береді. Негізгі жүктеме +12V қанауға келеді. Осы қанауларға процессор, бейнекарта, винчестер және компьютердің негізін қалаушы компоненттер қосылады. Сондықтан, қоректендіру блогында осындай қанаулардың бірнешеуі болғаны тиімдірек болады (+12V1, +12V2, +12V3, +12V4 және т.б.), ал олардың қосынды қуаты көбірек болғаны жақсы. Қоректендіру блогының қуаты ваттпен өлшенеді. Компьютер қуаттырақ болған сайын оның энергия пайдалануы көбірек және соған сәйкес қуаты жоғарырақ қоректендіру блогі қажет. Кеңселі және мультимедиялық компьютерлерге 500 Вт-қа дейін қуат жеткілікті. Үй компьютеріне өнімділігі жеткілікті бейнекартасы болса, қоректендіру блогының қуаты 600Вт-тан 1000 Вт-қа дейін болуы қажет.

Қоректендіру блогының үш түрі бар: стандартты, модульді және будандасқан.

Стандартты қоректендіру блогі — бұл қарапайым модель, онда барлық шоғырсымдар қоректендіру блогымен тікелей қосылған. Берілген сым арқылы ток бергенде жоғалту азаяды. Оның кемшілігі – жүйелік блокта шоғырсымдар арасында ретсіздік пайда болады, ол өз кезегінде ауаның еркін айналуына, салқындату жүйесінің әсерлі жұмыс істеуіне айтарлықтай кедергі келтіреді.

Модульдық қоректендіру блогында шоғырсымдар онымен арнайы жалғағыштар арқылы жалғанады, соның арқасында, пайдаланушы шоғырсымды қажеттілік болғанда ғана қосуға мүмкіндік алады. Модульдық қоректендіру блогын пайдалану, әркетке қосылмаған шоғырсымдардан құтылуға, тәртіпке

келтіруге мүмкіндік береді, жүйелік блок ішінде ауаның еркін айналуын қамтамасыз етеді. Модульді қоректендіру блогының кемшілігі тоқты сыммен бергенде жоғалтудың жоғары болатындығы.

Будандастырылған қоректендіру блогі өзінде стандартты және модульді блоктар артықшылықтарын үйлестіреді. Оларда неғұрлым маңызды шоғырсымдар тікелей қоректендіру блогына қосылған, ал қосымшалары – модульдік шешім жолымен. Сөйтіп, жүйелік блок ішінде шоғырсымдарды тәртіпке келтіруге қол жеткізіледі және сым арқылы ток бергенде жоғалту азаяды.

PFC (PowerFactorCorrection) — Қоректендіру блогында қуат коэффициентін дәлдеу (түзету) типі. Қуат коэффициенті — бұл пайдалы жұмысқа жұмсалатын (белсенді) қуаттың алынған қуатқа қатынасы. Оның неғұрлым «1»-ге жуық болғаны жақсы. Қуат коэффициентін дәлдеудің екі тәсілі бар: белсенді және бейтарап. Белсенді тәсілді пайдаланғанда, PFC коэффициентінің қуаты 0,95-0,99-ға жетеді, ал бейтарапта 0,7-0,75. PFC типін ДҚБ таңдағанда ескеру керек: қоректендіру блогының жұмысын бейтарап PFC қамтамасыз ету үшін қуаты тура сондай белсенді PFC салыстырғанда қуаты жоғары (шамамен 30 %) ДҚБ қажет. Сонымен қатар белсенді PFC қоректендіру блогі, төмендеген жүйелік кернеуге сезімталдығы төмен.

Қоректендіру блогының тағы бір маңызды параметрі – *пайдалы іс коэффициенті* (КДП/ПІК). Қоректендіру блоктарының ПІК негізінен 80% тең. Тең шектік белгісі бойынша ажыратады. ПІК 80%. Төмен қоректендіру блоктары, кеңселік жүйелерде пайдаланылатын, қарапайым бюджеттікке жатады. Ал ПІК 80%. Жоғары болғандарын ойын конфигурациясына жатқызады. Мұндай блоктар халықаралық 80PLUS сертификатқа ие. Өз кезегінде, 80PLUS стандартында BRONZE, SILVER, GOLD, PLATINUM категориялар бар. 80PLUS сертификаты — Energy 4.0. энергия сақтау стандартының бөлігі.

Негізінде қоректендіру блогының шуылы төмен болуға тиіс. Желдеткіштер қоректендіру блогының жан қабырғасына да, төмен жағына да орнатылады. Бағасы арзан қоректендіру блоктарында көбінесе желдеткіш айналымының автоматты реттеушісі ескерілмеген болады. Бұл желдеткішті шекті айналымында жұмыс істеуге мәжбүр етеді, содан шуыл пайда болып, кейде қатты қызып кетеді. Оның неғұрлым үлкендеу болғаны дұрыс, мысалы 120 x 120 мм. Мөлшерде. Қулардың мөлшері үлкен болса, оның жұмысынан шуыл аздау болады.

Кейбір қоректендіру блоктары қорғану жүйесімен жабдықталған: қысқа тұйықталудан (SCP); токтың артықтығынан (OCP); от кернеудің артуынан (OVP); кернеудің төмендеуінен (UVP); артық жүктелуден (OPP, OLP); қызып кетуден (OTP).

Ноутбуктер үшін қоректендіру блогі сыртқы жеке қондырылым ретінде орындалған. Ноутбукті қоректендіру жалғағыштарының көпшілігі ішкі жағымды өткізгішпен коаксиалды орындалған, бірақ кереғарлығы кері жалғағыштар да бар. Әдетте, ноутбуктер 18,5В немесе 19В кернеуден қоректенеді, кейде 15; 16; 19,5; 20 В немесе тіпті 24 В (*Apple*) кернеуліктері кездеседі. Қоректендіру блогі жеткілікті қуатты және қоректендіру кернеуіндегі айырмашылық 0,5В аспайтын, кереғарлық сәйкесетін жағдай болмаса, үйлеспейтін қоректендіру блоктарын пайдалану ноутбуктің істен шығуына әкеліп соғады.

Толассыз қоректендіру көзімен (ТҚК/ИБП) жұмыс істеу ережелері. Толассыз қоректендіру көздері компьютерлер мен мониторларды қорғауға және басқа да шеткері компьютерлік және есептеу техникасын электр қорегімен байланысты ақаулықтардан қорғауға арналған: жоғары вольттық лақтырулардан, электромагниттік және радиожіілік кедергілерінен, электр жүйесіндегі кернеудің жоғарылауы, төмендеуі, мүлдем болмай қалуынан. Компьютердің қоректендіру жүйесінің қуаты ТҚК қуатынан төмен болуына назар аудару қажет, өйтпесе, ол өзінің функцияларын орындамайды. Басқаша айтқанда, ТҚК қуаты қорғалатын қондырылымдар қуатынан 10-20% артық болуы қажет. Кейбір ТҚК сыртқы жүйе кернеуі жоқ жағдайда, жедел түрде ақпаратты оқу қажет болып және ТҚК мен жүктемені өшірмей аккумуляторды ауыстыру қажет болғанда, компьютерді қосуға (суық старт) мүмкіндік береді.

Толассыз қоректендіру көзінде келесі қондырылымдар бар: кернеуді жаңартушы (инвертор); сыйымдылығына апаттық жұмыс мерзімі байланысты болатын, аккумуляторлық батарея; тұзеткіш (зарядтау қондырылымы); импульстық және электромагниттік әсерлерді жою үшін ену сүзгіші.

Толассыз қоректендіру көзін топтастыру. ТҚК әртүрлі белгілері бойынша топтастыруға болады, атап айтқанда қуаты бойынша (немесе пайдалану аясы) және әрекет ету типі бойынша (сәулеті/құрылымы). Осы екі тәсіл өзара тығыз байланысты. Қуаты бойынша ТҚК келесі түрлерге бөлінеді:

- Аз қуатты (толық қуатты 300, 450, 700, 1000, 1 500 В · А, 3 000 В дейін · А, Online қосқанда);
- аз және орта қуатты (толық қуаты 3.5 кВ·А);

- орта қуатты (толық қуаты 5.10 кВ - А);
- үлкен қуатты (толық қуаты 10-1 000 кВ - А).

ТҚК топтастырудың екі типі пайдаланылады. Бірінші тип ТҚК екі категорияға бөледі: Onlineи Offline, олар өз кезегінде, резервтік және сызықты-интерактивті болып бөлінеді. Екінші тип бойынша үш категория ажыратылады: резервтік (Offline, немесеby), сызықты-интерактивті (будандастырылған — Line-Interactive) және қосарлы кернеу ауыстырғышы бар (Online).

Offline немесе Standby ТҚК жұмыс принципі, жүк (яғни тұтынушы) қандай да бір жүйелік сүзгіш арқылы қалалық электр жүйесімен байланысты болуында. Ену кернеуін өшіргенде ТҚК Offline жүкті инвертормен бірге орнатылған аккумуляторлардан қоректендіруге көшеді.

Мұндай көздердің кемшілігі: жақсы сүзгіштің және шығу кернеуінің тұрақтылығы жоқтығында, жүйеден жұмыс істегенде шығу кернеуі әрқашан ену кернеуіне тең; ТҚК кернеуінің болымсыз құлауы немесе лақтырылуы кезінде бірге орнатылған аккумуляторлардан жұмыс істеу режиміне ауысады; аккумуляторға және одан кері ауысуға жұмсалатын уақыт (болжанбайтын салдарлар кезеңі) 5,20 МС құрайды; кейбір жағдайларда ауысып қосылу мерзімі үш есе көбейеді; көптеген модельдер аккумулятордан жұмыс істегенде шығысында синусоидты кернеу түрін шығармайды.

Будандастырылған Line-Interactive әрекет принципі негізінде Offline балама, бірақ кейбір кедергілер түрін басуға және кернеудің ұзақ мерзімге құлауы немесе көтерілуі кезінде тұтынушылар жұмысын жақсартуға, бұл көздерде әртүрлі қосымша қондырылымдар қолданылады («бустерлер», «сызық кондиционерлері т.б.).

Будандастырылған ТҚК кемшіліктері Offline кемшіліктерімен бірдей. Сондай-ақ, кернеуді реттеуші тораптары шығу сигналын тұрақты бұрмалауды және болжанбайтын ауысу процестерін тудыруы мүмкін.

Online санатындағы қосарланған жаңартушысы бар толассыз қоректендіру көздері, өзіне түскен ену ауыспалы тогын 100 % тұрақты токқа ауыстырады (түзулейді), сонан кейін кері түзулеуді орындайды. Online электр жүйесінде пайда болатын кез келген кедергіні толық сүзеді, шығу кернеуі формаларын және шамаларын прецизионды тұрақтандыруды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, олар, токты жүйеден пайдалануды азайтып, жүктелу қуатын төмендетіп, коэффициентін түзейді. Соның арқасында қуатты қорғау автоматтарын орнатудың және басқа санаттағы ТҚК

колданған жағдайдағыдай, сымдарды үлкейтілген кесуді пайдаланбай, қуат коэффициентін түзеуге болады. Олардың аккумуляторлық батареяға көшуінде, шығу кернеуінде ауысу процестары мүлде жоқ.

ТҚК сипаттамасы: вольт-ампермен (V- А) немесе ваттпен (W) өлшенетін шығу қуаты; шығу кернеуі (вольтпен, V) өлшенеді; ауыстырып-қосу уақыты, яғни, ТҚК аккумулятордан қоректенуге көшу мерзімі (миллисекундпен, ms) өлшенеді; автономдық жұмыс уақыты-батареялар сыйымдылығымен ТҚК қосылған қондырғылар қуатымен (минутпен, мин.) өлшенеді; көптеген кәсіптік ТҚК 4-15 мин. тең; ТҚК аккумулятор батареясына ауыспай, қоректендіруді тұрақтандыра алатын кіру (жүйелік) диапазон ені (вольтпен өлшенеді V); аккумуляторлық батареялардың қызмет мерзімі (жылмен өлшенеді, әдетте қорғасынды аккумуляторлар өзінің сыйымдылығын үш жылдан соң жоғалта бастайды).

Кернеуді тұрақтандыру — шығуда бірталай үлкен тербелісте және жүктеменің қарсыласуында берілген шекте кернеу алуға мүмкіндік беруші, электроэнергиясын өзгерткіш.

Шығу кернеуі типі бойынша тұрақты ток және ауыспалы ток тұрақтандырғышта ажыратылады.

Жүйелік сүзгіш — бұл электрлік ұзартқыш, құрамында жоғары жиіліктегі кедергілерді және (индуктивті-сыйымды) кедергілерді басу үшін варисторлы LC –сүзгіш.

4.3. ДЕРБЕС КОМПЬЮТЕРДІҢ АППАРАТТЫҚ КОНФИГУРАЦИЯСЫ

Компьютерлік қондырғыларды жаңарту. Компьютерлік қондырғыларды жаңарту уақыты шектелмейді, пайдаланушы назарына компьютерлер мен толымдауыштарының, жоспарланған мәселелерді іске асыратын, үлкен таңдауын ұсынады. Компьютерді таңдау өлшемі оның өнімділігіне, функционалдығына, және қосымша мүмкіндіктеріне, яғни компьютердің кескіндемесіне негізделген.

Компьютердің кескіндемесі оның аппараттық және бағдарламалық құралдарының, әсіресе конструкциясының жиынтығы қосындысы мағынасын береді. *Компьютердің аппараттық кон-*

фигурациясы бұл жүйелік блок және шеткері қондырылымдардың негізгі толымдауыштарының өзара байланысты сипаттамалар қасиеті. *Бағдарламалық кескіндеме* тікелей аппараттыққа байланысты, сондықтан бағдарламалық қамтамасыз етуге сәйкес жүйелік талаптарды анықтап алу қажет.

Компьютермен шешуге жоспарланған мәселелерге байланысты оның кескіндеме типі анықталады:

- *кеңселік* — мәтіндерді теру, қарапайым есептеуді орындау, құжаттарды рәсімдеу, тұсаукесер дайындау, интернетпен жұмыс істеу;
- *мультимедиялық* — медиадеректермен жұмыс істеу (фото, бейне өңдеу, сақтау, редакциялау және аудиофайлдарды тыңдау), сыртқы қондырылымдардан ақпарат алу (сканерден, веб-камерадан, микрофон) және ақпаратты сыртқы қондырылымдарға шығару (принтерге, цифрлық камераға), ақпаратты интернетте орналастыру);
- *ойын* — күрделі үш өлшемді графиканы қолдау, ойындарды қатты диск және виртуалды образда сақтау мүмкіндігі;
- *үй* — көп мәселелік, компьютерде әртүрлі оқу және жеке мәселелерді шешу мүмкіндігі, сыртқы қондырылымдар көмегімен ақпаратты жылдам және шығару, интернетте жұмыс істеу және жоғары өнімділікті талап етпейтін ойындар;
- *ұтқыр* — жолда, орын аз бос кеңістікте жұмыс істеуге;
- *графикалық стансалар* — компьютерлік ойындармен 3D әзірлеушілер қолданады;
- *сервер* — өз ресурстарын жүйе пайдаланушыларға беретін компьютер.

ДК кескіндемесі оңтайлы және теңестірілген болуы мүмкін. Оңтайлы кескіндеме мағынасы — жинақталған кескіндемеде, пайдаланушыға алдына қойылған мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін, компьютердің бағасы мен өнімділігі ескерілуінде. Әр толықтауыштың өнімділік деңгейі әртүрлі — осы компьютердің теңестірілген кескіндемесін жасау негізі болып табылады. Жүйенің барлық компоненттер жұмысының жылдамдығы бір деңгейде болуға тиіс. Болмаса, ең жылдам элементтің әсерлілігі, ең баяуының көрсеткішімен шектеледі. Мысалы, ойын компьютерін жинақтағанда орталық процессорға қандай назар болса, графикалығына да сондай назар болуы керек. Процессоры баяу жүйелік блокқа жылдам бейнекарта орнатылса, оның есептеп

шығару қуаты толығымен пайдаланылмайды: процессор оны уақыт бірлігінде өңдеп шығаратын деректер санымен қамтамасыз ете алмайды.

Ашық сәулет принципі компьютер кескіндемесін және бағдарламалық қамтамасыз ету орнатуды «тапсырысқа» (build to order) таңдап алуға мүмкіндік береді. Пайдаланушыға өзінің меншік кескіндемесіндегі компьютер жинап алуға мүмкіндік беретін жартылай дайын өнім (barebone-системы) шығарылады, Barebone-жүйе, әдетте қоректендіру блогі алдын ала орнатылған, шағын қораптан тұратын жүйелік блоктан, аналық тақтадан (аталған қорапқа келтіріліп әзірленген), оңтайландырылған (аталған конструкцияға арналып) салқындату жүйесінен, оптикалық жетектен, жалғағыштардан тұрады. Barebone-жүйені әрекеттегі компьютерге қайта жасау үшін процессор, жады модулі мен қатты дискті орнату жеткілікті.

Компьютерді өздігінен жинау үшін кейбір фирмалар конфигураторларды өздерінің сайттарында ұсынады, мысалы http://www.fcenter.ru/sb_config. Бұл өте ыңғайлы функция, көрнекі түрде компьютерді және ілеспелі шеткері қондырылымдарды тілеген кескіндемеде құрып алуға мүмкіндік береді. Компьютер толымдауыштарын таңдау барысында құрастырушы шығатын жүйені және бағасын шығарып береді.

Жүйелік блокты жинақтау үшін компьютер толымдауыштарын дұрыс таңдауға олардың сипаттамасын және толымдауыш қондырылымдардың барлығының өзара сәйкестігін білу қажет. Компьютер үшін толымдауыштарды жинау платформа таңдаудан басталады (Intel, AMD), ары қарай процессор мен аналық тақта. Осы екі компонент, жедел жады мөлшерімен, компьютердің басты қасиеттері және өнімділігін анықтайды. Қазіргі уақытта қазіргі заманға сай тұқымдас процессорлар қол жетімді Intel (i3, i5, i7) және олардың қарсыластары AMD. Платформа таңдауынан аналық тақта мен процессордың моделі байланысты әрі процессор сокетінің нөмірі аналық тақта сокетінің нөмірімен сәйкес болуы тиіс (мысалы, s775, sl156). Процессорлар екі вариантта сатылады: BOX— бұл жинағында радиаторы, желдеткіші бар процессор, және OEM— бұл тек процессор. Көпшілік OEM сатып алуға тырысады, себебі шуылы азын немесе салқындату жүйесі әсерлісін өзі таңдап алу мүмкіндігі бар, бірақ OEM үшін процессор сокеті бойынша кулер таңдалуы талап етіледі. Кез келген аналық тақта сипаттамасында ол қолдайтын процессорлар тізімі болады. Компьютердің өзге толықтыруыштарын таңдау (жедел жады тақтасы, қатты диск және жетек) таңдап алған платформа типіне байланысты емес. Бұл құраушылар, барлығынан басқа, қосылу

интерфейсі типі бойынша іріктеледі. Аналық тақтаны таңдау кезінде оның ең заманауи түріне бағдарлану керек. Жад үшін қос өрістер болады — 2, 4, 6 немесе 8 слотты. Олар бір, екі, үш немесе төртарналы жадыға арналған. Жад арналары көп болған сайын оның өнімділігі де арта түседі. Қазіргі заманғы компьютерлерде платформаға қарамастан, DDR3 жады пайдаланылады, оның стандартталған бірыңғай қосу ажыратқышы болады. Кейде бірдей жиілігі, таймингілері, көлемі бар бір өндіруші тақтайшалары, бір партиядан көп арналы режимнен бас тартуы мүмкін және жүйе көк экранды көрсетеді. Таңдау кезінде көлеміне ғана емес, сондай-ақ ең аз таймингке және жоғары жиілікке назар аудару керек. Қазіргі заманғы қатты дискілер (HDD), DVD-жетектер, негізінен, әртүрлі буын SATA интерфейсін пайдаланады. IDE интерфейсі қазірдің өзінде іс жүзінде өткенге кетіп қалды. SCSI орнына келген SAS интерфейсі, негізінен серверлік платформаларда пайдаланылады. Әртүрлі контроллерлер аналық тақтада орнатылады, әдетте, олар PCI-E шинасына қосылады. Барлық қосылатын құраушылар қоректендіру блогынан қоректенуі тиіс, қоректендіру блогі үшін онлайн-калькулятор көмегімен оны жақсы таңдауға болады. Қоректендіру блогын таңдау кезінде шектіге емес, оның номиналды қуатына назар аудару керек. Қоректендіру блогі қуатын есептеу негізінде ҰҚК (үздіксіз қоректендіру көздері) таңдалады, ол компьютер қоректендіру блогына қарағанда қуаты бойынша 15-20%-ға жоғары болуы тиіс. Жүйелік блоктың корпусы барлық құраушыларды сыйдыруы тиіс, ал сыртқы интерфейс пайдаланушы сұраныстарын қанағаттандыруы керек.

Компьютер конфигурациясы мысалын қарастырайық.

1. Аналық тақта:

ASUS P8Z77-V LX (RTL) **LGA1155** <Z77> 2x**PCI-E** + Dsub + DVI + + HDMI + GbLAN SATA RAID ATX **4DDR-III**

2. Процессор:

CPU Intel Core i5-3570K 3.4 GHz / 4core / SVGA HD Graphics 4000 / 1+6Mb / 77W / 5 GT / s **LGA1155**

3. Кулер:

Thermalright TRUE Spirit 120M Cooler (4пин, 775 / **1155** / 1366 / 2011 / AM2 / AM3 / FM1, 17 — 28,5 дБ, 700 — 1 500 об/мин, Al+-тепл. тр)

4. Видеокарта:

2Gb <**PCI-E**> DDR-5 Gigabyte GV-N670OC-2GD (RTL) DualDVI + + HDMI + DP+SLI <GeForce GTX670>

5. Жедел жад:
2xKingston HyperX <KHX1333C9D3B1 / 4G> **DDR-III** DIMM
4Gb <PC3-10600> CL98Gb O3Y
6. Корпус және коректендіру блогы:
Chieftec CFT**650**-14CS + Zalman Z9 U3 (Plus)
7. SSD:
128 Gb SATA 6Gb / s OCZ Vertex 4 <VTX4-25SAT3-128G> 2,5"
MLC+3,5" адаптер
8. Қатты диск:
HDD 2 Tb **SATA** 6Gb / s Seagate Barracuda <ST2000DM001>
3,5" 7 200 rpm 64 Mb
9. Жетек:
NEC DVD RAM & DVDϣR / RW & CDRW Optiarc AD-7280S
<Silver> **SATA** (OEM)

4.4. СЕРВЕРДІ АППАРАТТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Сервер — бұл да компьютер, бірақ ол оған жалғанған басқа компьютерлерге кейбір қызметтер көрсетуге қабілетті. «Дербес» деген сөздің серверге қатысы жоқ, өйткені онымен көп пайдаланушылар жұмыс істейді.

Өндіруші-фирмалар орындау типі бойынша шығарылатын серверлер келесі санаттарға жиі бөлінеді: аса жіңішке (blade), классикалық едендік (tower), тірекке (rack) орнатуға арналған және масштабталулықтың (super scalable) жоғары дәрежесі бар. Аса жіңішке компьютерлер әр серверге бөлінген орынды үнемдеуге мүмкіндік беріп қана қоймай, сондай-ақ энергия тұтынуды азайтуға мүмкіндік береді. Едендік серверлер корпуста компоненттерді орналастыру кезінде жоғары икемділікті қамтамасыз етеді және оңай ұзартылады. Тіреуге орнату үшін серверлер деректерді өңдеу орталықтарында және сыртқы жадтың кіші жүйелерінде серверлік жүйелерді шоғырландыруға бағытталған.

Сервер түрлері. Серверлер шешілетін міндеттер санаты бойынша жіктеледі.

Веб-серверлер бір мезгілде сұраулардың үлкен санын өңдейді және оларға жауаптарды жылдам береді.

Қосымша серверлер ақпаратты өңдеуді жүзеге асырады, сондай-ақ қосымша жұмысы тәріздес клиентпен өзара әсер етеді.

Деректер қорларының серверлері транзакциялар (деректер базасымен дәйекті операциялар тобы) мен пайдаланушылық

сұрау салуларды өңдеу үшін пайдаланылады. Деректер базасы серверінің негізгі сипаттамасы — оның деректерді тез алу және пішімдеу қабілеті. Онда шешуші рөлді есептеу қуаты мен жүйенің ауқымдылығы атқарады.

Файл-серверлер желілік станцияларымен арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді және пайдаланушыларға файлдарға қол жетімділік береді және оларға жұмыс істеу үшін қажетті. Бұдан басқа, файл-серверлер әдетте деректерге рұқсатсыз қол жеткізуді шектейді. Сонымен, файл-сервер мен қосымшалар сервері арасындағы айырмашылығы, біріншісі бағдарлама және деректерді сақтайды, ал екіншісі бағдарламаларды орындайды және мәліметтерді өңдейді.

Прокси-серверлер локальді дискіде кэш-жадында жиі сұратылған ақпаратты сақтауы мүмкін, оны пайдаланушыларға интернетке қайталап өтініш жасамай тез жеткізеді. Прокси-сервер интернетпен корпоративтік интражелілер (мекеменің ішкі жеке желісі) түйісуінің өте танымал тәсіліне айналды.

Брандмауэрлер — бұл желіаралық экран, прокси-сервер тәрізді конфигурацияланған, жергілікті желі арқылы, сондай-ақ интернеттен де келіп түсетін желілік сұраныстардың белгілі бір түрлерін қабылдайды немесе қабылдамай қояды. Брандмауэр қауіпсіздікті қамтамасыз ету құралы болып табылады, оның негізгі міндеттеріне желіге келіп түсуге тырысушы деректердің әрбір фрагментін талдау жатады.

Пошталық серверлер прокси-серверге ұқсас. Пошталық сервер (кейде хабарламалар сервері деп аталатын) кіретін, сондай-ақ шығыс сұраныстарымен де айналысуы тиіс. Пошталық сервер міндеттерінің бірі — кіретін хабарлар мекенжайларын оқу мен интражелі шегінде тиісті пошта жәшіктеріне хат-хабарларды жеткізу. Пошталық сервер түріне байланысты, ол әкімшісіне жергілікті пошта жәшіктері, типтері мен хабарлама өлшемдерін үлкен немесе аз дәрежеде бақылауды ұсына алады, олар құрауға болатын автоматты жауаптармен ала алатын жағдайда және т. б.

DHCP серверлері Dynamic Host Configuration Protocol хаттамасының негізінде жұмыс істейді. IP мекен-жайды компьютерлерге қолмен беруге болады, сондай-ақ машиналардың бірінде осындай сервер іске қосылады, ол автоматты түрде әрбір локальді машинаға IP-мекен-жайын береді. DHCP серверінің негізгі артықшылығы — оны кеңейту, қосу немесе машинаны алып тастау кезіндегі локальді желінің конфигурациясын еркін өзгерту.

FTP серверлері File Transfer Protocol хаттамасының негізінде жұмыс істейді, ол интернетте файлдардың орнын ауыстыру кезінде стандарт болып табылады. FTP-серверлер қарапайым файл-

дық менеджерлер-клиенттердің жұмысын қолдайды. Сервермен бірқатар қосылыстарда бөлінетін кескінделенетін ресурстар, берілетін деректер саны және ең төменгі жылдамдығы шектеулері FTP-серверлер қауіпсіздігін арттыруға көмектесетін анағұрлым танымал құралдарға айналууда.

Принт-серверлер желіге қосылған компьютерлерге бір немесе бірнеше жалпы принтерлерде құжаттар басып шығаруға мүмкіндік береді. Мысалы, принт-сервер басып шығаруға жіберген құжаттарды өзінің қатты дискінде сақтайды, сапқа тұрғызады, оларды кезектілік тәртібімен принтерден шығарады.

Қашиықтан серверлерге қол жеткізу кеңсе желісімен, компьютерлермен, ноутбуктермен байланысуға, қажетті файлды электрондық поштаны, қажетті ақпаратты алуға мүмкіндік береді.

Факс-серверлер пошталық серверлерге ұқсас.

Терминалды сервер (terminal server) — клиенттерге міндеттерді шешу үшін есептеу ресурстарын (процессорлық уақыт, жад, дискілік кеңістік) ұсынатын сервер. Техникалық терминалды сервер — бұл өте қуатты компьютер (немесе кластер), ол желіде терминалдық клиенттермен жалғанған, олар, әдетте, аз қуатты немесе ескірген жұмыс станциялары немесе терминалдық серверге қол жеткізу үшін мамандандырылған шешімдерді білдіреді. Терминалды жұмыс үстелін ұсына отырып, сервер қашықтағы пайдаланушыға қызмет көрсетеді.

Мамандандырылған серверлерге Windows-ты жатқызады: Active Directory, Domain Name System, Exchange Server Remote Installation Services (RIS).

Әмбебап серверлер кең ауқымды міндеттерді шешу үшін пайдаланылуы мүмкін (пошта, firewall, WEB, деректер базасы және қосымшалар сервері және т. б.).

Бейне бақылау сервері уақытша тиімді бейнебақылау жүйелерін құру үшін тағайындалған.

Сервер құру процесі келесі кезеңдерді қамтиды: құраушыларын таңдау; ЖЖ таңдау және орнату; желіні баптау; қолданбалы бағдарламаларды баптау.

Кез келген компьютерден сервер жасауға болады, ол үшін арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуді орнату қажет. Бірақ кез келген компьютер сервердің барлық талаптарын орындауға қабілетті емес. Құраушыларын таңдау үшін серверлердің онлайн-конфигураторлары бар, мысалы http://brigo.ru/configurator_server/ мекен-жайы бойынша. Серверді құрастыру кезінде өнімділігі, сапасы мен бағасының үйлесімділігін ескеру керек,

яғни сервер балансталған болуы тиіс. Сонымен, сервердің масштабтау мүмкіндігі болуы тиіс, ал ол қуатын және топология өнімділігін арттыру дегенді білдіреді. Оны екі жолмен орындауға болады: бар серверлердің сыйымдылығын арттыра отырып, тік масштабтау арқылы немесе серверлерді топологияға енгізе отырып, көлденең масштабтау. Сонымен қатар, серверді құрастыру кезінде, жұмыс схемасының бас тартуға тұрақтылығына назар аудару қажет. Бас тартуға тұрақтылық — бұл жүйенің белгілі бір компоненттерінің істен шыққан жағдайда жұмысқа қабілеттілігін сақтау қабілеті. Ол неғұрлым әлсіз және күрделі компоненттерін қайталау арқылы қол жеткізіледі.

Сервердің бас тартуға тұрақтылық және тоқтап тұру уақытын азайту тәсілдеріне, бірінші кезекте, мысалы, RAID-массивтер технологияларын қолдануды (яғни қатты дискілерді қосарлау), суыту жүйесін қосарлауды, қоректендіру блоктарын қосарлауды жатқызамыз, ал кейбір жағдайларда ішкі жады жүйелерінің қосарлануын жатқызамыз.

Серверлердің құраушы компьютермен ұқсас элементтері бар (қоректендіру блогі, корпус, жад, процессор, аналық тақша, қатты дискілер және т. б.), бірақ мамандандырылған жадымен үйлесімді серверлік аналық тақшаға да назар аудару қажет. Иә, бірақ, кез келген мамандандырылғанмен емес, тек валидтелгенмен, яғни, өндіруші анық көрсеткенмен. Қоректендіру блогі да ерекше, себебі сервер 12 В кернеуі бойынша тоқты өте белсенді тұтынушы болып табылады. Дәл осындай кернеуде серверлік процессорлар үшін кернеу түрлендіргішінің жұмысы жүреді (Voltage Regulator Module — VRM), ал әрбір жеке процессор үлкен ток тұтынады. Сонымен бірге, корпусты таңдау керек, мысалы, өндірушілер 1U, 2U, 4U, 5U, Blade, Tower ұсынады, онда серверлік корпусы 1U, 2U, 3U, 4U, 5U үлгіде — бұл әмбебап тіреу жүйесі. Тіреуге немесе серверлік шкафқа монтаждалатын серверлік корпустың биіктігі, 1 U — unit қадамымен есептеледі (монтаждық бірлік) ол 1,75" тең. Стандартты корпус ені 19" құрайды. Заманауи серверлік корпусына 1U екі екіпроцессорлық аналық тақша еркін сыяды.

1U корпусы жінішке және бір бағанға серверлердің үлкен санын орналастыруға мүмкіндік береді. 2U серверлік корпусының кеңейту тақшасының ең көп санын орнату мүмкіндігі бар. Егер кеңейту тақшасының үлкен биіктігі бар болса, онда 3U серверлік корпусы немесе 4U серверлік корпусы қолдану қажет. 19-дюймді серверлерді пайдаланудың жоғары сенімділігі арқасында едәуір танымал болуда. Бұл жоғары және орта деңгейдегі жүйелер үшін

